

84905-4-4 RB
C-30



Жарасбай
Сүлейменов

Дала-бесік

Жарасбай
Сүлейменов

Дала-бесік



“Ф о л и а н т” б а с п а с ы
Астана-2009

С 90 Сүлейменов Жарасбай
Дала-бесік. — Астана: Фолиант, 2009. — 160-б.

ISBN 9965-35-707-2

Елдің шетіндегі, суық желдің өтіндегі, құстың канатын талдырған, тұлпардың тұяғын тоздырған кең-байтақ өңірді алып жатқан қазіргі Солтүстік Қазақстан облысынан да талай-талай ел бастаған көсемдер, от ауызды, орақ тілді шешендер, батырлар, ақын-жыраулар шыққан. Бұл кітап — сол дара тұлғалардың бойларындағы асыл қасиеттерді оларды бесік болып тербеткен туған жер төсінен іздеуге ұмтылыстан туған еңбек.

С 4702250201
00(05)09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-4

- 48582 - 420 © Жарасбай Сүлейменов, 2009
ISBN 9965-35-707-2 © «Фолиант» баспасы, 2009



*Осы еңбегімді әкем — Қабдолланың,
анам — Бағираның рухына,
өзіммен бірге туған
бауырларыма арнаймын.*

Автор

ГҮЛТӨБЕ

Әрқайсысы бір-бір елдің маңдайына татырлық саңлақтарды құндақтаған, алыптарға алтын бесік болған, ақселеуі айшық ашқан, жусаны жұпар шашқан, көлдері төңкерілген, қайың-терегімен көмкерілген, перзенттеріне кенпейіл мінез, кесек тұлғасын дарытқан қазыналы топыраққа халық «Гүлтөбе» деп ат қойып, айдар тағыпты. Гүлтөбе — Толыбай сыншының, Қожаберген жыраудың, Сегіз серінің атамекені, туған жері, өскен елі. Ендеше, талантты табиғат тудыратынын бұдан асыра айғақтау мүмкін бе өзі?!

«Гүлтөбе» деген сөз қайдан шыққан? Қожаберген мұрасын зерттеуге атсалысып, кезінде оның есімімен аталған қорды басқарған марқұм Ш.С. Смағұлов арғы-бергі заманнан бұрын Қожабергеннің туған жерінде шоқ-шоқ боп қалампыр иісті алқызыл гүлдер өскен, Толыбай сыншының Гүлтөбесі содан шыққан деген әңгіме жеткенін алға тартады. Бір ғажабы, гүлдер ойпанға қарағанда, екі көлдің арасына сыналай кірген, көз ұшындағыны шалатындай аумақты алып жатқан төбешікте калың өседі екен. Неге екені белгісіз, сол гүлдер өткен ғасырдың отызыншы жылдарында өзінен-өзі солып қалыпты.

Қожаберген Толыбайұлы 1663 қоян жылы нақ осы жерде, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының аумағында, батырлар мекенінде дүниеге келген. Олай дейтініміз, Орта жүздің Керей руынан тарайтын Толыбай сыншы да, XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дәулен де (Толыбайдың әкесі), арғы атасы Көшебе де батыр болған. Қожабергеннің:

*Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келінті Көшебеге?!—*

немесе:

*Ол соғыс Есім ханның тұсында өткен,
Қалмақты Дәулен атам қырған шеттен, —*

деуі содан. Осындай ел қорғаны болған асылдардың тұяғы Толыбайдың аты адамды, сол сияқты, атты, құсты және басқа жануарларды, гауһар, меруерт тастарды, қару-жарақты сынайтын қасиетімен ғана емес, болашақты болжай білетін көрегендігімен, қара қылды қажарған әділдігімен, шешендігімен, ел іргесі сөгілсе, қылышын қынабынан суырап ерлігімен де шыққан. Ол Гүлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып ел тыныштығын қорғаған, ордабасы — баһадүр атанған. Ел ішінде әлі күнге дейін Толыбай сыншыға телінетін нақыл, қанатты сөздер аз емес.

Ал Қожабергенге келсек, ол өзі:

*Көрші елге батырлықпен даңқы кеткен,
Сібірдің батыс жағын мекен еткен,*

*Керейде Толыбай сыншы кіші ұлы едім,
Жырларым қазақ жұртын елжіреткен, —*

деп жырлағандай, Толыбай сыншының көп ұлының (кей зерттеушілер Толыбай сыншының ұлдарының санын 20 деп көрсетсе, енді біреулері 23, 24 дейді) ең кенжесі.

Қожаберген Толыбайұлы ақын-жырау, әнші-күйші, сазгер ғана емес, ел тағдыры таразы басына тартылған қанмайдан жорықтарда қалың қолды бастаған батыр, балуан, мерген, сыншы, саятшы, он саусағынан өнер тамған шебер, емші, сауатты адам болған.

*Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп, —*

деген жолдар көп жайдан сыр ұқтырады. Бүгінде қожабергентану біраз ілгері басып, қалыптасып, тұлғаланып қалды десек, артық айтқандық болмайды. Оның өмірі мен еңбегі қазақ халқының алғашқы ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсаринді де қызықтырған. Ыбырай Алтынсарин Қожабергеннің атын 1879 жылы Орынбор баспасынан жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» жинағына енгізеді. Қожаберген мұрасына С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Көбеев, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, І. Омаровтардың да ден қойғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Сәкен Сейфуллин Қожаберген жырау мен Сегіз сері туралы поэма жазуға ниеттеніп, көп материал жинайды, осы мақсатпен 1927 жылы Қызылжар өңірінде де болады.

1983 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген еңбек

жарық көрді. Осы кітапта Қожаберген жырауға да орын берілген. Міне, содан бері Қожаберген Толыбайұлы туралы бірнеше кітап, жүзден астам зерттеу мақалалар жарық көрді. Дегенмен, дәл бүгін Қожаберген бабамыздың есімі мен ерлігі тарих қатпарларынан толық аршылып алынды деуге әлі ерте. Олай дейтініміз, зерттеулерде бір-біріне кереғар деректер әлі де кездеседі. Демек, «мың жорамалдан бір дәйек қымбат» дегендей, дауылпаз жыраудың ғылыми өмірбаянын түпкілікті тиянақтайтын мезгіл жеткен сияқты. 2000 жылдың 19-20 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен Қызылжар қаласында өткен «Қожаберген Толыбайұлының ел тарихындағы орны мен рөлі» деген тақырыпта өткен ғылыми-теориялық конференцияда негізгі баяндама жасаған академик, марқұм М.Қ. Қозыбаев та осы ойды қозғаған еді. Манаш Қабашұлы ендігі жерде белгілі ғалымдардың қожабергентану ісіне жегілуі қажеттігін, оның еңбектеріне текстологиялық талдау жүргізу керектігін қадай айтқан болатын. Содан бері де біраз уақыт өтті. Бірақ, Қожаберген мұрасын игеру замана талабы екенін түсініп, батыр бабаның еңбектерін уақыт коқысынан тазартуға жұмылып жатқан жас та, кәрі де көрінбейді. Олай болса, әзірше М.Қ. Қозыбаевтың өз сөзіне жүгінуге мәжбүрміз. «Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана емес. Ол 1688-1710 жылдары 22-23 жыл бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер. «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген ұлы жеңісті

шындаған стратег», — деп жазады Манаш Қабашұлы. Осы сөздерді XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі болған Бұқар жыраудың Қожабергенге арналған «Ғадыл ер» деген толғауындағы:

*Көшебе Керей ағасы,
Толыбай сыншы баласы,
Қол бастаған Қожекең,
Үш жүздің болды-ау данасы, —*

деген өлең жолдары да растай түседі. Бұқар жырау «Ұстазыма» деген толғауында: «Бата алған Бұқармын Қожаберген асылдан», — дейді.

Қожаберген жырау да «Елім-ай» дастанында Бұқар жырауды бауырына тарта сөйлейді:

*Шәкіртім — Сүйіндікте Бұқар жырышы,
Ол Бұқар — өзі ақын, өзі сыншы.
Ол-дағы қарап жатпас аттан салар, —
Сөзіне оның, халқым, құлақ түрші! —*

дейді. Осылай Бұқардың дана боларына сенген Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында: «Тізе қос, етек жиып, ес барында», «Ер емес жаудың туын құлатпаған», «Кеуденде шыбын жанын болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын», — деп халқын ерлікке, бірлікке үндейді. Ендеше, М.Қ. Қозыбаевтың жоғарыда айтқан конференцияда: «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген — ұлы жеңісті шындаған стратег. Қожаберген — батырлардың батыры, қолбасшы, Әз Тәукедей дананың оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны», — деп санкылдауы өте орынды.

Атақты тарихшы «Дауылпаз баба — Қожаберген» деген еңбегінде Қожаберген жыраудың

Әз Тәукенің тапсырмасымен «Жеті жарғыны» ақ былғарыға жазып, ханға табыс еткені туралы деректер келтіреді. «Халық арасында «Жеті жарғыны» Тәуке хан жазды деген сөз бар. Ал шын мәнінде, зерттеуші М.Е. Исламғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіренамасында жазғандай, «Жеті жарғыны» дайындауға Сасық (қарақалпақ) Мұхамед, Қоқым (қырғыз), Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірге сол кезде көзі тірі Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылкелді сияқты әйгілі билер мен ұлыс басшылары қатысқан. «Жеті жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі Қожаберген би екенін айту-тарихи әділдік болар еді».

Қожаберген жыраудың бүгінгі ұрпаққа аманат еткен әдеби мұрасы мол. «Күлдірмамай», «Қойлыбай көрген», «Қарасары Болат Керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл» сияқты дастандарын былай қойғанда, XVIII-XX ғасырларда қазақ халқының ұраны болған «Елім-айының» өзі неге тұрады?! Жеті бөлімнен, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастанында жырау 1723 жылдың апатын, халықтың қайғы-қасіретін, күйзелісін ашына жазады. «Елім-ай» — ел өміріндегі тұтас бір кезенді камтитын тарихи шығарма. Автор бұл еңбегінде Жоңғар империясының дәуірлеп, күшею себептерін, Әз Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас, алауыздықтың бет-пердесін ашады. «Елім-ай» дастанындағы:

*Әз Тәуке болса-дағы достыққа ынтық,
Сатпады көрші екі жұрт бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ жаудырғанда,
Найза ұстап, садақ тартып қарсы шықтық, —*

деген жолдардың да астарында көп ой жатқаны анық. Бұл арада әңгіме жоңғарлардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенінде болып отыр. Дастанда түрікпен, Қокан, Хиуа, Бұқардың қазақ еліне деген қастандығы, өзбек пен тәжіктің жаттығы әшкереленеді. Осы тұрғыдан алғанда, М.Қ. Қозыбаевтың тілімен айтсақ, «Оны тек «дастан» деу аз сияқты. Оның арнасы — кең ұлттың болу-болмауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттын сан ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, саяси қайраткерлерін жеке-жеке даралап, дүбірлеген оқиғалар болған жерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай» — шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» — ұлтымыздың «Илиада» мен «Одиссеясындай» эпикалық өміршен трагедиясы».

«Гүлтөбеден» басталған әңгіменің ауаны «Елім-айға» ойысып, тақырыптан ауытқып кеткендейміз бе, қалай? Халқымыздың асыл ұлдарының бірі Әлихан Бөкейхановтан қалған: «Тарихтық сарын екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны — соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны — жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған... сөздерінен білінеді. Анық тарих — осы екіншісі», — деген сөз бар. Олай болса, құрметті оқырман, біздің

Қожаберген жырау, оның «Елім-ай» дастаны туралы азды-көпті әңгімемізді Гүлтөбенің тарихымен байланыстыра қабылдағаныңызды қалар едік.

«Елдің атын ер шығарады» деп халқымыз бекер айтпаған ғой, Гүлтөбенің атын алысқа жайған жалғыз Қожаберген емес, бұл өңірді Сегіз сері де әнмен тербеген. Сегіз сері, шын аты-жөні Мұхаммедқанапия Баһрамұлы, 1818 жылы Гүлтөбеде дүниеге келген. Жоғарыда біз Толыбай сыншының 20 ұлы болғанын айттық. Солардың бірі Қарабас та үлкен әскербасы, батыр болған. Сегіз сері осы Қарабастан тарайды. Демек, ол да Толыбай сыншының ұрпағы, қолөнері, аңшылық, құсбегі-саятшылық, атбегілік, емшілік бұған да дарыған. Орыс тілін тез меңгеріп алған Сегіз сері оқуын Омбыдағы азиялық мектепте жалғастырады, әскери шен алады. Бірақ патшаға қызмет етуден бас тартады. Сол үшін қуғын-сүргінге ұшырайды. Айта берсек, Сегіз жайлы сөз көп. Бірақ, біздің мақсатымыз — оның өмірбаянын баяндап шығу емес:

*Гүлтөбе — Маманайым, туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жалаңаш, жалаң аяқ жар басында,
Көйлек шешіп, көбелек қуған жерім, —*

деп жырлаған Сегіздің де батырлар ордасы, қасиетті мекен Гүлтөбеден түлеп ұшқан қыран екенін жеткізу.

*Жер шарлап, салдық құрып думандатқан,
Құс салып, ит жүгіртіп дабылдатқан.
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт киіп,
Қол бастап кернейлетіп, шеру тартқан.*

Сегіз де тұстастарынан ерте дараланып, көзге түседі. Ел арасында Мұхаммедқанапия сегіз жасында үлкендермен бірге аңға шығып, киік атып алған деген сөз бар. Бекер сөз болмауы керек. Жүре-жүре оның басқа қасиеттері де ашылып, елге ақын, батыр ретінде танылады. Жерлесіміз, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романында: «Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдің аты шулы ақын-әншілері, жыраулары еді. Бәрі де атактынын атактысы — Сегіз сері ақынның мұрагерлері», — деуі (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан. — Алматы, 1975. — 164-б.) содан. Кезінде Сегіз серіні қазаққа қиғысы келмеген кейбіреулердің: «Ұлпан» көркем шығарма, Сегіз сері — жазушының қиялынан туған кейіпкер», — деп жазғаны есімде. Бос сөз, «Ұлпан» — деректі роман, ондағы кейіпкерлердің бәрі — өмірде болған адамдар.

«Күнделіктеріне» түртіп қоюына қарағанда, Ғабен кезінде Сегіз сері туралы кесек дүние жазбақ болған. Бірақ сол кездегі өктем саясат Сегіздің орыс патшасына, отаршылдыққа қарсы күреске қатысуы жазушының қолын байлай берген сияқты.

Сол сияқты, Жаяу Мұсаның, Сегіз сері жайлы ұзақ жырлар жазған Жанак, Өске ақындардың, Шығияз Жұбатұлының сөздерін қайда қоямыз?

Осы арада Сегіз сері мен Есенеіге қатысты Балғожа қарттан естіген тағы бір әңгімені баяндай кету артық болмас. Сегіз сері Кіші жүзден оралғаннан кейін 1850 жылы Есенеіге Аббас, Сәду дейтін екі жігітін жұмсап: «Босшұбар мен Қанкүрең қартайынқырап қалды, бір ат берсін», — дейді. «Батырдың қалауы қандай ат?» — дегенде Аббас сөзден мүдірмей:

*Орта жүздің ішінде,
Ашамайлы Керейде,
Балға батыр ұрпағы
Есенеі ерге сәлем де.
Есекең Сегіздей інісіне бір ат берсін.
Ат берсе, құйрық-жалы күзелмеген,
Ешқашан да мінілмеген
Мұз бел, бура сан құнақ берсін.
Беріктігі өзіндей болсын,
Күштілігі өгіздей болсын.
Сезгіштігі Есболдай болсын,
Сергектігі Бектастай болсын.
Берсе, Есекең Сегіздей інісіне
Осындай бір ат берсін.
Бермесе, табиғат Сегіз серінің
Қанкүреңі мен Бозшұбарына қуат берсін, —*

дейді. Есенеі Сегіз серінің сәлемін тыңдағаннан кейін өзі бас болып жайлымдағы жылқыға келіп, үш атты ұстатады. Содан, бұған дейін жүген-құрық тимеген асауларды өзінің жігіттеріне үйреттіріп: «Батырға сәлем айтындар, мына бозшұбарды алысқа сапар шеккенде мінсін, күренді бәйгеге қоссын, ал боз бестіні ел аралағанда ерттесін», — деп екі жігітті шығарып салады.

Есенеідің Сегіз серінің тілегін екі етпеуінің өзіндік сыры бар екен. Сегіз сері медреседе оқып жүрген кезінде аға сұлтан Есенеіге 15 арба бойы қорап тоқып береді. Ақысына бір бесті ат бермек болған Есенеідің шабармандары кейін Сегіз серіні баласынып, уәделерін ұмытып кетеді.

Сегіз серінің артына қалдырған мол әдеби мұрасын, әрине, зерделеу, зерттеу, ғылыми тұрғыдан талдау қажет. Қазірдің өзінде бұл

орайда едәуір іс тындырылғанын оқырман қауым жақсы біледі. Десек те, Сегіз жайлы қалам тербеген көрнекті ғалымдар Әлкей Марғұлан мен Қайым Мұхамедхановтың, жазушы-журналистер Есенкелді Жақыповтың, Нәбиден Әбутәлиев пен Төлеш Сүлейменовтің, тағы басқалардың еңбектеріне қайта-қайта үніліп, соларды салыстыра отырып, тарихи шындықты іздестірсе, артық емес.

Осындай бір ұмтылыс кезінде тарих ғылымының докторы, профессор марқұм Зұлқарнай Алдамжардың тарапынан жасалғанын айту зор ғанибет. Ол өзінің 2002 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Тарих: пайым мен тағылым» атты кітабында Сегіз сері туралы деректерді тарихи тұрғыдан тексеріп, ел ішінде айтылып жүрген шежіремен мұқият салыстырып шығады, дәлелді сөз айтады, кейбіреулердің көңілінде жүрген күдікті сейілтеді. Әсіресе, оның Сегіз сері мен Исатай Таймановтың қарым-қатынасына байланысты айтқандары ақылға қонымды. «Сегіз серінің атасы Шақшақтың шешесі Ақбота — атакты шешен Сырым батырдың туған апасы, Даттын қызы», — деп жазады ол (З. Алдамжар. Тарих: пайым мен тағылым. — Алматы, 2002. — 145-б.).

Осы еңбекте Сегіз серінің Исатаймен алғаш кездесіп, танысуына қатысты да тың деректер келтірілген. Кітаптың «Азаттық туы астында» деп аталатын тарауында тарихшы-ғалым соңғы кезге дейін осы ұлы бабаларымыздың, яғни Исатай батыр мен Сегіз серінің тікелей тағдырлас-тығы, ортақ мақсат-арманы, шынайы қимас достығы, ағалы-інілі сыйластықтары қалтарыста қалып жүргеніне қынжылыс білдіре келіп, олардың қайда, қашан, қалай кездескенін

тәптіштей баяндайды: «Ол (Сегіз сері — Ж.С.) Исатай, Махамбетпен алғаш рет 1833 жылдың жазында Қызылжар өңіріндегі Қоскөлге таяу жердегі Малдыбай ауылындағы тойда танысқан еді... Ашамайлы Керей Қырғыз қажы Малдыбайұлының Бектас деген баласы Исатайдың кенже қарындасы Патшайымға үйленіп, содан Қырғыз қажы құдасы Исатайды қонаққа шақырады. Исатай мұнда өзімен бірге батыр інісі Махамбетті де ерте келеді. Сол жолы Сегіз сері бұл үйге Исатай, Махамбеттердің үстіне келеді» (143-бет).

Осы жолдардың өзіме тікелей қатысы болғандықтан, Бектастың кім екеніне тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. Өйткені Бектас Қырғызұлы — менің ұлы атам. Ол туралы 2006 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясында» мынадай деректер келтірілген: «Бектас Қырғызұлы (1817-1866 жж.) Астрахань қаласындағы медресені бітірген соң, Қазанда жүріп заң, құқықтық білім алады. Көп жылдар бойы Омбы қаласында судья болып жұмыс істеген. Халық арасында қызыл тілді шешен және әділ би соты ретінде танымал. Ұлт-азаттық қозғалысының басшысы атақты Исатай Таймановтың кіші қарындасына үйленген. Бектастың әкесі Қырғыз Малдыбайұлы өлкенің беделді адамдарының бірі болған, қасиетті Меккеге жеті рет қажылық сапарға барған» (198-бет).

Алғаш рет осындай бір әңгіменің шетін Сегіз серінің өмірі мен шығармаларына қатысты деректерді жинаумен көп айналысқан, есімі облыс жұртшылығына кең танымал қадірменді қарт Балғожа Кенжеқозыұлының аузынан естіген едім. Ол кезде жастығымнан болар, қарт-

тың сөзіне онша мән бере қоймадым. Кейін Бектас атамның есімі алдымнан әлденеше рет шықты. Ол туралы кезінде Сәбит Мұқановтың баласы, тарих ғылымының докторы марқұм Марат Мұқанов та, жазушы Төлеш Сүлейменов те жазған екен. Бектас Қырғызұлы туралы деректерді көкшетаулық қаламгер, өлкетанушы Тортай Садуақасовтың «Ел мен жер» деп аталатын кітабынан да кездестірдім.

Міне, осы кітаптың «Құсмұрын округінің ел-жұрты» деп аталатын тарауында 1857-1860 жылдары жасақ жинау есебі жүргізілгені, онымен заседатель Коллежский айналысқаны туралы деректер келтірілген, мал-жанды қуәландырып, депутат Сұлтан Әбділдинмен бірге қол қойған билердің тізімі берілген. Сегіз сері елі деп көрсетілген Көшебеден тарайтындардың арасында Бектас Қырғызовтың да есімі бар. Оның тұсына би екенін айғақтайтын айрықша таңба қойылыпты.

Жоғарыда аталған авторлардың ішінде менің назарымды ерекше аударған атақты жерлесіміз жазушы Сәбит Мұқановтың ұлы Марат Мұқанов еді. Біріншіден, ол ел тарихын, шежірені көп зерттеген ғалым. Сондай-ақ, әкесінен естігендері де аз болмауы керек.

Марат Сәбитұлы 1998 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақстан тарихы» деп аталатын еңбегінде: «Кейде адамдардың тағдыры қызық та тағылымды болады. Көшебе Керейдің Жоламан бөлімшесінен тарайтын Малдыбай қазақ даласындағы ең бай адамдардың бірі еді, оның 17000 жылқысы болды. Оның ұлы Қырғыз мұсылмандардың қасиетті мекені Меккеге қажылық сапармен жеті рет барған... Қажылар ел арасында өте беделді болды. Тіпті,

жоғарыдағылар да олардың сөзін екі етпейтін. Қырғыз қажы да осындай адамдардың санатында болды. Ол ұлы Бектасты оқытты, білім әперді. Бектас (1817-1866 жж.) медресені тәмамдап, Астраханьда, Қазанда зангерлік білім алды, ұзақ уақыт Омбы қаласында судья болды. Ол Исатай Таймановтың кіші қарындасы Патшайымға үйленді», — деп жазады.

Тарихшы-ғалым одан әрі Бектастың бойшан, талдырмаш, өте сұлу адам болғанын жаза келіп, бұған дейін еш жерде айтылмаған бір қызық деректің бетін ашады. «Оған Арғын тайпасының Қаржас руынан тарайтын атақты Шорманның (1798-1843 жж.) қызы Зейнеп сұлу ғашық болды. Бектас Зейнепті екінші әйелі қылып алғысы келген, оған Қырғыз қарсы болады. Өйткені ол сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың айтырып қойған қалыңдығы еді» (105-бет).


Бұл қайдан шыққан сөз, қайдан табылған дерек деп көп сұрастырдым. Қызылжардағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері Социал Жұмабаевқа да: «Сіз мұрағаттарда жиі боласыз ғой, мүмкін, менің аталарым туралы деректерді де көзіңіз шалып қалар, байқай жүріңізші», — деп тілек білдірген едім, жақында Сәкең хабарласып, Омбының мұрағатында біраз жұмыс істеп келгенін айтып, Қырғыз атама қатысты екі деректі ұсынды. Оның біріншісі — Омбы мұрағатының №374 қорынан алынған «Құсмұрын округі бойынша сұлтандардың, билердің, старшындардың, құрметті қазақтардың 1850 жылғы тізімі». Он бір адамнан тұратын осы тізімге менің атам Қырғыз Малдыбайұлы Шыңғыс Уәлихановтан кейін тоғызыншы болып енгізіліпті. 1795 жылы туған Қырғыз Малдыбайұлы 1831-1843 жылдар аралығында болыс

болған, 1844 жылы патша үкіметінің прапорщикі болып тағайындалыпты.

Осы тізімде оның 1791 жылы туған Жанабай деген ағасы да жүр. Жанабай Малдыбайұлы 1835-1841 жылдары ауыл старшинасы қызметін атқарыпты.

Енді Зейнептің (Шоқан Уәлихановтың анасы — Ж.С.) Бектас Қырғызұлына ғашық болғанына келсек, осыған көп күмәнім бар еді. Маған біздің тұқыммен Уәлихановтар әулетінің жолы ешқашан түйіспегендей көрінетін. Жок, олай емес екен, Аманқарағай округтік приказының аға сұлтаны Шынғыс Уәлиханов Қырғыз Малдыбайұлын өте жақсы біліпті, араласқұралас болыпты. Өлкетанушы Социал Жұмбаев ұсынған екінші құжат осыны дәттейді. Осы арада Шынғыс Уәлихановтың 1840 жылдың 20 ақпанында Ресей үкіметінің басшылығына жолдаған баяндау хатынан үзінді келтіре кетейін: «Аманқарағай округіне қарасты Көшебе Керей болысының заседательдері Тәбей Барлыбаев, Қырғыз Малдыбаев және Қанжығалы болысының заседатели Чареке Мендекин болыстар басқару жөніндегі Ресей үкіметінің барлық тапсырмаларын мүлтіксіз орындауда. Осыны сіздерге жеткізуді өзімнің борышым деп білемін», — дей келіп, Шынғыс Уәлиханов жоғарыда есімдері аталған болыстарды мақтау қағаздарымен марапаттауды сұрайды. Осы жайларға қаныққаннан кейін Марат Мұқановтың жазғандарына бекерден-бекер шүбә келтіргенімді түсіндім.

2007 жылдың жазында Солтүстік Қазақстан облысына бір топ ақын-жазушыларды бастап келген белгілі ақын, Алматыдағы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемо-



риалдык мұражайының директоры Әділғазы Қайырбековпен кездескенде М. Мұқановтың мұрағаты жайлы сұраған едім. «Ол кісінің жинаған-тергені көп еді, өзі қайтыс болғаннан кейін отбасы әне-міне мұражайға өткіземіз деп жүргенде бәрінен айырылып қалды, — деген Әділғазы Марат Мұқановтың құжаттармен жұмыс істеуде өте ұқыпты болғанын айтып: — Ол кісінің назарына іліксе, кездейсоқ емес, шындық, тағы бір жерден шығып қалуға тиіс», — деп мені жұбатқандай болған.

Сегіз сері мен Бектастың достығы — өз алдына, олар бір атаның балалары. Жабай батырдың баласы Токсан бидің таратуынша, Ораз сардардан Жоламан мен Таузар туған. Сонда Сегіз сері мен Бектас алты атадан қосылады.

Ал Исатай мен Қырғыз қажы қалай танысып жүр дегенге келсек, бұл екеуі де Омбы губернаторы жанындағы шекаралық комиссияның мүшелері болған. Кейін осыған қатысты құжаттарды Омбы облысының мемлекеттік мұрағатынан іздемек болған талабым нәтижесін бере қоймады. «Кезінде мұрағатты өрт шалған, сонда көп құжаттар жойылып кетті, солардың арасында болуы мүмкін» деген жауапқа тосылып қалсам да, Бектас, Қырғыз қажы есімдерінің бертін жарық көрген материалдарда ара-тұра болса да қылаң беріп жүргеніне қарағанда, аталарымның тарихта ізі бар сияқты.

Қазір біз Кіші жүз қайда, Орта жүз қайда деп байтақ елдің әр киырында жатқан қазақтарды бір-біріне жақындатуға жүрексініп тұрамыз. Ал шын мәнінде, олар өз заманында мидай араласып жатқан. Тарихшы-ғалым Зұлқайнар Алдамжар жоғарыда біз келтірген кітабында Толыбай сыншының өз нағашысы, Қожаберген

жыраудың түпнағашысы Кіші жүз Әлім руының Төртқара әулетінен шыққан атакты Жалаңтас баһадүр Сейтқұлұлы ұрпағынан екенін анықтай түседі. «Қожаберген жырау бала кезінен бастап нағашы жұртында тәрбиеленіп, Үргеніш, Бұқара, Самарқанда білім алыпты» (146-бет). Олай болса, Сегіз серінің басына қатер төнгенде ата-бабалары ежелден қарым-қатынаста болған Кіші жүзге шығып кетуі — соншалықты түсіндіруді қажет етпейтін жәйт.

*Кіші жүз Алшын ішінде,
Он екі ата Байұлы,
Жайық Беріш баласы.
Бұқара қазақ ағасы
Басқадан артық бағасы.
Исатайдай батырды
Мен Сегіз бүгін жақтадым, —*

деуі — оның халықтық көтеріліс кезінде Исатайдың жанында болғанынын бұлтартпас дәлелі.

Толыбай сыншы, Қожаберген жырау, Сегіз сері сынды санлақтарды құндақтаған Гүлтөбе — Маманай, Көшебе, Ораз, Таузар, Жоламан, Дәулен сынды батырлардың да алтын тұғырына айналған қасиетті мекен. Содан да бұл өңірге ат басын тірегендер Гүлтөбеге, Қожаберген жыраудың мәңгілік мекеніне соқпай кетпейді.

СЫРЫМБЕТ

Жергілікті тұрғындар үшін бұл өңірдің бірақ атауы бар сияқты. Таудың аты — Сырымбет, ауылдың аты — Сырымбет, көлдің аты — Сырымбет...

Сырымбет — казактың біртуар ұлдарының бірі, ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың атақонысы. Бұл жөнінде Шоқан Омбыдағы Кадет корпусында оқып жүргенде танысқан, кейін айнымас дос болып кеткен белгілі орыс ғалымы, жиһангез Г.Н. Потанин: «Уәли ханның екі қыстауы болған: бірі — Көкшетаудың шығыс жағындағы Хан көлінде, екіншісі — Сырымбетте» (Г.Н. Потанин. Этнографиялық жазбалар), — деп жазған. Заманында бұл өңірге талай зиялылар ат басын тіреген. Солардың бірі, Дала комиссиясының мүшесі ретінде Қазақстандағы зерттеу жұмыстарына қатысқан Бас штабтың офицері А.К. Гейнс 1865 жылдың 13 тамызында күнделігіне: «...Жанадан ашылған Айыртау станциясынан... көлік ауыстырып мініп, Шыңғыс қыстауына бет алдық. Жолы қилы-қилы. Сүрлеу соқпақ біресе орман ішімен, біресе айналасын тоғай тұмшалаған көгорай шалғынмен алып жүреді, енді бірде айдын көлдің (Айыртау станциясынан 20 не 15 шақырымдай әріде... Кривое (толық аты — Кривоозерное, қырғызша — Саумалкөл) аралығындағы жотаға көтеріліп кетеді» (А.К. Гейнс. Күнделік// Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы. — Алматы, 1968. — 258-б.) деген жолдарды түсіреді. А.К. Гейнс Уәлихановтар атамекенімен үй іші жабдыктарын да барынша толық суреттейді: «...Ылдиға қарай түсе бергенімізде кәдімгі біздегі орта қолды помещиктердің

дәстүрінде салынған бірнеше үйлер мен мешітті көзіміз шалды. Шыңғыс пен әйелі екеуі тұрған үйдің жиһазы помещиктер үйінің жиһазына ұқсайды... Қонақ бөлмесіне Гарднер немесе Корнилов вазаларын қоюдың орнына қытай вазалары қойылған, столда үлкен шам, диван және тағысын-тағылар. Едендеріне ташкент және парсы кілемдері төселген. Мебельдерге жолбарыс, барыс, аю терілерін жапқан. Жалпы көрінісі көңілге жағымды әсер етеді» (А.К. Гейнс. Әдеби еңбектерінің жинағы. 1-том, 1895. — 265-б.).

Григорий Потанин 1895 жылы Сырымбетке тағы соғады. Нақ осы сапарында көргендері мен көңілге түйгендері оның «Ең соңғы қырғыз ханзадасының киіз үйінде» деген еңбегіне арқау болған. «Шыңғыс Сұлтанның мекенжайы үш қосалқы үй мен бір үлкен шонжар үйінен құралған. Қыс мезгілінде үлкен үйде кенже ұлы Қоқыштың отбасы мен Шыңғыс сұлтанның өзі, қосалқы үйлерде — Мақы, балаларымен қосылып Жакыптың тастаған әйелі (әуел баста Шоқанның зайыбы болған) және молда тұрады» (Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы. 4-том. — 290-б.).

Сырымбеттің шын сырын ашатын бір адам болса, ол — Шоқанның өзі, оның тікелей нұсқадан салған «Сырымбеттегі Айғаным мекенжайы», «Мекен-жайдың шығысынан қарағандағы көрінісі», «Сырымбет аулында шенеунікті қарсы алу», «Ханшаның ескі үйінің сипаты» сияқты суреттері мен «Сырымбет тауы», «Сырымбет тауы мен оның төңірегінің схемалық картасы», «Сырымбет тауы төңірегіндегі қазақтардың қыстаулары мен жайлауларының схемалық картасы» сияқты топографиялық жұмыстары. «Шоқан Сырымбеттен өзге тақырыпқа

бұлайша қайталап қалам тартпаған, сан рет сипаттап суретін салмаған» (Әлкей Марғұлан). Бұдан қандай ой түюге болады? Сырымбет — Шоқанның алтын бесігі, оның өмірі осы өңірдің өткенімен және бүгінгі тіршілік-тынысымен тығыз сабақтас. Оның балалық шағы Сырымбетте өткен, даналық шыңына сапары да нақ осы қасиетті мекеннен басталған. Осы арада Шоқан Құсмұрында емес, Сырымбетте туған деушілердің де аз емес екенін айта кету артық болмас. Бұл сөздер де негізсіз емес. Шоқанды терең зерттеген ғалым Әлкей Марғұлан Г. Потаниннің, басқа да Шоқанмен тығыз қарым-қатынаста болған орыс зиялыларының еңбектеріне сүйене отырып жазған «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі» деп аталатын көлемді очеркінде П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің: «І Александр Уәлиханның жесіріне үлкен ілтипат көрсетіп, қырғыз сахарасында оған үй салдыруға әмір еткен, Шоқан Уәлиханов сол үйде туған» (Тянь-Шаньға саяхат» мемуарлары. 2-том, 1946. — 54-б.) деген сөздеріне сілтеме жасайды. Алайда осы очерктің 2-бөлімінде «Шоқан Уәлиханов (дұрыс есімі — Мұхаммедқанапия, ал Шоқан — анасының еркелетіп қойған аты) 1835 жылы ноябрь айында Құсмұрын бекінісінде туған», — деп жазады. Осылай Шоқанның туған жері туралы оқырманға екі-үдай ой тастайды да, оны әрі қарай қазбаламайды. Әлде, атақты ғалым ақиқатын кейінгі ұрпақ өзі анықтай жатар деді ме екен? Қалай десек те, Шоқан тақырыбына қалам тартқан зерттеушілер негізінен Әлкей Марғұлан айтқан ойларды ғана шиырлап, осы мәселені орап өтіп жүр.

Кейбір зерттеушілер жазып жүргеніндей, П.П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқанды сырттай танып-білген адам емес, 1856 жылы көктем-

де Омбыда танысқаннан кейін Шоқанмен орыстың көрнекті ғалымы, географ П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің өмір жолдары жиі-жиі тоғысып отырады. Шоқанның орыс халқына көңілі қандай таза болса, П.П. Семенов-Тянь-Шанский де қазақтардың өмірін, мәдениетін ерекше зейін қойып зерттеген, қазақ халқының ең озық ойлы өкілдерімен тығыз байланыста болған. Ғалымның 1857 жылы Омбы арқылы өтіп бара жатып, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфортқа қазақ халқының тағдырына қамқорлық көрсетіп, мүдделерін қорғауды, қазақтарды басқару тәртібінің жақсартылуын талап етуі, «әділетті қарым-қатынасты баянды етуге» (М.К. Юрасова. Омбы тарихының очерктері. — Омбы, 1954. — 54-б.) себепкер болғандай тәртіп орнату жөнінде кеңес беруі де көп жайдан хабар беріп тұрған жоқ па?

Атақты ғалымның өзінің еңбектерінде Шоқанмен кездесулеріне көп орын бөлуін де кездейсоқтық деуге келмейді. 1946 жылы Мәскеуде жарық көрген «1856-1857 жылдардағы Тянь-Шаньға саяхат» деп аталатын кітабында Петр Петрович Ш. Уәлихановпен кездесулерін былай еске алады: «Аз ғана уақыт Омбыда болған кезімде мен қаланың алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен танысып үлгердім. Бірақ солардың ішінде Омбының Кадет корпусын жуырда ғана бітіріп шыққан талантты екі жас офицерге (әңгіме Шоқан Уәлиханов пен Григорий Потанин туралы болып отыр — Ж.С.) әсіресе ықыласым ауды, олар менімен танысудың жолын іздеп жүр екен». Осылай дей келіп П. П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқанның асқан дарындылығына, терең біліміне ерекше тәнті болғанын жазады. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов

менің ықпалыммен Петербургтегі университетте лекция тындап, француз және неміс тілдерін жақсы меңгерді. Шығыстың, әсіресе, қырғыз тектес халықтардың тарихы жөнінде көп білетін тамаша оқымысты болып шықты» (П.П. Семенов-Тян-Шанский. Тянь-Шаньға саяхат мемуарлары. 2-том. — 53-54-бб.). Осылай Уәлихановтың бүкіл ғылыми қызметтерінің бағытын белгілі бір арнаға салған орыс ғалымы Шоқанмен достық және ғылыми байланысын бір де үзбеген. 1856-1857 жылдары олар Жетісуда жиі кездесіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірге жүргізеді. 1856 жылдың күзінде Құлжаға барып қайтады. (В. В. Бартольд. Қырғыздар. — Фрунзе, 1927. — 51-б.).

Осы арада Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапар шегуіне жол ашқан адам да П.П. Семенов-Тян-Шанский екенін айту ләзім. «Менің бұл дарынды жас адамға генерал Гасфорттың ерекше көңіл аударуын қалағаным өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан Тянь-Шань саяхатынан қайтып келгеннен кейін мен оған Уәлихановты қырғызша киіндіріп, сауда керуенімен бірге Қашқарға жіберу керек деген ой салдым» (П.П. Семенов-Тян-Шанский. Тянь-Шаньға саяхат мемуарлары. 2-том, 1946. — 54-б.). Гасфорттың бұл мәселені жеке өзі шеше алмайтынын түсінген П.П. Семенов-Тян-Шанский Петербургке оралғаннан кейін Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаментінің директоры Е.П. Кобалевскийге жолығып, өз ойын білдіреді. Орыстың географиялық қоғамының жалпы отырысында Ш. Уәлихановты толық мүшелікке қабылдау кезінде айтқан П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің Шоқан туралы лебіздерімен таныс Е. П. Кобалевский Сыртқы істер

министрі Горчаковтың атына арнайы баяндама-хат жазып, бұл мәселенің оң шешілуіне қол жеткізеді. Кейін Шоқанмен өзі де танысады, оның Қашқар сапары туралы жазған баяндамасын оқып, «кемеңгер жігіт», «тамаша ғалым», «қырғыз халқының ең жақын досы әрі орыстардың мемлекеттік мүдделерін қорғаушысы» деп шаттанады (А. К. Гейнс. Әдеби еңбектерінің жинағы. 1-том. — 237-б.). Міне, осылардың бәрі Шоқан мен П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің бір-біріне өте жақын, сырлас болғанын айғақтайды. Демек, Тян-Шанскийдің Шоқанның туған жерін білмеуі, қателесуі мүмкін емес.

Шоқан өмірін көп зерттеген, бертінге дейін ол Құсмұрында туды деген ойды діттеп келген Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Қадіржан Әбуовтың да осы мәселеге қатысты өзінің алғашқы пікірінен айнығаны кездейсоқ болмаса керек. Ол республикалық «Казахстанская правда» газетінің 2005 жылғы 3 желтоқсандағы санында А.П. Семенов-Тян-Шанскийдің Шоқан Сырымбетте туды деген ұйғарымын Н. Наумовтың, сондай-ақ, казактың біртуар ұлдарының бірі Міржақып Дулатовтың да қолдағанын айта келіп, тағы бір дәлел ретінде 1949 жылы І. Омаров пен А. Панкратовтың редакциясында, профессор Е. Бекмахановтың қатысуымен жарық көрген «Қазақ КСР-ның тарихында»: «Шоқан Уәлиханов 1835 жылы Көкшетау округінің Сырымбет мекемінде, қалың қарағайлы таудың етегінде туды», — деп жазылғанын келтіреді.

Осы әңгімені әрі қарай өрбітетін болсақ, Шыңғыс сұлтанның өзінің екікабат жас келіншегін Уәлихановтардың атаконысы Сырым-

бетте қалдырмай, әлі өзіне онша таныс емес, жаңа ғана ірге көтеріп жатқан Аманқарағайға алып кетуі қисынға келе қоймайды.

Қалай болған күнде де, Сырымбетте Шоқанның іздері сайрап жатыр. Ел аузындағы әңгіме де, тарихи деректер де осындай ойға жетелейді.

Осы әңгімеге ойыспас бұрын Уәлихановтардың Сырымбеттегі атақонысының ордаға айналуы, Орта жүздің соңғы ханы атанған Уәли Абылайұлы өмірден озғаннан кейін (1821 ж.) оның кіші әйелі Айғаным Сарғалдаққызының билік құруы туралы аз-маз әңгімелей кеткенді жөн көріп отырмыз. Жоғарыда жазғанымыздай, Потаниннің естеліктерінде Абылай әулетінің екі қонысы болғаны туралы айтылады. Кейбір шоқантанушылар алғашында Уәли «ханның қызыл ағашының» мұрагері болғанын, кейін ол Айғанымды тоқалдыққа аламын дегенде үлкен ұлы Ғұбайдолла әкесін Сырымбетке қарай шеттеткенін айтады. Бірақ бұл — шындыққа аса жанаса қоймайтын тұжырым. Тарихтан белгілі, Абылай 1771 жылы хан болып сайланғаннан кейін өзіне бағынышты кең-байтақ жерді балаларына бөліп береді. Міне, сол уақыттан бері Бурабай үлкен ұлы Уәлидің иелігінде болған. Ал оның Айғанымды тоқалдыққа алғанына келсек, Ғұбайдолланың оған қарсы болатын жөні жоқ. Өйткені бұған дейін-ақ Уәлидің бірнеше әйелі болған. Оның үстіне Ғұбайдолла Уәлидің үлкен ұлы болғанмен, әкеге әмірі жүретін қауқар танытпаған. Уәли өлгеннен кейінгі оқиғалар да осыны дәттейді. Ғұбайдолланың бір күнде қырық құбылуынан «қажыған» Сібір әкімшілігі ақыры оны жер аударып тынады. Демек, Уәли ордасының Сырымбетке көшірілуі — Айғанымның өз шешімі, өз қалауы.

Айғаным, оның өмірін жан-жақты зерттеген Әлкей Марғұланнның жазуына қарағанда, оқыған, білімді адам болған, бірнеше шығыс тілдерін білген. Оның ханша атанғаннан бергі бүкіл іс-әрекеті саяси сұңғылалығын да айғақтайды. 38 жасында жесір қалған 9 баланың анасы теріскейдегі алып көршімен тату-тәтті тұру ғана ел тыныштығын сақтайтынын түсініп, Ресеймен жақындасу жолдарын іздейді. Бұл орайда кездескен неше түрлі арандатушылықтарға бой алдырмайды. Сөйтіп, патша өкіметінің сеніміне кіреді. Соның бір айғағы — Александр патшаның Уәли-жанның жесірін өзі қалаған жерге орналастыру және ол үшін қонысжай салдыру жөніндегі жарлыққа қол қойып, осы мақсатқа 5 мың сом қаржы бөлдіруі.

Сырымбет баурайы жазда да, қыста да ажарын бермейді екен. Бұл өңірдің көркі қос өркешті тау ма, әлде түйенін шудасындай тұтасып жатқан орман-тоғайы ма, әйтеуір, табиғатында бір керемет үйлесім бары анық. Қыста етегі ақ көрпесін қымтай жамылып, тыныстап жатқанда шыңы қарауытып тұрған қос шоқы жазда ерекше құлпырып кетеді екен. Осындай жерұйықты қалаған Айғанымның көрегендігіне таң қаласың.

— Айғанымның тарихи тұлға екенін қазақтың үлкен ғалымы Әлкей Марғұлан мұрағат құжаттарымен дәлелдеп кеткен. Солардың біразы Шоқанның таңдамалы шығармаларының бес томдығына енгізілді ғой, — деп сөз бастаған осы өңірдің төл тумасы, аудандық «Айыртау таңы» газетінің редакторы Тайлақ Жалмұрзенов Айғаным қонысының тарихынан біраз сыр шерткен.

— Расында да, бұл қоныстың тарихы өте қызық, — деп әңгімеге араласты Сырымбет се-

лолық округінің әкімі Таубай Төлеуов. — Үлкендерден қалған әңгімеге қарағанда, Айғаным әжеміз көркіне ақылы сай, өте парасатты адам болған. Уәли хан қайтыс болып, билік өз қолына көшкеннен кейін Батыс Сібір басқармасына қатысты Қазақстан аумағындағы бірде-бір мәселе Айғанымның араласуынсыз шешілмеген. Аса ақылды, адамгершілік қасиеттері мол анамызды жергілікті халықтың да қолдауы күшті болыпты.

Айғаным орыс білімі мен екі халықтың арасындағы мәдени қатынастың маңызын өте жақсы түсінген, оны одан әрі тереңдете түсуге көп күш-қайрат жұмсаған. Оның қайраткерлігін, алдыңғы қатарлы көзқарасын патша өкіметі де жоғары бағалаған.

Сырымбеттегі Айғаным қонысының құрылысы 1824 жылы басталып, 1834 жылы аяқталады. Оның осыншама ұзаққа созылуының көптеген себептері бар. Бір жағынан, оған мекен-жай құрылысының о баста дұрыс жобаланбағаны, мешіттің қайта бұзылуы себеп болса керек. Бұрын-соңды мешіт салып көрмеген осы іске тікелей жауапты инженер-офицер, поручик Ермолаев оның қасбетін теріс қаратып қояды. Бұл жай ханшаның ренішін туғызады. Осы жайды Батыс Сібір генерал-губернаторына хабарлаған Айғаным үйдің ішін сылап, тағы екі пеш салу, терезелерге қақпақ орнату, сондай-ақ, Сырымбетте монша, үй-жайы бар мектеп, меймандарды қабылдайтын қонақ үй, қора-қопсы салу жөнінде өтініш жасайды. Осы екі арада Ермолаев қайтыс болып кетеді. Ақыры, не керек, орталықтан құрылысшылар жіберіліп, дегеніне жеткен ханша бала-шағасымен айналасы тақтай қорғанмен қоршалған,

үлкен үй, мешіт, монша, диірмені, қонақ үйі, бес бөлмелі училище үйі, шаруашылыққа арналған қосалқы орындары бар орыс мекен-жайларына ұқсас жана қонысқа көшеді.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Айғаным Құсмұрынға жол жүріп кеткенде Кенесарының қарындасы Бопай Сырымбеттегі қонысты ойрандап, тас-талқан етеді. Ал 1930 жылы мекен-жайда өрт шығып, хан ордасы тып-типыл болады. Тек 1980 жылдары жергілікті мектеп оқушылары мекен-жайдың іргетасын тауып алғаннан кейін ғана 1990 жылы оны қалпына келтірудің сәті түседі.

— Ол кезде мен Көкшетауда құрылыс ұйымдарының бірінде жұмыс істеуші едім, — деп бастады әңгімесін Уәлихан Құлбаев. — Бірде ауылдан келген жерлестерімнің бірі әкемнің: «Тез ауылға қайтсын» деген сәлемін жеткізді. «Не болып қалды екен?» деген алақөңілмен ауылға келсем, әкем: «Айғаным анамыздың қонысын қалпына келтірейін деп жатыр, соған катыс», — деді. Мен: «Қалада істеп жүрген жұмысым бар, оны қалай тастап кетемін?!» — деп едім, әкем: «Бұдан қасиетті жұмыс жоқ», — деп бір-ақ қайырды. Сөйтіп хан ордасының көшірмесін салуға қатыстым. Кейін осында қалып қойдым. Қазір Сырымбеттегі Шокан Уәлиханов атындағы тарихи-этнографиялық мұражайдың директорымын.

Айғанымның Сырымбеттегі қазіргі қонысы үлкен үйден, мешіт пен медреседен тұрады екен. Сондай-ақ, кең шарбақтың ішіне қонақ үй, қора-қопсы орналасыпты.

Үлкен үйдің табалдырығынан аттадық. Іші тап-тұйнақтай жиналған, иелері жаңа ғана бір жакқа шығып кеткендей әсер қалдырады. Ал-

дымен, кіреберіс оң жақта орналасқан Шоқанның бөлмесіне бас сұқтық. Шағын ғана бөлме, он жақта темір кереует тұр.

— Бұлардың бәрі — Шоқан пайдаланған заттар, — деді Уәлихан Құлбаев.

Менің назарымды бірден ескі патефонмен қатар қойылған шағын сандықша аударды. Тарихшылардың, өлкетанушылардың айтуларына қарағанда, бұл сандықты Шоқан жолсапарларында өзімен бірге алып жүрген. Осы арада менің ойыма Шоқан ұзақ жылдар бойы достық қарым-қатынаста болған орыс жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің әйеліне айтқан сөздері оралды. 1865 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін Достоевский әйеліне үлкен ағаш сандықты көрсетіп: «Бұл — менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, сондықтан да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, хаттарым мен аса қымбатты естеліктерімді осында сақтаймын», — деген екен. Уәлихановтардың атаконысындағы Шоқанның бөлмесінде тұрған осы сандықша ма екен? Шебер қолдан шыққан сандықшаның шеті мүжіліп, кей жеріне дақ түскен. Әйтеуір, көне тарихқа куә екені анық. Шоқанның Достоевскийге арнайы тапсырыс бойынша жасалған сандықты да сыйға тартуы мүмкін ғой...

Шоқанның орыс зиялылары арасында достары көп болған. Солардың ішінде ол Ф.М. Достоевскийге жан теңгермеген. Оған екі ғұламаның бір-біріне жазысқан хаттары да толық дәлел бола алады. Шоқан: «Сізбен Семейде өткізген аз ғана күн маған сондай тамаша әсер етті, ендігі менің бар ойым — сізбен тағы бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін, бірақ оның қажеті де жоқ

кой деймін: менің сізге қандай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз», —деп жазса, Федор Михайлович Достоевский оған: «Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал енді мен сізге қысылмай-ақ тура айтамын —мен сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да және ешкімге де, тіпті, туған ініме де тап сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін... Сізбен арбада тұрып қош айтысып айырылысқаннан кейін, біз бәріміз де күні бойы көңілсіз болдық. Сіз бүкіл жол бойы біздің есімізден шықпадыңыз» (Ф.М.Достоевский хаттары. I-том, 1928. — 200-б.) деп жауап қайтарды.

Шоқан Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийдің достығы жайында жазылған еңбектер аз емес. Олардың бәрін жинаса, том-том кітап болары анық. Бір таңғаларлығы, Шоқан ұлы жазушының жақын достарының бірі болған кезде небәрі он тоғыз жаста еді. Олар тұңғыш рет Омбыда кездеседі. Содан кейін қайда жүрсе де екеуінің байланыстары үзілмеген. Әсіресе, олардың хаттарының бүгінгі ұрпаққа шертер сыры мол. Оған көз жеткізу үшін Ф.М. Достоевскийдің Шоқанға жолдаған тағы бір хатына назар аударалық. «Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз. Сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз... Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, сахараның не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қандай қатысы бар екенін Ресей халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе?.. Еуропаша толық білім алған тұңғыш қырғыз (қазақ) екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның

үстіне тағдыр сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ, болмайды» (Ф.М. Достоевский хаттары. 1-том, 1928. — 200-б.). Осылай Шоқанға ақылын айтып, оның өмірден өз орнын табуына көмегін аямаған Ф.М. Достоевский жас досының ғылыми зерттеулерін де бір сәтке назарынан тыс қалдырмайды.

1861 жылдың жазында Шоқан Сырымбетке оралады. Нақ осы кезде оның денсаулығы сыр бере бастайды. Бұл жайында ол Ф.М. Достоевскийге хат арқылы хабарлайды.

«Январьдің 14-і, 1862 жыл. Кыргыз даласы.
Құрметті досым Федор Михайлович!

Сенің мені баяғыда өліп қалдыға жорамалдауың жөн, әйтсе де, мен әлі тірімін, осы хат соның анық айғағы болсын. Менің саған осы кезге дейін хат жазбауымның әр түрлі дәлелді себептері бар, оларды енді айтып бергелі отырмын. Біріншіден, өзім октябрьде Петербургте боламын деп ойлағанмын, сосын сырқаттанып, ол ойымды декабрьге дейін қалдыра тұрдым. Денсаулығым декабрьде де әлі өте әлсіз болуы себепті, сібірлік дәрігерлердің қысты қырда өткіз деген кеңесіне құлақ астым, ал енді өзім де менің денсаулығыммен Петербургте тұракты тұруға болмас деген шешімге келіп отырмын. Осы себептен де, менің Қашқардағы консулдың орнын алғым келеді, ал олай болмаған жағдайда отставкаға шығып, өзіміздің Орта жүзде сайлау жүйесінде қызмет істеймін. Қашқарда жақсы жалақы алар едім, ауа райы да қолайлы, бәлкім, денсаулығым да түзеліп кетер ме еді?! Егер ол ойым орындалмаса, далада да жағдайым жаман бола қоймас деймін. Шаруашылықпен шұғылданамын, сау-

дамен айналысамын, халық сайлағандай жағдайда, адал шенеунік боламын, олардың сауатсыз және жабайы сұлтандарынан гөрі өз қандастарыма көбірек пайдамды тигізерім де ақиқат. Бір иә екі жылдан кейін Петербургке барып тұратын боламыз. Қайырымды достарымыздың ортасында жанға жайлы бірнеше ай уақыт өткізіп, жаңа кітаптар, жаңа идеялар жинап алып, Орта жүзге, казактарға қайта оралармыз. Әрине, мұның өзі де онша жаман емес қой, шын емес пе, көкөтайым Федя?»

Осы екі ұлы адамды таныстырған тағдыр десек, одан әрі айнымас дос болуларына қоғамдық көзқарастарының тазалығы мен тереңдігі, рухани туыстық жол ашқан секілді. Шоқандай дос тапқан Ф. М. Достоевскийдің қырдағы елге деген шынайы ниеті ешқашан ортаймаған. Ол бірде: «...Сібір жері салқын болғанымен шенеуніктер жылы тұрады» деп кекесін білдірсе, кейінгі хаттарында да офицерлер мен шенеуніктердің қазақ жеріне оңай олжа табу, жергілікті халықты тонау, байып алу мақсатымен топырлап жатқанын ашық әшкерелейді.

Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің кітаптан-кітапқа көшіп жүрген бір суреті бар. Бұл сурет Семейде түсірілген. 2004 жылы белгілі мемлекет қайраткері, қазір ЕурАзЭС-тің бас хатшысы болып істейтін Тайыр Аймұхаметұлы Мансұровтың бастамасымен осы суреттің негізінде барельеф жасалып, ол Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қабырғасына ілінді. Оны мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың өзі ашты. Содан бері Петропавлға келген қонақтар осы араға соқпай кетпейді. Қос алып өздерінің достығы-

мен ел тыныштығын, екі халықтың татулығы мен бірлігін күзетіп тұрғандай.

Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевский бүгін де бірге. ХХІ ғасырда олардың достығы жаңа қырынан жарқырай көрінуде, Ресей мен Қазақстанның бүгінгі қарым-қатынасына сәулесін түсіріп тұр. 2005 жылдың жазында осындай бір оқиғаның куәсі болғанымыз бар. Петропавлға арнайы ат басын тіреген Мәскеудегі «Воскресенье» баспасының бас директоры Г. В. Пряхин облыс әкімдігінде болған кездесуде сол кездегі аймақ басшысы Т. А. Мансұровқа орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевскийдің өздері шығарған 23 томдық толық шығармалар жинағын тарту етті. Бүкіл әлемге тарайтын осы еңбектің соңғы томына Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің достығына қатысты материалдар, олардың бір-біріне жазған хаттары, Петропавлдың тарихи орындары жайлы сыр шертетін суреттер енгізіліпті. Әңгіме барысында мәскеулік баспагер осы материалдарды Тайыр Аймұхаметұлы дайындап, ұсынғанын айтқанда, бәріміз таң қалдық, өзінің тынымсыз еңбегімен, қажыр-қайратымен өңірімізге өзгеше өң берген, бертінге дейін есімі қалың оқырманға беймәлім болып келген қазақ халқының тамаша перзенті, дипломат, саясаткер, КСРО-ның Сауд Арабиясы Корольдігіндегі өкілетті елшісі Нәзір Төрекұлов туралы бірнеше ғылыми, көркем кітаптар жазған әкімнің ұлыларды ұлықтауға құштарлығына тәнті болдық.

Әрине, туған жер, атамекен кімге де болса ыстық қой. Шоқан да Сырымбеттің сұлу келбетіне, әсем табиғатына тәнті болып өсті. Әсіресе, ол Омбыда оқып жүргенде Сырым-

бетті қатты сағынатын, мұнда жиі келетін. Потаниннің жазбаларына қарағанда, Шоканның суретшілікке құштарлығын оятқан да осы өлке. Шоқан жазда демалысқа келгенде таудың басындағы биік жартасқа шығып, төніректі шолуды ұнатқан. Халық арасында Шоқан өз суреттерін осы жартастың үстінде отырып салған деген сөз бар. Сол суреттердің біразы Шоканның Сырымбеттегі мұражайына қойылыпты.

Аталмыш мұражай 1985 жылы ғалымның 150 жылдығына орай салынған екен. «Ауылымыз үлкен жолда шалғайлау жатқанмен, мұнда келушілер қатары сиремейді», — дейді мұражай қызметкерлері.

Мұражайды асықпай араладық. Мұнда бес бөлім бар екен. Кіреберіс бөлмеге Шоқан бейнесі салынған шағын кілем ілініпті. Оны мұражайға Алматыдағы Валентина Терешкова атындағы фабриканың ұжымы сыйлапты. Ал Шоканның күріштен жасалған портретін осы жердің тумасы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков Қызылорда облысын басқарып тұрған кезінде арнайы келіп тарту етіпті.

Мұражайда Шоканның өз еңбектері де аз емес. Айғанымның қонысынан табылған заттар да жетерлік. Шоканның әке-шешесі Шыңғыс пен Зейнептің некелесу куәлігінің көшірмесі, Шыңғыстың киімдері, Шоканның шешесі Зейнептің туған ағасы Мұса Шормановтың суреті, басқа да жәдігерлердің келушілерді қызықтырары сөзсіз.

Шоканның демалыс кезіндегі тағы бір сүйікті кәсібі құс салып, аң аулау болады. Бұл жөнінде Г. Потанин былай деп жазады: «Кадет корпусының соңғы курстарында оқып жүрген

кезімде қырғыз даласының географиясы мен этнографиясын зерттеу менің сүйікті кәсібіме айналды және Шоқан өзінің әңгімелерімен менің дәптерлерімді толтыруыма көмектесіп жүрді. Біз қазақтардың сұңқар салып, саяттық құру салтын дәптерге толық жазып алдық. Шоқан қырғыздардың қызық көретін бұл салтымен бала кезінен-ақ шұғылданған болуы керек, өйткені ол сұңқарды қалай баптап күтудің әдісін және де қырғыздардың жалпы аңшылық кәсібін өте жақсы білетін. Ол айтып отыратын да, мен жазып отыратынмын, содан кейін ол сұңқардың томағасы мен тұғырының, дауылпаз бен оқ-дәрі салатын құтының, мылтық пен тағы баскалардың суреттерін салып, менің жазбамды толықтыра түсетін» (Г. Н. Потанин. Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны туралы мәліметтер. 15-16-бб.).

Тұғыр, томаға, астау, тұсау, дауылпаз, белбеу – мұражайдан кезінде Шоқан пайдаланған осындай заттарды кездестірдік. Әрине, әрқайсысының да шертер сыры мол. Бір сәт томағасы сыпырылған құстың көк аспанда қалықтаған сәтін көз алдыңызға елестетіп, бала Шоқанның жүрек лүпілін естігендей боласыз. Ұмытылмас әсерге бөленесіз. Осы ретте жоқтан бар жасап, халыққа үлкен байлық сыйлаған мұражай қызметкерлеріне қалай риза болмассыз?! Жоғарыда айтқанымыздай, мұражай Шоқан Уәлихановтың 150 жылдық торқалы тойы қарсаңында ашылған. Оны ұйымдастыруға, жәдігерлерді жинастыруға белсене атсалысқандардың арасында Зәйкен Атығаеваның есімі ерекше аталады. Қарағандыда тұратын ол кісіні менің де көргенім бар. 2005 жылы академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақ-

стан мемлекеттік университетінде Шоқан Уәлихановтың 170 жылдығына орай өткізілген ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйлеген Зәйкен апай жиналғандарды біраз жайлардан хабардар еткен.

— Шокандай асыл ұлдың өмірі мен қызметіне қатысты жәдігерлерді бүкіл ел болып жинадық қой, сол кезде Сырымбет орта мектебінде қазақ тілі пәнінен сабақ берген К. Хайруллина, Р. Қосымбекова, Ф. Айбашпанова, Ш. Дәуітбаева, М. Сүлейменов, Ш. Сәрсембаева бар, бәріміз ауыл-ауылды аралап, төре тұқымынан қалған ескі бұйымдарды, тарихи заттарды іздестірдік, — дей келіп, Зәйкен апай өзінің Алтынемелдегі Шоқан, Семейдегі Абай, Достоевский мұражайларында, бір кезде Шоқан оқыған Омбыдағы Кадет корпусында, Алматы, Қостанай өңірлерінде болғанын айтқан. «Әйтеуір, еңбек еш кеткен жоқ, Шоканның көзіндей мұражайы халыққа қызмет етуде».

Сөз реті келгенде айта кетейік, ол кісінің Айғанымның қонысын қайта ашуға сіңірген еңбегі де өте зор. Осы өңірде еңбек ете жүріп талай кабинеттің табалдырығын тоздырыпты. Ақыры үні Үкіметке дейін жетіп, орданы қалпына келтіру қолға алынады.

Мұражай залдарын аралағанда осында бүгін еңбек етіп жатқан жастардың да ізденісін айқын аңғардық.

— Сырымбеттің өткені жайлы деректерді жинаумен бірге бүгінгі тыныс-тіршілігінен сыр шертер жәдігерлерді де осында топтастырудамыз, — деді мұражай директоры Уәлихан Құлбаев. — Осы мақсатпен Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлікті бейнелейтін зал аштық. Сол сияқты мұннан бүгінгі Сырымбет жайлы да мол мағлұматтар алуға болады.

Бүгінгі Сырымбет демекші, ол осы аттас селолық округтің құрамындағы он ауылдың бірі. Қуаныштысы, нарықтың зіл-батпан салмағы оның шанырағын шайқалта алмапты. Қазір ауылдықтар кәдімгідей нарық талаптарына бейімделіп, жаңа өндіріс орындарын аша бастаған. Ауылда 2 серіктестік, 7 шаруа қожалығы, 6 дүкен бар. Басы ауырып, балтыры сыздағандар аудан орталығына шаппайды, оларға ауылдағы дәрігерлік амбулаторияның білікті мамандары қызмет көрсетеді. Соңғы жылдың жаңалығы — монша салынған. Ал ауыз суды ауыл тұрғындары ұнғымалардан алады. Осының бәрі қуаныш емес пе? «Бізде жағдайдың басқаша болуы мүмкін емес, Шоқанның ауылы көштің басында жүруі тиіс», — дейді селолық округ әкімі Таубай Төлеуов.

— Айғанымның қонысынан Сырымбет ауылына бет алған адам ескі қорымды басып өтеді екен. Соға кетейік, — деді Тайлақ ағамыз. — Уәлі тұқымынан қайтыс болғандардың біразы осында жатыр... Бала кезімізде әкелеріміз зират басына соққанда, ең алдымен, Шынғыстың басына құран оқитын. «Жүрегі кең адам болыпты» деп ризашылық білдіріп отыратын, — деді әкім. Содан кейін ол өзі ертеректе естіген бір әңгіменің тиегін ағытты. — Тәкен деген шешеміздің күйеуі қайтыс болып, неше түрлі зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Содан бір күні: «Сендерге қор болғанша, жақсы адамдардың қасында тұрайын» деп, жеті жасар ұлын ертіп, Шынғыс ауылына келеді. Бұл 1837 жылдың сәуір айы болса керек. Шынғыс шешейге: «Үйінді Әлжан, Қалжан деген інілерімнің қасына тік», — дейді. Арада екі жылдай уақыт өте шығады. Бір күні Шынғыс бір үйдің жұрты ғана

қалғанын байқайды. Сұрастыра келсе, көшіп кеткен Тәкен шешеміз екен. Істің мән-жайына қаныққаннан кейін ол Құрымбай деген туысын шақырып алып: «Онша ұзай қойған жоқ шығар, тауып алып, кері қайтар», — дейді. Құрымбай Тәкен шешемізге келіп, үлкен кісінің «бір ашуын қисын, қайта оралсын» деген сәлемін жеткізеді. Бірақ шешей бұл тілекті орындай алмайтынын, орнығып қалғанын айтады. Сонда Шыңғыс біраз ойланып отырып: «Ендеше, он үйді жық та, сол жерге тік, жалғыз үй отырмасын, Шыңғыс ауылына сыя алмапты деген жақсы атақ емес», — дейді. Ақыры бәрі Шыңғыс айтқандай болады. Құрымбай ауылы қазір де бар.

Кезінде Сырымбетте атақты жерлесіміз, жазушы Сәбит Мұқанов та сан мәрте болған екен. Сірә, Сәбең Шоқанның ұлылығын басқалардан бұрын таныған, ол туралы күрделі еңбек жазуды ерте ойластырған секілді. Сәбеңнің «Жарқын жұлдыздар» деп аталатын кітабынан алынған мына жолдар соған дәлел: «Сырымбет тауының етегіндегі зиратқа жерленген Шыңғыстың басына тұқымдары күйген кірпіштен төбесі ашық там орнатып, ішіне «Самарқанның көк тасынан» (ляпислазур) ескерткіш қойған. Биіктігі орта адамның бойындай, жалпақтығы жарты метрден астам, жылтырлана тегістелген бұл тасқа арабтың машпи жазуымен Шыңғыстың аты-жөні жазылған. Бұл көркем тас 1913 жылы Сырымбетте болған шағымда бар екен. Одан кейін 1921 жылы барсам, тасты әлдекімдер ұрлап әкетіпті, кірпіш тамның қабырғалары құлапты. 1952 жылы барсам, бірен-саран шашылған кірпіштері болмаса, Шыңғыс қабіріне белгі боларлық ештеңе қалмапты».

— Мынау — Шыңғыстың зираты, Айғаным анамыз сәл әрірек жатыр. Жакып та осында... — Селолық округтің әкімі әлі күнге бабаларының «басы көтерілмей» жатқанына қысылғандай ақтала сөйледі.

Төре тұқымы кеңес заманында қуғын-сүргінге көп ұшырады ғой. Шашыраған тарыдай тоз-тоз болып кеткен бастары әлі бірікпей жатыр. Былтыр Жакыптың шөбересі Мұрат Шыңғыстың, Айғанымның бастарына тас қойып кетті. Жақында Шота (Шоқан Уәлихановтың Мақы деген інісінің Едірес деген баласынан туған белгілі сәулетші) ағамыз келіп, облыс әкімі Т. А. Мансұровпен кездескенін, аймақ басшысы Айғаным мен Шыңғыстың басына кесене салғызуға уәде бергенін айтып, тағы бір қуантты. «Орнында бар оңалады» деген осы емес пе, үш жылдың ішінде жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, өңірімізді де, өмірімізді де адам танымастай өзгерткен Тайыр Аймұхаметұлының уәдесінде тұратынына күмәніміз жоқ», — деді ол.

Уәлі ханнан тарағандардың біразы осында жатыр екен. Өкініштісі, олардың арасында Шоқан жоқ. Ол Алтынемел жотасының етегіне жерленген. 1862 жылы Атбасардың аға сұлтандығына сайланамын деген әрекетінен түк шықпаған соң, ағайыннан түңілген Шоқан Омбыға кетіп қалады. Ол осы оқиға жайында Ф. М. Достоевскийге: «...Өз отандастарыма пайда келтірейін, оларды шенеуніктер мен казак байларының озбырлығынан қорғайын деп, сұлтан болсам ба деген ниетім де болған. Сондағы көбінесе ойлағаным — оқыған правитель-сұлтанның қандай пайдалы болатынын жерлеріме өз ісіммен көрсету еді» (Ш.Ш. Уәлиха-

нов. Тандамалы шығармалары. — Алматы, 1958. — 562-б.) деп мұнын шағады.

Арада екі жылдай өткеннен кейін ол генерал Черняевтің әскери экспедициясына шақырылып, Әулиеата бекінісін алардағы соғыс әрекеттеріне қатысады. Бірақ оның Қазақстанның оңтүстік аудандары мен Орта Азияны Ресейге қан төгіссіз қосу жөніндегі үміті ақталмайды да, Черняевтің іс-әрекетіне наразылық білдірген бір топ офицерлермен бірге Верныйға оралады. Кейін бұл офицерлердің көбі қуғын-сүргінге ұшырайды. Осыдан кейін Шоқан Верныйда көп тұрақтай алмай, Албан руының аға сұлтаны, аталас туысы Тезектің ауылына келеді. Осында «Тезек сұлтанның қарындасына үйленеді» (Әлкей Марғұлан). Кейбір зерттеушілер Айсарыны Тезектің қызы деп те жазып жүр.

Шоқан созылмалы көкірек ауруы қозып, қатты күйзелгенмен, мұнда да ғылыми жұмыстардан қол үзбейді. Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеп, Батыс Қытайдағы дүнген көтерілісіне көңіл аударады. Дегенмен, наукасы қатты асқынып, толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді. Осындай қатты торыққан сәттерінің бірінде ол әкесіне хат жазады. Академик Әлкей Марғұлан Шоқан өмірінің осы кезеңін суреттегенде Шоқанның әкесіне жолдаған соңғы хатынан төмендегідей үзінді келтіреді: «Жетісуға келіп, сорлы Айсарыны (әйелі) елге алып қайтыңыз, оны өзіңіздің назарыңыздан, мархабатты қамқорлығыңыздан шет қалдырмаңыз... Қажыдым, әлсіредім, қан-сөлім таусылды, құр сүйегім ғана қалды, кешікпей жарық дүниені де көрмейтін болам, оған енді ешқандай шара жоқ. Бұл — менің ең соңғы хатым». Кімнің де болса сай-сүйегін сыр-

қыратар осы сөздер әке жүрегін жібіте алмаған секілді. Шыңғыс баласына көмекке асықпайды. Олардың арасында қандай кикілжін болғаны белгісіз.

Шоқан өмірін зерттеушілер: «Олардың арасында бірін-бірі түсінбеушіліктің, жатсынушылықтың меңіреу қабырғасы орнай бастады» деп оқушысын екіұдай ойға қалдырады. Әке мен бала арасындағы кикілжіңнің бір ұшын шоқантанушы Самат Өтенияздың еңбектерінен тапқандай болдым. Оның жазуына қарағанда, Шоқан 1861 жылдың жазында Петербургтен Сырымбетке оралған бойда әке-шешесі айттырып қойған Торғай қазақтарының аға сұлтаны Ахмет Жантөриннің қызына үйленуге тиіс болады. Бірақ Шоқан бұл тандаудан үзілді-кесілді бас тартады. Оның бір себебі — Шоқан Петербургтен ауылға келіп-кетіп жүргенде керемет сұлу әрі ақылды Ажар деген қызға ғашық болып қалады. Сүйікті ұлдарының құйрық-бауыр жеуге уәделескен жандардың қызынан бас тартып, қызметші қызға үйленем деуі Шыңғыс пен Зейнепті қатты назаландырады. Ақыры Зейнеп Ажарды бір төлеңгітке атастырып, ұзатып жібереді. Алайда, Шоқан да айтқанынан қайтпайды, ретін тауып Ажарға қосылады. Өкінішке орай, оның бұл бақыты баянды болмайды. Осылай Шоқан мен әке-шешесінің арасы ашылып кетеді. Шыңғыстың Алтынемелден суық хабар алғанда селт етпеуінің бір сыры осында жатқан сияқты.

Қалай десек те, Шоқан сол кеткеннен Сырымбетке оралмайды, ата-анасын көрмейді. Кейбір зерттеушілер Шоканның қазасын әкесіне қобызшы Қанғожа (Шыңғыстың інісі) естірткенін жазады. Сырымбетте болғанда дәл

осы оқиғаға байланысты халық арасында тарап кеткен басқа да әңгіме бар екенін естіп, білдік. Артына естелік қалдырған Жақыптың Құлышынан тарайтын Хайролланың айтуынша, Айсары Шоқан қайтқаннан кейін Шыңғысқа хат жазып, көңіл айтады. «Мен де сіздің балаңызбын, Шоқанның жолдасымын, екіқабатпын, не айтасыз, рұқсат бересіз бе, әлде...» Осы хатты алғаннан кейін Шыңғыс балаларын жинап: «Шоқанжаннан бір иіс көретін болдық, осыны қайсың әкеліп бересің?» — дейді. Балаларының ешқайсысы иә дей қоймағаннан кейін Шыңғыс үлкен ұлы Жақыпқа қарайды. Ақыры, Алтынемелге Жақып аттанады. Сөйтіп, Жақып Айсарыны екі әйелдің үстіне алады, одан бір ұл, екі қыз сүйеді. Ұлдың аты — Мәлік. Міне, осы Мәліктің төңірегінде алыпқашпа әңгіме көп. Айсарының Шыңғысқа хат жазғаны анық болса, Мәлік іште келген, демек, Шоқаннан қалған тұяқ. Сырымбетте бертінге дейін оны растағандар болған. Солардың бірі 1915 жылы туған Нұрмұхан Мұхамбеталин 2003 жылы 98 жасында: «Менің жігіт кезімде Мәлік жетпістерге келіп қалған адам еді, сол кездегі үлкендер Мәлікті іште келген дейтін», — дегенді айтады. Шоқанның Сырымбеттегі мұражайын ұйымдастыруға, оның артында қалған мұраларын жинастыруға белсене қатысқан қарт ұстаз Күлпән Хайроллақызы да Мәліктің Шоқанның ұлы екеніне шүбәсіз сенеді. «Олай болса бұл мәселе кезінде неге көтерілмеген?» деген сауалымызға Күлпән апай: «Кейбіреулерге Шоқанның тікелей мұрагерінің болғаны ұнамаған сияқты», — деп екіұшты жауап берді.

Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың атамекені — Сырымбет жайлы сөз қозғай отырып біз оның

дара тұлға, дана тұлға болып қалыптасуына әсер еткен біраз жайларға тоқталдық. Осы ретте оның тай-құлындай тебісіп бірге өскен бауырлары туралы да аз-маз әңгімелей кету жөн сияқты. Өйткені Шоқанға алтын бесік болған Сырымбет — олардың да өз үйі, өлең-төсегі. Шыңғыстан жеті ұл, бес қыз тараған. Олар — Шоқан, Жакып, Мақы, Махмұт, Мұхамедия, Қозыке, Қоқыш, Бәдігүл, Рахия, Нұрида, Шәрбану, Әлия. Шоқанның інілерінің ішінде елге Сақыпкерей (Қозыке) ерте танылады. «Қозыке — тамаша әндерімен белгілі болған халық ақыны және композиторы» (С. Өтенияз). Шоқан Сырымбетке келген сайын оның әндерін тындап, қатты шаттанады екен. Ел ішіне кең тараған «Ай, көкек», «Топай көк», «Сырымбет» сияқты әндердің авторы Қозыке бірде ағасына жаңа бір әнін орындап береді. «Бұл әннің аты — «Көкенің аманаты», өзіңе арнап шығардым», — дейді ол Шоқанға. Ал Шоқан Сырымбет тауының етегінде үш інісінің суретін салады. Әлкей Марғұлан Ш. Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының 5-томына жазған кіріспе сөзінде: «Ортадағы жұқалтаң өнді баланың түр-сипаты Сахиб-Керейге, яки Қозыкеге келеді. Оның арманға толы жанарынан мазасыздық, құштарлық байқалады», — деп жазады. Қозыкенің осы суреттегіден басқа бейнесі сақталмаған, ол жастай қайтыс болады.

Шоқанның тағы бір інісі — Мақыжан, ол бүгінгі ұрпаққа ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әйгілі қазақ суретшісі, қолөнер шебері ретінде танымал. Мақыжан он бір жыл Петербургте тұрған. Императорлық көркем сурет училищесін ойдағыдай тәмамдаған оны Шоқан

1860 жылы достарының көмегімен Көркемсурет академиясына орналастырады. Мақыжан Шыңғысұлы 1916 жылы 71 жасында өмірден өтеді.

Мақыжаннан үш жас кіші (1847 ж.) Махмұт та Шоқанға еліктеп, орыс оқымыстыларына, жазушылары мен инженерлеріне жақын болады. Ол Омбыдағы Кадет корпусын тәмамдаған соң оқуын Петербургте жалғастырады. Бірақ ол үлкен қалада көп тұрақтамайды, Сырымбетке оралып, орнығып қалады. 1895 жылы Г. Н. Потанин Сырымбетке келгенде, әсіресе, осы Махмұтпен көп араласады, сырлас болады. Уәлихановтар әулеті Потанинге арнап сұңқар салып, құс аулау сияқты көптеген этнографиялық ойындар көрсетеді, ақын-жырауларды жинап той өткізеді. Махмұттың өзі Потанинге қазақтың бірнеше аңыз-әнгімелерін жазып береді.

Махмұт Уәлиханов 1918 жылы өз ауылында кісі қолынан қаза табады.

Жоғарыда Шоканның бес қарындасы болғанын жаздық. Олардың үшеуі — Нұрида, Шәрбан, Әлия өздерінің нағашы жұртына келін болып түседі. Нұрида Шорманның Мұсасының үлкен ұлы Сәдуақасқа тұрмысқа шықса, Шәрбан шешесінің әкесінің немере інісі Әбужанның үлкен ұлы Әмір-Темірге, ал Әлия нағашысының інісі Мұстапаның Баттал деген баласына қосылады. Бұлардың ішінде Нұриданың жолы ауырлау болады. Өзін ұзатуға арналған той үстінде жолаушылап келе жатып Сырымбеттегі құдаларына соққан Сәдуақаспен бір түнде қашып кеткен Нұрида тұңғышы Мақсұт жастай шетінеп кеткеннен кейін созылмалы науқасқа шалдығады. Бұл жөнінде Шоканның нағашысы Мұса 1881 жылдың 7 желтоқсанын-

да Г. Н. Потанинге жазған хатында былай дейді: «Осы күзде суық тигізіп алдым, қазаннан бері дала бетін көрген жоқпын. Сәдуақастың әйелі Нұриданың да жағдайы мәз болмай тұр» (Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағы. 4-том. — Алматы, 1968. — 119-б.).

Шоқан, ол өскен орта туралы көптеген деректердің бізге Г. Н. Потанин арқылы жеткенін айтуымыз керек. Ол Шоқан өмірден озғаннан кейін де Сырымбетке жиі соғып тұрған, хат арқылы да хабарласуын тоқтатпаған. Сондай-ақ, Г.Н. Потанин Шоканның нағашы жұртымен де тығыз қарым-қатынаста болған. Сәдуақастың оған өз хаттарын бірде орысша, бірде қазақша жазуы Г. Н. Потаниннің қазақшаға жетік болғанын көрсетеді.

Профессор Мәмбет Қойгелдиев «Айқын» газетінің (2005 жыл, 30 қараша) тілшісіне берген сұхбатында кенестік идеология тұсындағы шоқантанудың мәні — оның орыс мәдениет қайраткерлерімен жақындығын жалаулатумен, соны дабырайтып көрсетуге деген құштарлықпен сипатталғанын ескерте келіп, Шоканның қатты ауырып жатқанда патша генералы Колпаковскийден хат арқылы көмек сұрағанын, дәрі-дәрмек алдыртуға көк тиын да ақшасының жоқтығын хабарлағанын, бірақ еш хабар болмағанын айтады. М. Қойгелдиевтің ойынша, Колпаковский Шоканды жау санаған, өзінің жандайшаптарына оның басқан ізін аңдытып қойған. Сөйте тұра, ол 1881 жылы Шоканның басына орысша-арабша жазуы бар белгітас орнаттырады. Тарихшы М. Қойгелдиевтің сөзіне сенсек, ол мұның бәрін тарихта атын қалдыру үшін істеген. Бұл тұжырыммен әсте келісуге болмайды. Жетісудің генерал-губерна-

торы Г.А. Колпаковский — Шоқанмен жақсы қарым-қатынаста болған адамдардың бірі. Ә. Марғұланның оны Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, И.И. Ибрагимов, Н.Ф. Усовтармен бірге Шоқанның адал достарының қатарында атауы тегін болмаса керек.

Осы ретте әйгілі ғалым, зерттеуші Мырзатай Жолдасбеков «Асыл арналар». (Алматы: Жазушы, 1986. — 301-б.) зерттеуінде: «Орыстың белгілі этнографы, археологі әрі публицисі, Шоқанның сүйікті достарының бірі Н.М. Ядринцевтің мына бір пікірі біз үшін қандай қымбат: «Оның бойында интеллигенттікпен қатар, гвардия офицерінің қас әсем сәнқойлығы болатын... Өндіредей бойы мен ибалылығы адам айтқысыз сүйкімді еді, біртүрлі қыз мінезді еді; қысыңқы көздерінен ақылдың нұры жайнап, көмірдей қап-қара қарашығынан ұшқын атып тұратын; жұқалтаң ерінінде әр уақыт мысқылды күлкі ойнап жүретін, осыдан ол біртүрлі, я Лермонтов, я Чайль Гарольд тәрізді болып көрінетін. Тілі өткір, аңғарғыш еді. Қазақтардың көбі әзілқой келеді ғой, Шоқанның бұл қасиеті Гейненің юморы іспеттес еді. Тілді аямай түйрейтін, дәл мұндай, ұстараның жүзіндей өткір адамды мен кездестірген емеспін», — деп Шоқанның тамаша бір қасиетін мысалға келтіреді.

Ал енді Шоқанның Алтынемелдегі қабірінің басына орнатылған ескерткішке келетін болсақ, оған Мұса Шормановтың сіңірген еңбегі зор. Бұл іске генерал-губернатор К. П. Кауфман ұйытқы болғанмен, Омбы басшылары қозғала қоймайды. Сондықтан да Шоқанның нағашысы осы мәселемен Баянауылдан Омбыға бірнеше рет келеді. Сол сапарларының бірінде ол 1884 жылы Омбыда Шоқанның достарының

бірі Н.М. Ядринцевті кездестіріп, өзінің не жұмыспен жүргенін айтады. Ақыры, құлпытас Омбы басшыларының тапсырысы бойынша Екатеринбургте жасалып, Алтынемелге жеткізіледі. Ал тастағы мәтінге келсек, «Бұл жерде 1865 жылы дүниеден өткен штабсротмистр Шокан Шыңғысұлы Уәлихановтың сүйегі жатыр. Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның тілегі бойынша бұл ескерткішті 1881 жылы Уәлихановтың ғылым саласындағы сіңірген еңбегінің құрметіне генерал-лейтенант Колпаковский орнатты» — деген сөздерді К.П. Кауфманның «өзі жазып, қазақ тіліне И.И. Ибрагимов аударған» (Әлкей Марғұлан). Олай болса, Колпаковскийді кінәлаудың еш реті жоқ. Ол Шоканның басына тас орнатып, тарихта атын қалдыруды ойлады деу — қисынсыз айып. Тіпті, басқаны былай қойғанда, сандаған жылдардан кейін заман желі қайдан соғатынын кім білген?

Кейбір тарихшылар Шоканды қазақ пен орыстың арасында қалған «маргинал» тұлға деп есептейді. Ал шындығында, оны екі халықтың, екі мәдениеттің арасындағы үзілмейтін дәнекер деп бағалау жөн сияқты. Рас, кезінде Шокан Ф.М. Достоевскийге жазған бір хатында: «Қазақтар маған «шоқынған қазақ» деп сенбейді. Ал орыс шенеуніктері маған «түземдік, бұратана» деп сенбейді. Осылайша не анда жоқ, не мұнда жоқ ауыр азапты көңіл-күйімді түсінерсің...» — деп күйзеледі. Қайғының ең үлкені — Шокан ешкімге керексіз болып қалып қойса, бүгінгі таңда оның есімі еш жерде аталмаса, сол болар еді. Жоқ, бүгінде ол екі ананы тел емген ұлдай, есімі Ресейде де, өз елінде де ерекше құрметпен аталады. 2003 жылы Омбы-

дағы Шоқан оқыған Кадет корпусының қабырғасына Шоқан Уәлихановқа арналған ескерткіш тақта орнатылды. Оның ашылу салтанатына Қазақстаннан да меймандар шақырылды. Солардың арасында мен де болған едім. Бізді, Астана және Петропавл қаласы тұрғындарының өкілдерін, Кадет корпусының басшылығы жылы қабылдап, алдымен жергілікті мұражаймен таныстырды. Мұнда да халқымыздан шыққан тұңғыш ғалым Шоқан Уәлиханов туралы деректер мен жәдігерлер мол екен.

Кешікпей салтанат басталды. Сөз алған шешендер, негізінен ресейліктер, Томск университеті ашылған 1880 жылға дейін Омбы Кадет корпусының Азиялық Ресейдегі ең үздік оқу орны болғанын, сол дәстүр әлі де жалғасын тауып келе жатқанын тілге тиек етіп, оның қабырғасынан талай ұлылардың түлеп ұшқанына мақтаныш білдірді. Солардың бірі де бірегейі — Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Оның есімі әр кез Кадет корпусының мақтанышына айналған ірі ғалым, жиһангез Г. Н. Потаниннің, публицист, саяси қайраткер Н.Ф. Анненскийлердің есімдерімен қатар аталады. Енді, міне, оның құрметіне ескерткіш тақта орнатылып отыр. Сөйтіп, ол орыстарға аса қымбат Корнилов, Карбышев сынды тұлғалармен иық тіресітirse, оған қалай қуанбассың?!

Арада бір жыл өтер-өтпесте, 2004 жылдың 30 қаңтарында Ш. Уәлихановтың есіміне қатысты тағы бір қуаныштың куәсі болдық. Бұл жолы солтүстікқазақстандықтар делегациясын облыс әкімі Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров бастап барды. Омбы қаласына Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев сыйлаған Шоқан ескерткішінің ашылуына

күннің салқындау болғанына қарамастан, халық көп жиналды. Бұл жолы да Шоқан, оның ғылыми қызметі, орыс империясына сіңірген еңбегі жайлы тебірене сөз сабақтағандар көп болды. Солардың ішінде Омбы мемлекеттік университетінің ректоры Г.И. Геринчтің сөзі жиналғандарды қатты толқытты. Орыстың атақты ғалымдарының бірі, профессор Н.И. Веселовский осыдан тура бір ғасыр бұрын, 1904 жылы қырғыз хандарының ұрпағы, сонымен қатар орыс армиясының офицері Шоқан Уәлихановқа тәнті екенін жазып кеткен. Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағының «Орыс Императорлық географиялық қоғамы жазбаларының» тұтастай бір томын алуы да көп жайды ұқтыратынын қаперге сала келіп Геннадий Иванович Шоқанның бүгінде көрші жатқан, тәуелсіздік жолын тандаған екі елдің ұлы мұраттарға бірге қадам басуына қызмет ететінін баса айтқан. Сөйтіп, қазақтың Шоқанының мүсіні Ресейдің көне қалаларының бірі Омбының төріне орнықты. Бұған сол шараға қатысқан қазақ-орыс қосыла қуанды.

Десек те, Шоқанның тағдыры аянышты. Ол небәрі орда бұзар отызында өмірден озды. Бірақ, «аңызғақ желден көлеңке, үскірік желден ықтасын іздемей» (Ғабит Мүсірепов) өмір кешті. Содан да Шоқан есімі — өткеніміздің бедері, бүгініміздің беделі. Оның ұлылығы — өмір жолының елдің, халықтың тағдырымен астасып, ойы, еңбегі, арман-тілегі бүгінгі күнмен, болашақпен сабақтасып жатқанында десек, қателеспейміз.

Ұлы Шоқанның өмірін, ғалымдық қызметін ыждағатпен зерттеушілер кейінгі ұрпаққа зор танымдық маңызы бар дүниелерін тарту етсе,

жазушылар ғұламаның әдебиеттегі бейнесін де сомдады. Осылардың ішінде Шоқан өмірін қажымай-талмай зерттеп, «Аққан жұлдыз» атты роман жазған, «Шоқан Уәлиханов» деп аталатын тарихи трагедияны ұлттық драматургиямыздың асылы деңгейіне жеткізген Сәбит Мұқановтың да ерекше еңбегін атап өтпеу мүмкін емес.

Сәбеннің осы драмалық шығармасы біздің облыстық орыс драма театрымыздың сахнасында екі мәрте қойылғанын айту орынды. Алғаш рет 1957 жылы погодиндіктер өз сахнасында Шоқанға арналған спектакльді қойып, театрдың бұл шығармасы сол жылы бірінші республикалық драма театрларының байқауында бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Шоқан бейнесін мүсіндеген республикамызға әйгілі сахнагер, марқұм Г. М. Шарнин осы қойылымды сахнаға шығару барысында әдебиетіміздің ақсақалы, әрі әйгілі жерлесіміз Сәбит Мұқановпен талай мәрте кездесіп, одан өмір мен өнер сабағын алғанын мақтанышпен айтатын. Сол спектакльді сахнаға шығарған қоюшы режиссер Г. И. Пушкарев еді.

1985 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен бүкіл әлем Шоқанның 150 жылдығын тойлаған кезде погодиндіктердің жаңа буыны Сәбең шығармасының арқауында екінші қойылымды сахнаға шығарды. Қоюшы режиссер бүгінде Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық драма театрының директоры әрі көркемдік жетекшісі Есмұқан Обаев Шоқан мүсінін сомдауды погодиндіктердің жас әртісі Виктор Шалаевқа жүктеді.

Сөйтіп, ғұлама Шоқанның өзі қалағандай, оның бейнесі қазақ және орыс халықтарының мәңгілік достығының берік іргетасын нығайта

түсті. Осы екінші спектакльді өзіміз тамашалап, орыс драма театры сахнагерлерінің ұлы тұлғаға деген тәнтілігін, тағзымын көзімізбен көріп, көңілімізбен ұғып, Шоқанға сүйіспеншілігіміз арта түсті.

Біртуар ғұламаның ұлы бейнесі бауырлас халықтың тілінде мүсінделіп, кейпі зорайып, кескіні тұлғаланып, жүректерге нұрдай құйылып жатқанына мәртебеміз артты.

...Біз Сырымбеттен күн еңкейе аттандық. Осы шақта қос шоқының басы, қарағайлы тоғай ерекше бір нұрға малынып тұрды. Шоқанның інісі Қозыке:

*Сырымбет биік адыр қатар кезең,
Жарысып таудан құлап аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Майысқан қайың мен тал — бәрі де әсем, —*

деп жырлаған Сырымбет, ұлтымыздың ақсұңқар ұлы, ақыл-ойдың алыбы Шоқанның томағасын сыпырып, топқа салған Сырымбет артта қалып барады. Қасиетті мекенмен қимай қоштастық.

АЮТАС

«Сауырынан су төгілмес боз жорға», жыр жүйірігі — Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) Ақмола облысының аумағындағы Азат станциясы төңірегінде өмірге келді деген сөз бар да, оны дәлелдейтін, қағазға түскен дерек, дәйек жоқ. Сол сияқты, ақынның ес біліп, есейгеннен кейінгі бүкіл ғұмыры өткен Есіл өңіріне де табаны қашан тигені белгісіз. «...Құлсары мен Құлеке батырлар Есіл өзенінің бойында, Ресей қорғандарына таяу жерде көшіп жүр» (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. — Алматы, 1961. — С. 633), — деген Ресей мұрағатынан алынған осы дерек 1761 жылдың 19 қарашасында қағазға түсірілген. Жалпы, зерттеушілер анықтағанындай, Құлеке есімі Орта жүз хандығы, Абылай әкімшілігі Ресеймен алмасқан қатынас қағаздарда, басқа да ресми құжаттарда 12 рет аталады. Осының өзі-ақ Шал ақынның әкесі — Құлеке батырдың өз заманында атақты, беделді адам болғанын айғақтайды.

Бертінге дейін Шал ақынның жоқтаушысы болмағандықтан ба екен, оның өміріне қатысты көптеген жайлар адамдардың жадынан өшіріліп, көмескіленіп қалған. Сондықтан да қазір оларды нақты анықтау қиын, мүмкін де емес. Мәселен, Мұхтар Мағауин: «Шалдың шешесі — «Ұлы жүзде ханнан кем қадірленбеген» атақты үйсін Төле бидің қызы екен», — деп жазады (М. Мағауин. Қобыз сарыны. — Алматы, 1968. — 100-б.). Бұл қайдан шыққан сөз? Мұрағат деректерімен жұмыс істеу тәртібін жақсы білетін ғалым-жазушының өзі айтып отырған жайға оқырманның көзін жеткізуге үмтылмауы ойға қалдырады, күмәнға жете-

лейді. Соған қарамастан, Шал акын тақырыбына қалам тартып жүргендер ешқандай сілтемесіз М. Мағауиннің айтқанын қайталаумен келеді.

Сонымен, Шал акын қай жылы туған? Оның өмірі мен шығармашылығына басқалардан бұрын ден қойып, артына қалдырған мол мұрасының халық игілігіне айналуына жол ашқан белгілі жазушы Мұхтар Мағауин өзінің «Қобыз сарыны» деп аталатын еңбегінде: «Біз Шал акын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы туып, 1819 жылы өлген деп санаймыз», — деп жазады. Алайда, бұл тұжырыммен ғалым Ғали Әбетовтің келіскісі жоқ. Ол белгілі акын, Солтүстік Қазақстан облысының тумасы Ғалым Малдыбаевтың 1958 жылғы қарашаның 28-де «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Шал акын кім?» деп аталатын мақаласын негізге ала отырып, «Шал 1760 жылы туып, 1831 жылы «тақыр қоянда» дүние салған» (Шал акын Құлекеұлы. — Алматы, 1999. — 207-б.) деген ойдың ұшығын шығарады. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс? Бұл арада дөп басып, төрелік айту қиын. Дегенмен, қолда бар деректерді пайдалана отырып ой өрбітуге болады. Ғали Әбетов: «Негізінде Ғ. Малдыбаев көрсеткен мерзімді ұстаған жөн. Өйткені Ғ. Малдыбаев бұл деректі Шал акынмен аталас ағайындарының қазіргі көзі тірілерінің айтуы, анықтауы бойынша жариялап отыр», — деп одан әрі тереңдемесе, Мұхтар Мағауин: «Егер Шал, шынымен, 1760 жылы дүниеге келіп, 1831 жылы опат тапты десек, Абылай (1710-1781 жж.) көз жұмғанда ол 21 жаста және Шоқан туардан төрт-ақ жыл бұрын қайтқан. Олай болса, Шоқанның Шалды Абылай ханның замандасы дегенінен гөрі Уәли хан-

ның замандасы деуі жөнге келіңкірейтін еді. Шоқан Шал құрастырған үлкен шежіре-жырдың ұмытылып бара жатқандығын айтады... Шоқан үшін Шал — өзі туардан төрт-бес-ақ жыл бұрын өлген адам емес, ертеректе жасаған ақын. Ал Шоканның бұл ретте қателесуі мүмкін емес еді: Шал шыққан ауыл да Шоқан ауылы дерлік, ақын мекені Алқа-Ағаш, Қаратал — Сырымбеттен 40-50 шақырымдай-ақ жер» (Қобыз сарыны. — Алматы, 1968. — 102-б.), — деп нақты деректерге жүгінеді.

Шал ақынның өзі:

Алтыс бір мүшел келді мерттей болып.

Өтпедің сол мүшелден серттей болып, —

деп әкесі Қүлекенің 61 жасында өмірден озғанын айтады. Бұл қай жылы еді дегенге келсек, зерттеушілер 1765 жылды жиі ауызға алады. Өйткені жоғарыда өзіміз келтірген, Ресейде сақталған құжаттарда 1765 жылдың қаңтарынан бергі кезеңдерде Қүлекенің есімі аталмайды. «Абылайдың үлкен ұлы Уәли сұлтанның 1781 жылы әкесінің қайтыс болғаны турасында шекара приказына жазған ресми хатында сол кезде ордада қызмет көрсетіп жүрген сұлтандардың, би-батырлардың бастылары түгелдей аталады. Мысалы, солардың ішінде Атығай руынан Сары қазақ (Жәнек батыр) бар, ал Құлсары мен Қүлеке батырлар жайында ешбір сөз жоқ» (Шал ақын Қүлекеұлы. — Алматы, 1999. — 215-б.). Осы арада сәл тізгін тартып, ойға құрық жалғасақ, екі түрлі жорамал жасауға болады. Біріншісі — Қүлеке 1765 жылдан кейін, тіпті, 1770 жылдары қайтыс болды дегеннің өзінде әлі онға толмаған баланын жұрт алдына шығып

жоқтау айтқанына, сол сөздердің ұрпақтың жадында жатталып қалғанына сену қиын. Демек, Шал акын 1748 жылы туды деген М. Мағауиннің сөзі қисынға көбірек келетін сияқты.

Құлеке мен Құлсарының Абылай ханның жаназасында болмауын олардың өлімінен басқа, мына бір жаймен де түсіндіре кету жөн. Бұл екеуі де Ресей шекара приказдарының өкілдерімен жақсы қатынаста болған, оларға адал қызмет еткен. Сондықтан олар беделді, сол төңіректегі «ең сенімді, игі ниетті адамдар» (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. — Алматы, 1961. — С. 633) ретінде есептелген. Орыстар олардың сұраған заттарын қайтармай беріп отырған, тіпті, олар арнайы сыйлық беруге де татитын адамдар екені жайында да атап айтылады. Сыртқы істер коллегиясының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа арнайы жарлықпен Құлеке батырмен жақсы қатынаста тұру керектігін, оған лайықты сый көрсетілуі қажеттігін ескертуі, міне, осының дәлелі.

Ал Абылайдың Ресеймен қарым-қатынасы тұрақты болмағаны тарихтан белгілі. Абылай хан өмірін жан-жақты, терең зерттеген ғалымдардың бірі, тарих ғылымының докторы Қ.Қ. Әбуов осы жайында өзінің 2006 жылы «Елорда» баспасынан шыққан «Қазақстан: тарих және тағылым» деген еңбегінде былай деп жазады: «1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салуына байланысты дәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда, үш жүздің өкілдері жиналып, бүкіл қазақтың ханы етіп Абылайды сайлайды... Ал патша үкіметі болса онымен келіспейтінін білдірді. Өйткені казакты жаулап алудың отарлық саясатын ғана көздеген ол хандық билігінің ныға-

юына, үш жүздің басының бірігуіне қайткенде жол бермеуге күш салған-ды... Сондықтан болар, Ресей патшасы II Екатерина Абылайдың оған арнайы жазған хатында келтірілген деректерге құлақ аспайды... Абылайдың өз еркімен елінің бірлестігін, дербестігін сақтаудан тайынбайтынына көзі жеткен Ресей өкіметі оны қайтсе де өз ықпалына көндіру шараларын қарастырды».

Осындай текетіреске орыс ғалымы, шығыстанушы А.И. Левшин де назар аударған. «Абылайдың бұл қылығына ыза болған Ресей үкіметі оған ақы төлеуді тоқтатып, оны кемсіту үшін кез келген бір сұлтанды көтермелеп, оған қарсы қоюды ұйғарған, — деп жазады ол. — Онымен қоймай, Абылайды тұтқындап, ішкі бір губерниясына жер аударуды да ойластырған» (XVI-XVIII ғғ. казак-орыс қарым-қатынастары: Құжаттар мен материалдар жинағы. 2-т. — Алматы, 1964. — 585-б.).

Осындай қарсылықтарға қарамастан, Абылай өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуге ұмтылса, Ресей билеушілерінің қолтығына кіріп алған Құлеке мен Құлсарының іс-әрекеттеріне кешіріммен қарап, өзіне жақын тартуы мүмкін бе? Жалпы, Абылай аса маңызды шешім қабылдарда өзінің жанындағы билер мен батырларды жинап, ақылдасып отырған. Алайда, олардың арасында Құлеке, Тілеке есімдері аталмайды. Демек, осы бір аласапыран заманда оның орыстарға тым жақындасып кеткен Құлеке мен Құлсарыдан іргесін аулақ салуы да мүмкін ғой.

«Ақтабан шұбырындыдан» кейін Есілді бойлай қоныстанбақ болған Бәйімбет, Құдайберді тайпалары осы жерге орнығып қалған Естек-

тердің қатты қарсылығына тап болады. Осындай кескілескен ұрыстардың бірінде Күлекенін ағасы Тілеке мерт болады.

*Сарбұлақ, Шуда менен Бағанаты
Естектің батыры екен шыққан аты,
Соғысып, сойылдасып берілместен
Белдеуден босанбанты байлаулы аты.*

*Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Күлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарбұлақты
Ағасы Тілекенің кегін апты.*

Осы жолдардың авторы, есімі солтүстікқазақстандықтарға жақсы таныс ақын Ахметжан Нұртазиннің айтуынша, бұл оқиға шамамен 1760 жылдары болған. Егер Шал ақын нақ осы жылы туды десек, онда ол Абылаймен замандас бола алмайды. Демек, М. Мағауиннің Шал XVIII ғасырдың орта шенінде туған деп шамалауы біршама шындыққа жанасады. Осымен бұл әңгімені доғара тұрып, Шалдың туған жері деп саналатын Аютастың тарихына көшсек, бұл жайында ел арасына тараған аңыз-әңгіме көп.

Оның шет жағасын алғаш рет ұзақ жылдар бойы қазіргі Шал ақын ауданындағы Балуан сегіз жылдық мектебінде директор болған, кейін зейнет демалысына шыққаннан кейін Алматыға көшіп, орталық кітапхананың сирек қолжазбалар бөлімінде қызмет істеген, бірнеше кітаптың авторы, ұстазым Сейтен Лиманұлы Сауытбековтің аузынан естігенім есімде. Секең өте балажан, жаңашыл ұстаз еді. Сегіз қырлы, бір сырлының нағыз өзі: өлең жазады,

сурет салады, мектептегі көрнекі құралдардың бәрін өзі жасаған. Ол кісінің беделі ауылда ғана емес, ауданда, облыста да өте жоғары болды. Сәбит Мұқанов елге келген сайын біздің ауылға соқпай кетпейтін. Сонда ат басын тірейтіні — Секен үйі. Міне, осы Секен 1962 жылы жазғы демалыстың алдында бізді — жетінші, сегізінші сыныптың оқушыларын сапқа тұрғызып: «Екі аптадан кейін Есіл өңіріндегі ауылдарға саяхатқа шығамыз, концерт қоямыз, спорттық жарыстар өткіземіз, дайындалындар», — деді. Бұрын-соңды мұндай шара ұйымдастырылмағандықтан, саяхатқа шығар күнді асыға күттік. Бір аптаның ішінде Жалтырда, Чапайда, Жаңажолда, Жанаталапта болып, сапарымыздың соңғы күні Қараталға соқтық. Әдетте, барған жерде күндіз жергілікті мектептің оқушыларымен жүгіруден, ұзындыққа, биіктікке секіруден сайысқа түсеміз де, кешке ауыл клубында концерт қоямыз. Жүгіруде қазір белгілі журналист, ақын Тоқтар Зікірин алдына жан салмаса, сол жылы сегізінші сыныпқа көшкен Қалдық Бегенов сикыр жасап, жиналғандарды таңғалдыратын. Оның құпиясының мәні мынада: столдың үстінде тұрған шағын жәшікті ашқан сайын ішінен не көгершін, не мысық, не қоян шығады. Жұрт көргендеріне мәз, олар дуылдата қол соққан сайын Қалдықтың да танауы таңқия түседі.

Сол күні Қараталда қонып қалдық та, ертеңіне таңмен таласа жолға шықтық. Бағытымыз — аудан орталығы Марьевка.

— Бүгін Аютасты көресіндер, — деді директорымыз.

Сол-ақ екен бәріміз шулап қоя бердік:

— Аютас?! Аю тас болып қатып қалған ба?!

— Ол жерде аюлар бар ма?

— Бізді жеп қоймай ма?

Секең алдымызда үнсіз, күлімсіреген күйі кен алымдап келеді.

— Қазір бәрін өздерін көресіндер.

Біздің ауылдың маңайы қайың-терегі ұйысқан қалың орманымен, жұпар иісі аңқыған гүлдерімен ерекшеленсе, бұл өңірдің кейпі өзгешелеу сияқты. Әсіресе, Есілдің жарқабағындағы «үйдей-үйдей» тастар бізге таңсық.

— Міне, Аютасқа да келіп қалдық, осы арада аздап демалып алайық, — деді директор сәлден сон.

Балалар тағы да шуылдасып кетті:

— Ешқандай аю көріп тұрған жоқпын, — дейді бізден ересектеу Сайлау қуақыланып.

— Көрдім, көрдім, әне, дәу де болса, анау алып тас аумаған аю емес пе?!

— Қайдағы аю, сіздің үйдегі Құтжолға да келмейді, — деп Бекен балаларды бір күлдіріп алды.

Сегізінші сыныпта оқитын Асқар ғана сабырлы: жазғы демалысының біраз бөлігін осы жақтағы нағашыларында өткізетін оған Есілдің де, тау-тасын да таңсық емес.

— Ағай, Аютас деген сөз қайдан шыққан? — деді ол жұрттың назарын өзіне аударып.

— Сәл шыдасандар, қазір бәрін айтамын. — Сейтен ағай бізді үнірейген аузына қарағанда ішіне бір отар қойып сыйып кететіндей үнгірге қарай бастады. — Осы маңайды жергілікті тұрғындар Аютас деп атайды. Ерте заманда осы өңірде Өтеу дейтін сіңірі шыққан бір тақыр кедей өмір сүріпті. Сол байғұс бірде соқыр әйелін жетелеп қаңғалақтап жүріп, осы маңайға келіп қалады. Бейшаралар әбден шаршаған ғой, тыныстап алмақ болып тізе бүгеді. Сол кезде мына үнгірден акырып атып шыққан аю әлгі екеуін

бас салып, парша-паршасын шығарады. Ерте-
ніне оларды осы маңайдан өтіп бара жатқан
жылқышылар тауып алады. Содан жайсыз ха-
бар осы өңірді жайлайтын Құлеке батырдың
ауылына жетеді. Сол-ақ екен, көптен найзасын
қолына алмаған батыр төрт қаруын асынып:
«Аюдың апанын көрсетіңдер», — деп жылқы-
шылардың соңына ереді.

Адам етіне дәндеген аю бөтен иісті тез сезіп,
сыртқа атылады. Осы кезде Құлеке оны найза-
сымен түйремок болады. Аюдың да айбаты
күшті болса керек, алдыңғы аяғымен салып
қалып, найзаны қақ бөледі. Ол ол ма, батыр-
дың санына тырнағын батырып та үлгереді.
Бірақ оған болайын деп тұрған Құлеке бар ма,
жан-дәрмен қимылдап, аюды алып ұрып, най-
засын жүрек тұсына сүңгітіпті.

— Содан кейін не болыпты?!

— Не болушы еді, аю өкіріп-бақырып құлай-
ды, содан кейін батыр жігіттеріне аюдың терісін
сыпыртып алады да, үңгірде қалған екі күшігін
тұмылдырықтап, ауылға алып келеді.

Осы әңгіме сол кезде маған да, басқа бала-
ларға да аса әсер ете қоймады, білем, бәріміз
Құлекені де, аюды да тез ұмытып, суға қарай
жүгірдік. Мен Сейтен ағайдың әңгіме, өлең
жазатынын білуші едім, әсіресе, ертегілері
«Балдырған» журналында жиі жарияланатын.
Мүмкін, сол көп ертегінің бірі сияқты да
көрінген шығар, әйтеуір, Қамбар батырды, Ер
Тарғынды жаттап өскен бізді Құлекенің ерлігі
қызықтыра қоймағаны анық. Кейін Алматыға
көшіп кеткен Секен бір кездескенде «Жазушы»
баспасынан шыққан «Аютас» деп аталатын ер-
тегілер жинағын сыйлады. Кітапқа бізге айтқан
әңгімесін де енгізіпті.

Арада біраз жылдар өтті. Өмір ағысы бәрімізді жан-жаққа алып кетті: Асқар мен Таңсық — Алматы медицина институтының студенттері, Қалдық эстрадалық-цирк училищесінде оқиды, Токтар мен Бекен — Қарағандыда... Мен болсам, әскери борышымды өтеп келгеннен кейін, бірден облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне кіші әдеби қызметкер болып қызметке орналастым. Студент кезінен өлең жазуға машықтана бастаған Токтар да Қарағанды кооператив институтын тәмамдағанымен, сауда саласында көп істеген жоқ, өзі сұранып газетке келді. Ол — Сергеевкада меншікті тілші, мен — қаладамын, әйтеуір, күн сайын дерлік хабарласып тұрамыз. Бір күні Токтар телефон шалып: «Сен очерк жазып жүресің ғой, керемет бір кейіпкер таптым, келіп кетсейші», — деді. Қазақ КСР-ның 60 жылдығы қарсаңында көлемді бір материал жазсам ба деп жүруші едім, бірден келісе кеттім. Иссапарға барамын дегеніме басшылар да қарсы болған жоқ, сөйтіп, өзімнің туған ауданым Сергеевкаға бет алдым. Бұл 1980 жылдың шілде айы болатын.

Аудан орталығы — Сергеевка бұл кезде он мындай тұрғыны бар, Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавлдан кейінгі екінші қала болатын. Тұрғындардың дені сияқты Токтар да, апасы екеуі көпқабатты үйде тұрады. Үш бөлмелі жайлы пәтер. Жас кезіміз ғой, шаршау деген жоқ, жуынып-шайынып алғаннан кейін, енді не тұрыс дегендей Токтарға қарадым.

— Орман шаруашылығында Қошан деген қария тұрады, өзінің білмейтіні жоқ дейді.

— Онда ерте күнді кеш қылмай барайық.

— Үлкен кісі ғой, салып ұрып жетіп барсақ, баласынып қалуы мүмкін, кеше орман шаруа-

шылығының директоры Қабыкеш Шәріповке хабарласқам, сол кісі апаратын болды, қазір келуге тиіс, — деді Токтар.

Айтқандай, көп күттірмей Қабыкеш ағамыз да келіп жетті. Орта жасқа келіп қалған, қараторы өңді кісі екен, өте сабырлы көрінді.

— Қошекене түстен кейін барамыз, қазір Алқаағашқа соға кетейік, — деді.

Бізде қарсылық жоқ, қайда апарса да ризамыз, оның үстінде Алқаағашта Тоқтардың нағашылары тұрады.

Ол кезде машина деген тапшы, бес кісілік «Газ-69» машинасына отырғанда кәдімгідей төбеміз көкке жеткендей болып қалдық.

Қабекен:

— Тура жолмен барамыз, — деп, Ыбыраев ауылының тұсына келгенде солға бұрылды. — Осы арадан Алқаағаш жиырма шақырымдай ғана.

Машина шоқ-шоқ ормандардың арасымен зымырап келеді. Көк майса көмкерген төнірек ерекше құлпырып, көздің жауын алады.

*— Тамылжып Алқаағаштың атырабы,
Алдыңнан көркем сурет ашылады.*

*Құлпырып гүл-бәйшешек жұпар бүркіп
Жаныңды рахатқа батырады.*

— Өзіңіз ақын екенсіз ғой?!

— Маған ақындық қайдан келсін, бұл Ахметжан ағамыздың өлеңі ғой, осы маңайдағылардың бала-шағасына дейін біледі.

Ахметжан Нұртазин — елге белгілі азамат, ол да көп жыл орман шаруашылығында қызмет істеген, бірнеше кітабы бар, әсіресе, жұрт оны айтыс ақыны ретінде жақсы таниды.

— Шежіре адам еді, өмірден ерте кетті ғой, — деп Қабекен мұнайып қалды.

Біз келгенде Қошекен үйде, кереуеттің үстінде отыр екен. Аққұба өнді, көркем кісі екен, мұрты мен сақалы да өзіне жарасып тұр. Сол кезде жасы жетпістің үстіне еркін шыққан-ау деп қалдым.

Қол беріп амандастық. Сәлемімізді алғаннан кейін «бұлар қай балалар?» дегендей Қ. Шәріповке қарады.

— Өзіңізге айтып едім ғой, екеуі де газетте істейді, — деді орманшы жігіт.

Енді Қошекен құлағым сіздерде дегендей бізге қарады. Манадан кіреберіс оң жақтағы кілемнің үстінде қатар-қатар тізілген саятшының саймандарынан көз ала алмай отырғанымызды байқаса керек:

— Бергі шеткісі — томаға, одан кейінгі — балақбау, балдақ, тұғыр, — деп түсіндіре бастады.

Әйтеуір, бұрын біз көрмеген дүниелер.

— Жас кезіңізде бүркіт ұстадыңыз ба? — деді Тоқтар.

— Жас кезде ондай мүмкіндік болған жоқ. Жігіттік шақ ақ пен қызылдың аласапыранына тұспа-тұс келді, одан кейін де тұрмыс түзеліп кете қойған жоқ. Қалада тұрған кезде қан қысымым көтеріліп, дәрігерлер бір тыныш жерге көшуге кеңес берді. Одан бері де қырық жыл өте шығыпты. Біз не көрмеді дейсіңдер... — Ақсақал ойланып қалды.

— Қошекен — атақты Шал акынның ұрпағы, — деді манадан қою шайды сораптап отырған Қабекен осы арада әңгімеге араласып.

Шал ақын? Бізге онша таныс есім емес, елең ете қалдық. Тоқтар да біле бермейді, білем, үнсіз. Әңгімені Қошекеннің өзі жалғастырды:

— Біз Құлеке батырдың ұрпағымыз. Үлкендердің айтуларына қарағанда, оның Қазақбай, Тілеуке, Бәбек, Шардақ, Жүсіп деген алты ұлы болыпты. Біз Қазақбайдан тараймыз, менің әкем Жантілеу оған шөбере болып келеді. Шалдың ата-анасы азан шақыртып қойғызған аты — Тілеуке.

— Неге Шал деп қойды екен?

— Ол кезде жазу-сызу жағы шамалы болды ғой, әркім әр түрлі айтады. Соның бәрін кезінде керек қылдық па, әйтпесе, біздің үйге бертінде Үкілі Ыбырай, Тырбидың Молдахметі сияқты әнші-жыршылар жиі соғып жүрді. Әкей өнерге жақын адам еді. Бір естігенім — Тілеуке өте зерек, ақылды болып өсіпті, үлкендерше ойлап, үлкендерше сөйлейді екен. Екінші бір әңгіме — оған бұл атты қайын атамыздың атын атамаймыз деп жеңгелері қойыпты. Өйткені Құлекенін Тілеке деген ағасы болыпты. Қалай десек те, Шал бабамыздың бойындағы қасиетіне орай қойылған ат болуы керек.

— Сіз білетін осы әңгімелерді бұрын еш жерде кездестірген жоқпыз.

— Ол рас, өзіміз де ұмыта бастағандай едік, ана жылдары Алматыдан Мұхтар Мағауин деген жазушы келіп, екі-үш күн жатып кетті. Соған кезінде жаттап алған жиырма шақты өлеңді айтып бердім. Өзі де көп біледі екен. Әсіресе, мені Құлекеге қатысты әңгімелері қатты қызықтырды.

— Шал ақынның туған, кайтқан жылдары туралы не білесіз?

— Өзім білетін жырларынан оған ілгешек боларлық ештеңе кездестірмедім. Зерттеушілер бабаларымыз осы өңірге «Ақтабан шұбырындыдан» кейін табан тіреді дейтін көрінеді.

Менің жобалауымша, бұл сол 1760 жылдардың шамасы болуы керек. Бұл — Шал ақындығымен таныла бастаған кез. Олай болса, Шал сол 1740-1750 жылдардың аралығында дүниеге келді деу жөн сияқты. Мұхтардың айтуына карағанда, 1740 жылы Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан бастаған Орта жүздің біраз билері мен батырлары Ресей патшасының қол астына өз еріктерімен енетіндері жөнінде ант беру үшін Орынборға барады. Екі жақ өзара қарым-қатынас мәселелерін он күндей талқылайды. Содан қыркүйектің 1-і күні патшаның өкілі генерал-лейтенант В. Урусов қазақ жағынан келгендерге сыйлық таратады. Сонда Тілеке батырға темір сауыт тиіпті. Ал Құлеке ант беруге кейін барған. Кейінгі құжаттарда Тілекенің аты кездеспейді, сірә, ол Естектермен шайқаста қаза тапты деген сөз шын болуы керек. Ал қайтқан жылына келсек, «Кәрілік» деген өленінде бәрін өзі айтып тұрғандай, алпысыңды да, жетпісінді де көргені байқалады.

— Шалдың зираты қайда?

— Өздерің білетін шығарсындар, бұрынғы аудан орталығы — Марьевканың күншығыс жақ бетінде үлкен зират болған, сонда қойылса керек. Бірақ, басында белгі жоқ, қазір ешкім тауып бере алмайды.

— Сіздің айтуыңызға карағанда, Шал кейінгі ұрпаққа қыруар сөз қалдырған үлкен ақын сияқты, бірақ осы күнге дейін аты неге аталмай келген?

— Оның көптеген себептері болуы мүмкін. «Бәйгелден келе бермес малдың бәрі, Қатарға ене бермес жанның бәрі», — деп бабамыздың өзі жырлағандай, есімі ұмыт болған асылдар аз

емес қой. Мен Шал ақынды ұрпағынан алыс-
татқан бірінші жай — оның дінге көзқарасы ма
деймін.

*Жаратты Мекке менен Мәдинені,
Жаратты иман, дұға шын дүниені...
Жаратып он сегіз мың ғалам етті,
Бірісін ғалым, бірісін надан етті...*

*Құранда уассамәһи дастан болар,
Бірталай сөйлей берген астам болар.
Аллаға құлшылығы жаққан құлға,
Есігі сегіз жұмақ бостан болар.*

*Құранда уассамәһи уәл арузы,
Алланың пендесіне көп қарызы.
Жігіттер, ораза ұста, намаз оқы,
Ғарасат майданы бар, тергеледі...*

Міне, осы жолдар ақын атамыздың діни
сенімінің беріктігін айғақтайды. Олай болса,
оның кеңестік саясаттың шекпеніне сыймаға-
ны анық.

Қошекең үйін ауылдың шетіне, орманның
ығына өзі салдырған екен. Шайдан кейін есік
алдына шығып, көк майсаға жайғастық.

— Қазақтың қай жері болсын қасиетті ғой.
Бабаларымыздың қаны мен тері сіңген бұл жер
де талай оқиғаларға куә болған, — деді Қоше-
кең.

— Ата, Күлеке мен Тілекеден тараған сізден
басқа кім бар?

— Бар ғой, бар... Алқаағаш, Қараталды айт-
пағанның өзінде, қатар жатқан осы екі ауданда
біраз адам тұрады.

Біз Қошекеңмен кимай коштастық. Қарт-
тың кеудесі алтын сандық екен, жаңылмай
сөйлейді. Үкілі Ыбырайды еске алғанда екі көзі
тіпті жайнап кетеді. Бұл енді бөлек әңгіме...

САСЫҚКӨЛ

Қазақта өзінің туған жерін, өскен ортасын жырға қоспаған ақын жоқ шығар, сірә. Бұл тақырып қазақтың біртуар ұлдарының бірі, ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың жырларына да алтын арқау болып өрілген. Өзінің «Туған жер» деген өлеңінде:

*Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық — алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.*

*Жаратылдым топырағыңнан, сен — түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен — күнім, —*

деп тебіренген ақын «Адам басы — Алла добы» деген сөздерді жадында ұстап, күндердің күнінде шалғайға қанат қағарын, түнде ақсүйек ойнап, алтыбақанда тербелген, ал күндіз балақ түріп, қозы қуып, жарысқан, үйретем деп асау тайға жабысқан бал-дәурен балалықтың қайталанбас сәттерін сағынарын сезген бе дерсің! Содан да ол өзін қоршаған ортаны ғашық көзбен шолып, жүректен жыр өрген. Ақынның туған жерге, талбесігіне деген іңкәр сезімі, әсіресе, «Айда атыңды, Сәрсембай» деген өлеңінен ерекше сезіледі.

*...Сар даламды сағындым,
Айда атыңды, Сәрсембай!
Әлде ұйқың келе ме?
Сәрсембай-ау, сен неге*

*Шырқай бір ән салмайсың?
Жетесің туған жеріңе,
Еркелеткен еліңе,
Жүрегім, неге жанбайсың?!
Сарыарқамның топырағы —
Менің жаным шырағы,
Кеудемді төсеп жатамын.
Оның жібек желінің,
Тәтті кәусар көлінің
Қазір дәмін татамын.
Қайырылып кейін қараман,
Шықтық па ұзап қаладан,
Айтшы, жаным ағатай!
Кейін қарап не етеміз,
Ауылға қашан жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай!*

Ауылды, онда қалған бауырларын ойлағанда дүрс-дүрс соққан Мағжанның жүрегі осылай алып ұшады. Сәрсембай — әкесі Бекеннің көшірі. Ол 1910 жылдың мамыр айында Қызылжардағы Мұхамеджан Бегішовтың медресесін бітірген Мағжанды ауылға — Сасықкөлге алып келеді. Қасында медреседе бірге оқыған жолдасы Бекмұхамед Серкебаев (атақты әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) бар Мағжан үйіне жеткенше асығады. Бұлар ауылға келгеннен кейін қой сойылып, қазан көтеріледі. Сөйткенше, Мағжан осы өленді жазып, жиналған қауымға оқып береді.

Бізге жеткен мәліметтерге қарағанда, жас кезінде Мағжан мен Бекмұхамед жиі араласқан, дос болған. Олар Уфадағы Ғалия медресесінде де бірге оқыған. Енді мына қызықты қараңыз, олардың өмірдегі жолдары осылай жиі түйісіп тұрса, екеуінің болашақ жарлары да жастай

араласып, сырлас болып кеткен. Өзінің туған жері — Қызылжарға жиі соғып тұратын Ермек ағамыздан бірде: «Осы жайында сіз не білесіз?» — деп сұраған едім.

«Біздің әкей де, шешей де Мағжанды жақсы білген. Бірде «Мағжанды білесің бе, көрдің бе?» деп шешейді ренжітіп алғаным бар, — деген сонда әйгілі әнші. — «Мағжанды көрдің бе дегенің қалай, мен оның алдынан оқыдым ғой. Алғаш рет мен оны аттас құрбым Құрманбайдың қызы Зылиханың үйінде кездестірдім. Мағжан өте сұлу, сыпайы, ашық мінезді жігіт екен», — деген анам.»

1925 жылы шешей Қызылжардағы екі жылдық мұғалімдер дайындайтын курсқа оқуға түседі. Ал келесі жылы Мағжан осында қазақ әдебиетінен сабақ береді. Шешей, әсіресе, небір киын кезеңдерде сүйген жарына адалдығын сақтай білген Зылихаға риза болып отыратын. Алматыда Тимирязев көшесінде тұрғанда ол кісілер жиі араласты. Анамыз Мағжанды да, Зылиханы да өле-өлгенше аузынан тастамай кетті ғой».

«Жалғыз қалдым, тап шыным» деп Абай жырлағандай, Мағжан — жалғыздықтың дәмін көп татқан адам. Содан да ол әр кез кіндік қаны тамған атамекенінен қуаныш, жанына жұбаныш іздеген, қайда жүрсе де Сасықкөлге бір соғуды, оның жұпар ауасын жұтып, көгөрай шалғынға бір аунауды аңсаған. Осындай бір сапары жайлы 1995 жылы кездескенімізде ақынның ағасы Қаһарманнан туған Ғаділша ағай айтып берген еді.

«Жаздың жайма-шуақ күндерінің бірі еді. Бір топ бала ауыл шетінде асыр салып ойнап жүр едік, анадайдан пар ат жеккен пәуескелі

арба көрінді, — деп бастаған әңгімесін Ғаділша Қаһарманұлы. — Ол уақытта бізге бәрі қызық емес пе, тұра жүгірдік. Әлгіндей болмай жолаушылар да жақындап қалды. Арамыздағы ересегіміз Қабдөш: «Жәжекем келді!» деп алақайлап жатыр. Бұл менің ағайды тұңғыш көруім еді. Ол арбадан түсті. Қасында — иығына ұзын шашақты ақ жібек бөртпе шәлі жамылған ақ сары келіншек. Екеуі бәрімізді алма-кезек сүйіп, бауырларына басып жатыр.

Сол жылы олар қалаға қайтуға асыққан жоқ. Күнде түс ауа Сасықкөлге барады. Біз де улап-шулап, соңдарынан қалмаймыз. «Туған жерім — Сасықкөл» деген өлеңін оқығанда сол бір ұмытылмас сәттер көз алдыма келеді».

Айтса айтқандай, ақынның аталмыш өлеңінде туған жердің келбеті ғана емес, тіршілік-тынысы да шебер өрілген.

*Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,
Мап-майда мөлдіріңде қалқыған көл.*

*Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.*

*Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал,
Дөңізе ойнақ салып, қуанған көл.*

*Сыртыңда ақбоз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл.*

*Ағайын тату-тәтті қоныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.*

*Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,
Шуақта балықтарың тулаған көл.
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,
Басыңда кеңес құрып, дулаған көл.*

*Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,
От-суға иең түгіл, жат тойған көл.
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көксілдер тұс-тұс жақтан ат қойған көл.*

*Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл.
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Күресіп күн батқанда белдескен көл.*

*Айдын көл, атақоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.*

*Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.*

Міне, Мағжан осы Сасықкөлдің жағасында өмірге келді. Осы өңірді Бекеннің әулетіне құда болып келетін белгілі ақын Хамза Абдуллин өзінің естеліктерінде былай суреттеген еді: «Сібірдің қалың орманы атақты Сарыарқа жазығының ең солтүстік шетінде айдыны айдай жарқырап жатқан көлге тіреледі. Бұл көлдің оңтүстік жартысы — камыс копасы. Қопаның

іші қаз бен үйрек, қасқалдақ пен шүрегей сияқты құстарға толы... Таң ағарып атып келе жатқанда сол құстар балапандарын ертіп жағаға шығады... Осы бір әрі терең, әрі үлкен Сасықкөлдің батыс жақ жағасын көмкеріп тұрған қалың орманның жиегінде орналасқан үлкен ағаш үйде 1893 жылғы 25 маусым күні Мағжан Бекенұлы Жұмабаев дүниеге келді».

«Жұмабай қажының ағаштан құрап салған үш бөлмелі үйі болатын. Үйдің төбесін тақтаймен жапқан, терезелері күншығысы мен батысына қаратылған, шығысында 5 терезе, батысында 3 терезе, үш бөлменің ортасында ас бөлмесі, оң жағында қонақтарды қабылдайтын үлкен бөлме, сол жағында тоқал мен балалар бөлмесі. Үйге жалғас лапас қора бар, онда арба, шана, пәуескелер тұрады. Одан әрі ағаштан құраған астық пен атқа жем қоятын сарай. Оның ар жағында мал қоралары. Сырт жақта ас-су қоятын «Шорам үй» ағаштан қиылып салынған, төбесі дөңгеленіп келіп, шаңырақпен түйіседі. Осы құрылыстар төртбұрыштанып келіп, үлкен қақпамен тұйықталып сәнімен кешен құрайтын» (Ғ. Қаһарманұлы. Жәжеке. — Алматы, 2005. — 9-б.). Әкесінің кіндік қаны тамған, атасы Жұмабайдан қалған осы үйде Мағжан өмір есігін ашады. Әрине, ол кезде мұндай үйлерді екінің бірі сала алмайтын. Бұл — Жұмабай әулетінің бай болғанының бір дәлелі. «Мағжан — текті атадан. Әкесі Бекен — дәулетті, болыс болған кісі. Оның әкесі Жұмабай саудасаттықпен айналысып, байыған. Меккеге барып қажы атанған, ел сөзін ұстаған беделді адам болған» (Ш. Елеукенов. Мағжан Жұмабаев. — Алматы, 2002. — 6-б.). Мағжанның әкесі Бекен де есейген шағында билікке араласа бастайды,

болыс болып сайланады. Осы арада басын ашып айта кететін бір жай, қазақтың байлары бәрі бірдей жиған-тергеніне, мыңғырған малына мәз болып отыра бермеген, олардың араларында балаларының білім алуына, ғылым жолын қууына көп көңіл бөлгендері де аз емес. Оған Шоқан, Абай, тағы басқа ғұламаларымыздың өмірлері толық дәлел бола алады.

Бекен Жұмабайұлы да жеті ұл, екі қызына білім беру қажеттігін жете түсінген. Содан да ол 1897 жылы Сасықкөлге еуропаша әдемі киінген, сұнғақ бойлы аққұба жігіт ат басын тіреп, өзінің мұғалім екенін айтқанда оны қуана қабылдап, осы ауылда қалып, балаларды оқытуын сұрайды. Кешікпей Бекен ауылында башқұрт жігіті Ахиетден Ақановтың мектебі жұмыс істей бастайды. Мағжан сауатын осы мектепте ашады. Ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің жазуларына карағанда, А. Ақановтың арнайы оқу бағдарламасы болмаған. Ол өзінің шәкірттеріне негізінен Шығыс тілдері мен әдебиетін үйреткен. Демек, Мағжанның ақындық жолға түсуіне оның алғашқы ұстазының да ықпалы болды десек кателеспейміз.

Заманында көзі ашық адам болған Бекеннің сол кездері жарық көрген кітаптардың бірде-бірін құр жібермей жинай беруі де бала Мағжанның өмірді тез тануына, дұрыс таңдау жасауына жол ашқаны сөзсіз. Бұл жөнінде Жұмабай әулетіне әрі жиен, әрі келін болып келетін Бибізәйіп шешей кезінде біраз сыр шерткен. Ол кісінің айтуынша, Мағжанның шешесі Гүлсім сауатты адам болған. Ол балаларының үйдегі кітаптарды оқуын қадағалап, ал әлі «әліпті таяқ деп білмейтін» кішкентайларына кітаптарды

өзі оқып, мазмұнын түсіндіріп отырған. Осындай ортада өскен Мағжан жеті жасында-ақ ұзақ киссалардың өзін жатқа айтатын болған.

— Мағжан сол кезде ақындардан кімді пір тұтты екен?

— Анасы Абайдың шығармаларын колынан тастамайтын деп отырушы еді.

Бұл сөздердің жаны бар. Оған Мағжан жырларын оқып отырып-ақ көз жеткізуге болады. Жас Мағжан Абайға еліктеп, оның ізімен көптеген өлеңдер жазады («Жазғытұры», «Күз», «Қысқы жолда», т.б.). Осылай Абай оның сырласына, өмірлік ұстазына айналады. Абайдың ұлылығын жұрттан бұрын таныған да Мағжан еді.

*Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жсайып енді күтпес, —*

деп Абайды шынға көтереді.

Сасыккөл — Мағжанның атамекені, қуанышы мен кайғысы. Ол осында өмірге келді, бауырлары Әбәмүсілім, Қаһарман, Мұхамеджан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, Күләндам, Гүлбаһрам сияқты ата-анасының мейіріміне бөленді. Осында жар құшты, сәби сүйді. Бірақ ол бақыты баянды болмады. Мағжанның бірінші әйелі Зейнеп (Шоқан Уәлихановтың інісі Жұқыптың қызынан туған) 1919 жылы ақпанда баладан қайтыс болады. Сол бір мұңға толы азапты күндерде:

*Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік,
Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық.*

*Есейіп бірте-бірте ес кірген соң,
Жақындық, арамызда артты достық.*

*Балалық махаббаты тамашада,
Қызарып ұялысып оңашада,
Бір сағат көрісе алмай тұра алмаушы ек,
Көңілде бір бөтен ой болмаса да.*

*Жүрсек те жүрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ақ, хат алыспай.
Көзге көз түскенінде қызарысып,
Бір ауыз сөз айтуға бата алыспай.*

*Жаз болса түнде ұйқы көрмеуші едім,
Түн бойы арып, шаршау білмеуші едім.
Есікті ақырын ашып тұрғаныңда.
«Шық, жаным, берірек кел, мен!» —
деуші едім.*

*Кетуші ек қол ұстасып тура көлге,
Дуылдап жанған бетті ұстап желге,
«Жаным!» деп алма беттен сүйгенімде,
Қызарып қараушы едің төмен, жерге.*

*Қытықтап жас жүректі, ойнап жас қан,
Дірілдеп тұрушы едік жанша сасқан.
Мөлдіреп көздеріміз айырылыса алмай,
Ағарып ақ жібектей атса да таң.*

*Қосылған жас күнімнен жарым едің,
Сүйікті анық досым, жаным едің.
Алысқа, ұзақ жолға шыққанымда,
Сарғайып, мені күтіп қалып едің.*

Бұл өлеңді Мағжан Зейнеп қайтыс болғаннан кейін жазса керек. Алда оны тағдырдың

тағы бір сокқысы күтіп тұр еді. Бір жасқа толар-толмаста баласы Граждан қайтыс болады.

Бұл кезде Мағжан Омбыда тұратын. Перзентінің қазасы жанына қанша батқанмен, өзінде, ағайын-туғандарын да жырмен жұбатты:

*Қайғырмаңдар бұл сәбиді өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың,
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.*

*Өлгені емес жерді тастап кеткені,
Шын бақытқа ерте бастан жеткені.
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен
Орын алып, ата-анасын күткені.*

Есі кіріп, есейген шағында Мағжан Сасықкөлді басқа қырынан тани бастайды. Оған, әсіресе, ағайын арасындағы араздық қатты батты. «Мағжанның әкесі Бексен мен оның ағасы Нұрмағанбеттің арасындағы өріске, Сасықкөлдің суына таласушылық елдің берекесін кетірді. Оның зардабы екі байдың малын бағып жүрген жалшылардың жауырынында қамшы болып ойнап, бастарына сойыл болып тиіп, бірінің шекесі, бірінің қолы сынумен тыныш табатын» (Б. Қанарбаева. Жырмен жұртын оятқан. — Алматы, 1998. — 95-б.). Осылардың бәрі, әрине, бала Мағжанды терең ойларға жетелеп, ерте есеюіне ықпал етті. Ол енді ойын он саққа жүгірткен сансыз сауалдардың жауабын Сасықкөлден емес, сырттан іздей бастады, Омбыдағы оқуын жалғастыруға ұйғарды. Баласының бұл шешіміне әкесі қарсы болып, егер Мағжан айтқан тілін алмаса теріс батасын беретінін, көк тиын қаржы ұстатпайтынын кесіп

айтты. Бірақ, Мағжан бұл жолы да, Сәрсембаймен Қызылжардан келе жатқандағыдай, артына қарайламай, келер күндерге асықты.

Отызыншы жылдардың ойраны Сасықкөлді, Бекен қажының отбасын да орап өткен жоқ. Сол кездегі оқиғаларды көзі тірісінде Мағжанның Сәлімжан (Сәлтай) деген інісінің әйелі Бибізәйіп апайдың аузынан талай рет естіген едім.

— Біз өзі Жұмабай әулетіне жиен болып келеміз. Менің шешем Рәзия Жұмабайдың қызы Мәржікейден туған. Әйтеуір, дәм жазып, сол шаңыраққа келін болып түстім. Мағжан ара-тұра ауылға келіп-жүргенде жақынырақ барып, сөзін естуге құмартушы едік. Ол кісі төңірегіне жастар жинала қалса, оқу-білім жайлы сөз қозғайтын. Өлендерін де оқушы еді. Бірақ, бәріміз баламыз, сол кезде жаттап алу ойымызға да келмепті.

Осылай дей келіп, әңгіме отызыншы жылдардың оқиғаларына ойысқанда, Бибізәйіп шешей бір күрсініп алатын.

Нақ сол жылдары Бекеннің шаңырағы да қатты шайқалады. Қуғын-сүргінге ұшырап, үйлері бұзылып, мал-мүлкі талан-таражға түседі. Мағжан ұсталғаннан кейін Әбәмүсілім, Қаһарман, Мұхаметжан мен Сәлтай да жазықсыз жазаланып, сотталады. Сөйтіп, бір кездері думаны тарқамаған Сасықкөлдің басы қаңырап бос қалады. Жеті ұлы мен екі қызынан тірідей айырылып, барар жер, басар тауы қалмаған Мағжанның әке-шешесі келіні әрі жиені Бибізәйіпті паналайды.

Мағжандай арысынан айырылған Сасықкөл жарты ғасырдан астам уақыт меңіреу-мылқау күй кешті. 1989 жылға дейін бұл өңірде Мағжанды іздеген, оның кіндік қаны тамған Са-

сықкөлді аузына алған адам болған жоқ. Ондай адам табыла қалған күнде де, бір кезде «жарысып саф күмістей ақ көбігі, мап-майда мөлдірінде қалған көлді» танымаған болар еді. Біз де «басынан құсы ұшып кеткен», қалың камыс айдынын көлеңкелеген көлдің Мағжан жырлаған «шуақта балықтары тулаған, басында кеңес құрып ел дулаған» Сасықкөл екеніне сене алмаған едік. Жергілікті орта мектептің кең дәлізіне ілінген үлкен сурет қана көңілімізді сергітті. «Мағжанның Сасықкөлі осы, жергілікті суретші ақынның өз жырларына сүйене отырып, үлкендердің айтуы бойынша салған», — деді Сартомардағы орта мектептің директоры Е. Көжекбаев. Бұл Мағжанның екінші рет өмірге келуінің, халыққа қайта оралуының басы еді.

1988 жылдың аяғында Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытовтармен бірге Мағжан Жұмабаев та біржолата ақталғаннан кейін Сартомар, Сасықкөл ауызға жиі алынатын, қатар аталатын болды, алыстан ат терлетіп жеткен ақын-жазушылар алдымен Мағжан ауылына соғуды әдетке айналдырды. Осылай 1989 жылдың жазында Мағжан жырына тәнті қауым алғаш рет Сартомарда, Сасықкөлдің жағасында тоғысқан. Мағжанның туған ауылында өткен әдеби күндерге — жыр мерекесіне Қазақстан Жазушылар одағының делегациясын белгілі жазушы Сәкен Жүнісов бастап келді. Сол кездері жұлдызы жарқырап тұрған жүйріктердің бірі Сәкен серіні тұнғыш көруім еді, сөзге келгенде тізгін тартпайды екен, Мағжан туралы көсілді-ай келіп. «Бауырлар, қуаныштарын құтты болсын, ардақты перзентің, асыл ақының Мағжан орталарына қайтып оралды», — дей келіп баяндамашы біраз жайды ортаға салды.

Сол қуаныштын куәсі болған арқалы ақын Ғафу Қайырбеков іле «Қазақ әдебиеті» газетінде былай деп жазған еді: «Ағылған халықта шек жоқ. Мынау жерден, биіктете соғылған тақтай трибунадан, оқтай түзу табиғат көшесінің бойымен түп-тура алысқа көз тастаңызшы! Көз көкжиекке ұмтылады, оны көріп болмайсың. Екі ара қыбыр-қыбыр, құжынаған құмырсқаның илеуіндей. Әлдебір жан біткен қайындар ма, яки жасыл құлақты қамыс-құрақ па немесе тербеліп тұрған теңіз сабасы ма, әйтеуір, бір ғажап сиқыр ғалам. Жоқ, олардың бірі де емес — Адам теңізі» («Қазақ әдебиеті», 1989 жыл, 18 тамыз).

Содан шешеннен шешен тізгін алып, ақындар саңқылдап өлең оқыды. Ғафаң да қоңыр даусымен баршаны баурап алды. Өзінің Торғайдан, Ахмет Байтұрсыновтың тойынан келе жатқанын айтып, онда да халықтың жүрегі жарыла қуанып жатқанын жеткізді. Сосын Мағжанға арнаған «Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар» деген өлеңін оқып берді. Осылай Мағжанның туған топырағында өткен алғашқы жыр мерекесі оның мәңгілік сұлу тірлігін паш еткендей болды, ақын рухын ел жүрегіне ұлатты. Дегенмен, бір шараның асылын сағынған халықтың сусынын қандыруы мүмкін емес еді. Содан да болар, келесі жылы тамыз айында жырсүйер қауым тағы да Мағжан ауылына ат басын тіреді. Олар көптеген оң өзгерістердің куәсі болды. «Аз мерзімде «Молодежный» кеңшарының орталық көшелеріне асфальт төселіп, телефон орнатылды. Сартомар ауылына тас жол салынды, село барынша безендіріліп, көріктендірілді. Мектепте Мағжанға арналған мұражай ұйымдастырылды. Оған

Алматыдан көптеген экспонаттар алдырылды. Жиналған акын-жазушылар халықты Мағжан туралы сырға, тамаша жырға тойдырды». (Ғ. Қаһарманұлы. Жәжеке. — Алматы: Қазығұрт, 2005).

Осы тойларда Мағжанның туған-туыскандары да төбе көрсете бастады. Әсіресе, халық өмір азабын акынмен бірге тартқан Зылиханы көруге күштар еді. Оның да орайы келді. Сасықкөл жағасында акынның туған күніне орайластырылып өткізілген жыр мерекесінде Зылиха шешей Мағжан туралы көп естелік айтты. Біз сол жолы Сасықкөлге «бес қаруымызды сайлап», жылжымалы радиокондырғымен барған едік (ол кезде мен облыстық радионың бас редакторы едім), Мағжан туралы бір ауыз сөзді қалт жібермей, түгел жазып алдық, кейін бірнеше хабар жасадық. Әттең, соның бәрі нарықтың алғашқы жылдарында жойылып кетті. Зылиха шешеймен сұхбаттың да сақталмағанына қатты өкінемін. Дегенмен, осы материалды жазу үстінде қойын кітапшама түскен біраз сөздердің жаңғырғаны да көңілге жұбаныш боларлықтай. Сонымен Зылиха шешейдің әңгімесіне оралсақ, ол кісі Мағжанға бөтен де емес екен.

— Менің әкем Құрманбай Мағжанның шешесі Гүлсімнің әкесі Әмірбекпен бір туған. Сонда менің Мағжанға кім болатынымды ажырата бер, — деп шешей әңгімесін әріден бастаған. — Біз медреседе бірге оқыдық, кейін де жиі кездесіп жүрдік, ақыры 1922 жылы Мағжан Омбыдан оралғаннан кейін дәм-тұзымыз жарасып, қосылдық. Сол кездері бізден бақытты жан жоқ еді. Бірақ, бақытымыз баянды болмады...

Иә, алақұйын тағдыр Мағжанды аяған жоқ. Оның тауқыметін Зылиха да көп тартты.

Өкінішке орай, соның бәрін жоққа шығаруға талпынып жүргендер де бар. Осы бір кесірлікті кезінде Мағжан мұраларын іздестіру мақсатымен Қызылжарға келіп-кетіп жүрген белгілі қаламгер Жайық Бектұров та байқаған екен. «Зылиха байғұсты Мағжанның бір-бірінен көптен бері жат болып кеткен аға-інілерінің әртүста тарап, бытырап, кейде тіпті қаңғып қалған ұрпақтарының қайсыбіреулері түк себепсіз қарадан-қарап ұнатпайтын көрінеді. Өмірде әдепсіздік көп қой. Бәрі де қараңғылықтың, іштарлықтың белгісі... Жалған қызғаншақтық сезім де бар. Жаксы мұраға ие болғысы келетін ниет те бар» (Бес арыс. — Алматы: Жалын, 1992. — 318-319-бб.).

Зылиханы қаралауда белсенділік танытып жүргендердің бірі — Мағжанның туған інісі Қалижанның қызы Райхан Жұмабаева. Ол қазір Алматыда тұрады. Сол кісінің үстіміздегі жылы «Қазақстан әйелдері» журналына берген сұхбатын оқып, жағамды ұстадым.

Алдымен, Р. Жұмабаева бұрын-соңды ешқайда жарияланбаған Омар Қаймолдин дегеннің мұрағатта сақтаулы хатынан үзінді келтіреді. Райхан Жұмабаева мен мақала авторына сенсек, онда мынадай жолдар бар: «Қазақтың ақиық ақыны туралы жүз жыл өткен мерейтойынан кейін (дұрысы, жүз жылдық емес пе — Ж.С.) ғана шындықтар айтыла бастады. Шүкіршілік дейміз. Туыстарымен аралас-құралас болғанын, бүкіл әулеттің жазықсыз жазаланғанын көзбен көргенін, дүниеден өткен жиырма жылдан астам уақыттан кейін Зылихамен некеге отырғанын, «мағжаншылардың» көпірме сөйлеуін аруақ кешірімес». Байқап отырған шығарсыздар, «мағжаншылар» деген сөз тыр-

нақшаға алынған. Олар кімдер? Мен білетін мағжантанушылар — белгілі ғалымдар Шерияздан Елеукенов, Тұрсынбек Кәкішев, ақын-жазушылар — Қадыр Мырзалиев, Кәкімбек Салықов, Ғафу Қайырбеков, Дүкенбай Досжан, Жайық Бектұров, Ғаббас Қабышев... бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Міне, осылардың бәрі — мұрағаттарда шаң жұтып, көз майын тауысып Мағжан Жұмабаев туралы деректерді тірнектеп жинап, ақынның адал атын халыққа қайтаруға атсалысқандар. Ағаларды біртүрлі аяп кеттім. Бірақ сорақысы алда екен. Автор атақты жазушы Хамза Есенжановтың сүйген жары Софья айдауға кеткен ерінің артынан барып, күйеуінің басынан кешкен барлық зорлық-зомбылықты бірге көргенін, естеліктер жазып, жазушы мұраларын көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтарына қалдырғанын үлгі ретінде ұсына келіп, «Ал Зылиханың Мағжан соңғы рет түрмеге жабылғанда қалдырып кеткен бүкіл мұрағатын жойып жіберуін, қолжазбаларын сақтамауын қалай түсінуге болады?» деп аңырады. Әрине, бұл сөздерді М. Молдабаеваның ауызына Жұмабаевтар әулетінің соңына шырақ алып түскендерге қарсы бұлкынып шыққан «ерлігі декабрист (дұрысы, декабристер болуы керек — Ж.С.) әйелдерінің ерлігінен артық болмаса, кем емес» Райхан Жұмабаева салып отыр. Өйткені ол кісі не жазса да Зылихаға соқтықпай өтпейді.

Бірде: «Қайта тірілген туысымның атын жамылып, кіндігінен бала болмағанын біле тұра мұрагерлікті пайдаланғаны, «Мағжанның зайыбымын» деп жеке куәлігін қолдан жасап, Жұмабаевтар әулетінің шежіресіне дейін қосқандары шындыққа жанаспайды», — деп жазса, жур-

налист Б. Тобаяқовқа берген сұхбатында қара бояуды тіпті қоюлатып, Зылиханы адамгершілік қасиеттерден жұрдай етіп көрсетеді. «Кейбір журналистердің: «Осы кемпір Мағжанның барлық өлендерін жинап, сақтаған, қазіргі ұрпаққа түгелдей жеткізген» деген сөздері өте үстірт, білместікпен айтылған. Қайталап айтайын, бұл адамның қолында Мағжанның бір де өлеңі болған жоқ. Ақынның өлендерін шын мәнінде жиып-теріп, көзінің қарашығындай сақтаған — ақын Хамза Абдуллин мен оның немере апасы Бибізейіп», — дейді. Осы сөздерде бір түйір шындық жоқ. Мен Хамза Абдуллинді де, Бибізейіп апайды да көзі тірісінде талай рет көргем, талай рет Мағжан туралы көрген-білгендерін сұрастырып, сыр суыртпақтағам. Бірақ екеуі де баспасөз бетінде жариялана бастаған, жұртқа белгілі жайларды қайталаумен ғана шектелген.

Ал Зылиха шешейдің Мағжан айдалып кеткенде іздемегеніне келсек, бұл да шіп-шикі өтірік. «Зылиха байғұс теңізден өтіп, нелер батпақ, тоң жерді белшесінен кешіп, Мағжанға талай рет барыпты. Тамақ апарып тұрған. Саясатты, ертеңгі тағдырды көп ойламай, көзжұмбаймен асқан ерлікке, жанын шүберекке түйіп, өзін құрбан етуден тартынбаған, ештеңеден қорықпаған, жасқанбаған, жары жолында жанын пида қылған әйелдердің бірі Зылиха апай болған. Бұл айдаудағы Мағжанға күш, көңіліне көп демей болған» (Ж. Бектұров. Бес арыс. — Алматы: Жазушы, 1992. — 331-332-бб.).

Осы әңгімені әрі қарай соза берсек, Мағжанның жары Зылихаға күйе жағушылардың сөздерінің шикілігін дәлелдейтін деректер толып жатыр. Негізгі тақырыбымыз Мағжанның

туған жері, өскен ортасы — Сасықкөл туралы болғандықтан, енді бұл әңгімені әрі қарай созбай-ақ қояйық.

«Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» деп ақын өзі жырлағандай, Мағжан халқына қайта оралды. Бұл мәңгілік қауышу екенін айту зор ғанибет! Бүгін ол — қара тасты қақ жарып шыққан жыр шынары іспетті елінің де, жерінің де мерейін өсіріп тұр. Оның жырларының от-демі келер ғасырларда да жүректерді жаулай берері анық. Өйткені оның тамыры тереңде, қасиетті мекен, қасіретті мекен — Сасықкөлде жатыр.

ЖАЛҒЫЗТАУ

Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысына қосылғалы бұл жақпен де қарым-қатынас жиілей түсті. Аудан орталығы Саумалкөлге Қызылжардан екі жолмен баруға болады. Оның бірі — Көкшетау арқылы, екіншісі Жалғызтауды басып өтеді. Бұл жол біріншісіне қарағанда едәуір төте. Содан ба екен, өзім осы жақпен жүргенді ұнатамын.

Бертін тарап кеткен Мәскеу ауданының орталығы — Корнеевка селосына жете бере алыстан мұнартып Жалғызтау көзге шалынады. Жергілікті тұрғындар оны кейде Жамантау деп те атайды. Айтпақшы, тау етегіндегі Бұлақ ауылында менін бір кездері әскери қызметті бірге атқарған жолдастарым тұрады. Орынбай мен Бұғыбай қайтқан. Қазір Қадіржан балашағасымен тұрып жатыр. Кезінде кеңшардың маңдайалды механизаторы атанып, өңіріне екі бірдей «Еңбек Данқы» орденін таққан Қадіржан бертін заман талабына икемделіп, шаруа қожалығын құрған, сол баяғыдай, көктемде егін себеді, күзде орады. Әйтеуір, өзі де, балашағасы да қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан мына заманда еш нәрседен тарығып жатқан жоқ. Міне, сол Қадіржан досымнан бірде:

— Осы тауды әркім әр түрлі атайды, Жамантау деген қайдан шыққан? — деп сұрағам.

— Анық айта алмаймын, таудың дәл іргесінде түрме бар, онда кісі өлтіру сияқты өте ауыр қылмыс жасағандар жазаларын өтейді. Мүмкін, жаман деген сөз содан шыққан шығар, — деген Қадіржан. — Әйтпесе, таудың аты — Жалғызтау.

Жалғызтау, былай қарағанда, аса биік те емес сияқты. Бірақ шыңы жеткізбейді. Бірде

жиырманьң үстіне жаңа шыққан төрт жігіт жарты күн жүріп осы таудың төбесіне әзер көтерілгеніміз есімде. Тау биігінен керемет бір көрініс ашылады екен. Ауылдар алақанға салғандай: Бұлақ, Жамбыл, Ақтас, Қарағай...

— Анау Үкілі Ыбырайдың ауылы — Өскен! — деді Қадіржан. Өскен?! Бұрын естімеген ауылым. Ол кезде Үкілі Ыбырайдың есімі жиі аталмайтын. Содан да болар, әңгімеміз осы арада үзіліп, табиғатты тамашалап кеттік...

*Жалғызтау, төбең биік бұлттан асқан,
Сырласып сұлу күнмен құшақтасқан.
Оқалап қызыл пүліш шапан киіп,
Құлпырып май айында жұпар шашқан.*

*Сылдырап қойнауынан бұлақ ағып,
Қарағай, қайың, терек үкі тағып.
Сырласып қыз-келіншек көлеңкеде,
Назданған ғашықтықтың отын жағып, —*

деп ақын жырлағандай, Ыбыкен Жалғызтауға жер теңгермеген. «Жалғызтау» атты лирикалық поэмасының да нақ осындай ыстық сезімнен, шабыттан туғаны сөзсіз. «Жалғызтаудың» туу тарихы туралы қазақтың белгілі ақыны, Үкілі Ыбырайдың жерлесі Кәкімбек Салықов: «Толғау іспеттес бұл тамаша шығармасын шындықтан алып отыр», — десе, көп жыл ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеумен айналысқан белгілі ұстаз-әдебиетші марқұм Сәркен Құлмағанбет өзінің «Қайран, Гәкку!» деген кітабында: «XX ғасырдың басында, яғни 1903-07 жылдардан бастап орыс байлары қазақ жерін тартып алу максатымен, Ыбырайдың туған жері — Жалғызтау төңірегіне келіп қоныстана бастай-

ды... Орыстар Жаманкөл, Сасыккөл, Сандыбай бұлағында қоныстанып отырған Ыбырай ауылдарын қуып шығады. Үсейін деген батырын шауып өлтіреді. Туған жерден кету, көшу Ыбырайға оңай болмайды. «Жалғызтау» сол заманда дүниеге келген», — деп жазады.

Сол Жалғызтаудың бүгінгі көркі де керемет. «Бұл өңірдің топырағы — алтын, суы бал» деп мақтанады менің достарым.

...Арада біраз жыл өткеннен кейін Үкілі Ыбырай алдымнан тағы шықты. Бұған дейін талай жазғанымдай, сенсенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың басында Петропавлда Едіге Қайырбеков деген азамат тұрды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысындағы басқармасы бастығының орынбасары болған сол кісі әдебиетке, мәдениетке өте жақын еді. Өзінің көмегімен Мағжан туралы жазған көлемді мақалам ұнаған болуы керек, бірде телефон шалып: «Үкілі Ыбырайды естуіңіз бар шығар, ол кісі де қуғын-сүргінге ұшыраған адам ғой, 1960 жылы ақталған екен, бірақ Қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы ісін ешкім іздемеген сияқты, сол істі Алматыдан алдыртып едім, танысам десеніз мүмкіндік бар», — деді.

Комитеттен материалдарды алып шығуға болмайды. Құжаттармен сол жерде танысуың керек. Тәртіп солай. Екі ортада бір аптадай жүрдім ғой деймін. Өзіме керек тұстарын қойып кітапшама көшіріп алдым. Істе Үкілі Ыбырайдың жалғыз суреті бар екен, Едеген оның көшірмесін жасатып берді. Осы іс арқылы Үкілі Ыбырай (Ыбырай Сандыбаев) өмірінің соңғы кезеңіне: оның қалай ұсталып, қалай сотталғанына қанықтым. Сөз жоқ, бұл — үлкен жаңалық, журналистік тілмен айтсақ,

«сенсация» еді. Алайда мен оны бірден жазып тастауға асықпадым. Алдымен атақты «Гәккудің» авторы кім екенін білгім келді.

Шыны сол, ол кезде Ыбырай Сандыбаев туралы баспа бетін көрген материалдар аз екен. Ыбырай Сандыбаевтың кім екенін білу үшін соларды тірнектеп жинауға тура келді.

Үкілі Ыбырайды ерте танып, ол туралы артына жақсы сөз қалдырғандардың бірі — Сәбит Мұқанов. Ол 1959 жылдың 25 қарашасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н. Жанділдинге жолдаған хатында Ыбырай Сандыбаевтың нағыз ақын, талантты сазгер, әнші болғанын жаза келіп, оның ісін қайта қарауды сұрайды.

Осы хаттан белгілі болғанындай, Сәбең Ыбырайды алғаш рет 1913 жылы «Марьин жәрмеңкесінде» көреді. «Сол кезде ол жасының ұлғайғанына қарамастан, өз әндерімен жәрмеңкеге келген көпшілік қауымының көңілін көтерді. Мен оның күшті дауысына, орындаушылық шеберлігіне тәнті болдым» (Сәбит Мұқанов).

Екінші рет Сәбең Үкілі Ыбырайды 1921 жылы өз ауылында кездестіреді, онымен ұзақ әңгімелесіп, жағдайына қанығады, оның ешқандай бай емес, кедей таптың өкілі екеніне көз жеткізеді. Осы арада Ыбырай Сандыбаевтың біраз өлендерінің кейінгі оқырманға Сәбең арқылы жеткенін айта кету артық болмас. Сәбит Мұқанов Ыбырай ақын, Ыбырай әнші туралы бірнеше көлемді мақала жазған. Солардың бәрінде Сәбең «Қазақ ауыз әдебиетінде және музыкасында Ыбырайдың орны үлкен» екенін дәттейді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Сәбеннің «Бостандық туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақ-

стан») газетінің 1924 жылғы (212) 28-санында жарияланған «Қарауыл Ыбырай ақын» деп аталатын мақаласынан үзінді келтіре кетейік. «Ыбырай Сандыбай баласы, түбі Қарауыл деген ел... Жас күнінде ескі оқумен имандығын білгендей оқу оқыған. Қолына домбыра алып, топ жарып өлең айтқан уақытта сегіз жасында екен... Таза тіл, таза сөз, өлеңі үйлесімді, мағынасы терең, бас-аяғы жинақы, ұғымға жеңіл болған... Жай өлеңге шеберлігі қандай болса, Ыбырай әнге де сондай шебер. Даусы өте зор кісі. «Жас күнімде даусымды сегіз шақырым жерден естіп бозбалалар іздеп келді» деп айтды. Әннің сарыны салқын, тыңдаушыны ауырлатып, денеңе салқындық береді. Құлағыңа дүниедегі мұң біткен естіліп, жаныңды қалжыратқандай болады. Әсіресе, дауыс құбылыстарында өз денеңді өзің билей алмай, отырған орныңнан әннің ырғағына қарай тербеліп кетесің. Ыбырайда көңілге күлкі кіргізер ән атымен жоқ. Бәрі де толқымалы толқын. Кемең суға батқандай, отарбаң соқтыққандай ән артынан ауыр ойға қаласын».

Үкілі Ыбырайдың өнерін Сәкен Сейфуллин де аса жоғары бағалаған. Оған оның:

*Туса егер өнерлі елдің бақтарына,
Білім ап жүрсе бәрі баптарында,
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар
Алмас еді Шаляпинді қапталына, —*

деген жыр жолдары дәлел бола алады.

Сәкенмен Ыбырай Көкше өңірінде бір емес, бірнеше рет кездескен. «1927 жылы жазда Сәкен Сейфуллин Қызылордадан Көкшетау өңіріне жер бөліс науқанын өткізуге барады...

Көкшенің сұлу жоталарының ортасында отырып, Ыбырай «Көкшетаудың биігі-ай» деп басталатын «Қаракөз» әнін айта бергенде, жантайып жатқан Сәкен орнынан атып тұрып, Ыбырайдың алдына жақын барып отыра кетеді. Ән орындалып болғаннан кейін ол: «Япыр-ай, мұндай биік, көркем дауыс болады екен?!» — деп таң қалады» (С. Құлмағанбет.)

Осы жерде Ыбырай:

*Отырмын Сәкенмен қия таста,
Ыбырай, өнеріңді енді баста.
Шырқайын сұлу әнді осы жерде,
Естісін ну қарағай, бұлбұл құс та, —*

деп шырқай жөнеледі.

«Ұлы композитор, алдына жан салмай өткен дүлдүл әнші» (Кәкімбек Салықов) Біржан сал, Ақан сері сияқты саңлақтарды пір тұтқан. Оның «Шалқыма» дейтін әнінде:

*Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,
Қорғасындай денеңді балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын, —*

дейтіні де содан. Ал Біржан жасы егде тартқан шағында: «Ендігі Біржандарың — Ыбырай, соны тындандар», — деп Ыбырай отырған жерде өзі ән салмаған дейді.

Торшолағымен арқаның төрт бұрын түгел аралаған Ыбырай көршілес Жантілеу ауылына да жиі соғып тұрған. Оның өзіндік себебі де бар еді. Атақты Шал ақынның ұрпағы, ән-жыр десе алдындағы асын ұмытатын Жантілеу оны әр кез құшақ жая қарсы алатын.

— Ыбырай осы өңірге келгенде ат басын ен алдымен біздің үйге тіреуші еді, — деген осы жолдардың авторына Жантілеудің баласы Қошан карт көзі тірісінде. — Әлі есімде, соңғы рет ол біздікіне 1930 жылы соққан. Тұңғыш баламыз дүниеге келіп, мәре-сәре боп жатқан едік. Ақын келді дегенде бәріміз өре түрегеліп, сыртқа ұмтылдык. Мен Ыбыекенге лып етіп қол бердім. Сірә, әкем осыны жақтырмай қалған болуы керек. «Үлкендердің алдын кес-кестемей былай тұршы», — деп зекіп тастады. Дүйім жұрттың алдында айтылған қатқыл үн жүрегіме дық ете қалды. Оны Ыбыкең байқап қалса керек. «Әй, Қошан!» — деді жұрттың назарын өзіне аударып. Сосын домбырасын қағып-қағып жіберді де тақпақтай жөнелді:

Әй, Қошан!

Қайғысыз, мұңсыз сөз болмас,

Ай жарығы таң болмас,

Айыр өркеш нар болмас,

Әкенің сөзі балаға қанша ұрысса да

ар болмас, —

деді.

Жиналған жұрт күлісіп жатыр. Мен де енді жадырап, ақынның атын жайғастыруға кірістім.

Сол жолы Ыбекең біздікіне екі-үш күн жатып қалды. Бұрынғыдай емес, домбырасына да қолын сирек созатын секілді. Жайшылықта тойдан-тойға шүйгі беретін ақынның көңілі неден пәс тартты?

Ақынның әлденеге алаңдап жүргені ақиқат еді. Оны әкем де аңғарыпты. Бірде мені оңаша алып шығып: «Ыбекеңді көп мазалай берме,

біреулер жала жауып, сотты соңына салып қойған көрінеді», — деді.

Айтқандай арада біраз уақыт өткеннен кейін ауылға «ақын тұтқындалыпты» деген хабар жетті. Сол-ақ екен, әкемнен дегбір кетті. «Ешкімге қиянаты жоқ адал жан еді, нақақтан күймесе жарар еді...» — деп көңіліндегі күдігінде жасыра алмай үнілей берген ол. Содан жұрттан сұрастырып жүріп, әкем ақынның қазақтар қалашығында екенін біліпті. «Қошан, сен ақынға барып амандық-саулығын біліп қайт», — деді ол бір күні.

Сөйтіп, мен «Казгородокқа» келдім. Ақынның қамалғаны рас екен. Әркімнен «қалай кездесуге болады?» деп сыр суыртпақтап едім, ешкім ештеме айта алмады. Өстіп тауым шағылып үйге қайтқалы тұрғанда, жүзі таныс бір жанның кездесе кеткені бар емес пе. Жаттым да жабыстым. Оның қызметі осы маңайда екен.

— Бастықпен сөйлесіп көрейін, — деді ол.

Арада екі күн өткенде, әйтеуір не керек, ақынмен жолығудың сәті түсті-ау..

Ақын биік дуалдың түпкі жағында жалғыз отыр екен. Жақындап келіп сәлем бердім. Ол асықпай басын көтерді де, мені көргенде кірпік қақпай отырып қалды.

— Уа, Қошанбысың?! Қайдан жүрсін? — Ол мені баурына басып, ұзақ уақыт босатпады. Амандық сұрасып болғаннан кейін елден әкелген сәлем-сауқатымды алдына жайдым. Қош-тасар сәт таянғанда ол қалтасынан мына бір кішкене суретті алып маған ұсынды.

Қошекең сарғыш тартқан суретті бізге қарай сырғытты. Бұл Ыбырайдың суреті еді.

— Үлкен ескерткішке ие болған екенсіз ғой, — дедік біз Қошекеңді әңгімеге жетелеп.

— Иә, көп жылдан бері шаң тигізбей сақтап келемін...

Қошекең үнсіз қалды.

Біз Ыбыраймен қоштасар сәттегі әңгімесін одан әрі жалғастырса деп отырмыз.

— Ыбекеңнен басқа ештеме қалған жоқ па? — дедік сәлден соң сабырсызданып.

— Неге қалмасын, Ыбыкеңнің өлеңдерін осы күні екенің бірі айтып жүр ғой. Ол маған Ыбыкеңнің сол жолы шарт жүгініп отырып атқан бір өлеңі өте қымбат. Тыңдасандар, айтып берейін.

— Тыңдағанда қандай!

*Атығай мен Қарауыл,
Бірің — тіл, бірің — көмейсің.
Жақындығың осындай,
Қайсысың маған өгейсің?
Ашыққанда ас беріп,
Әлсіздерді демейсің.
Адасқанға жол сілтеп,
Көрсетіп көмек, жебейсің.
Нәсіліңе тартып сен-дағы
Елдің қамын жегейсің.
Сөз тыңдасаң өреннен,
Алармын тартып тереңнен.
Артта қалған балалар,
Ыбырай айтты дегейсің.
Уа, олай болса, шырағым,
Көрейінші қарыштап,
Тыңдаушысы келіссе,
Ақынға қайда жолықпақ?!
Танытайын өзімнің
Кім екенімді анықтап.
Бақшадағы бұлбұл ем,
Сайрап ұшқан қалықтап.*

Елдің көркі сері едім,
Көтерген халқым мадақтап.
Күмістей даусым, шырқадым,
Сөз асылын парықтап.
Шарықтап, шарлап кеткенде,
Ұлғайып жасың жеткенде,
Оңай екен, шырағым,
Бәлеге басың жолықпақ.
Еркелетіп, ел сүйіп,
Атап жүрді саңлағым.
Сөз нөсерін төккенде,
Қыран құстай самғадым.
Ел арасы бас қосса,
Жақсыға толды жан-жағым.
Қаумалап халқым келгенде,
Қиянға қанат қомдадым.
Би-болысты алқымдап,
Қыр соңынан қалмадым.
Мырзалардан ат-айғыр,
Алудан да тынбадым.
Іздеп келген ақынды
Бір өзің рулы елдейсің.
Құмар болып сөзіме,
Өлең айтып бер дейсің.
Құлашты қалай сермейін,
Қысқарып өріс тұрғанда?!
Биікке қалай өрлейін,
Асылды білмесе наданды
Айтып қалай жөндейін?!
Туысынан жаманды
Үшкіріп қалай емдейін?!
Аманат болып артыма,
Айтып жүрсін халқыма,
Аузының ебі бар еді,
Беркімбайға бергейсің.

Осы өленді мүдірмей айтып шыққан Қошекең үнсіз отырып қалған еді...

Елін сүйген, халқына қуаныш сыйлаудан басқа ой-мақсаты болмаған абзал ақынның қара тізімге ілігуін қалай түсінуге болады? Енді соған тоқталайық. Ел арасында «Үкілі Ыбырай Кеңес өкіметін мысқылдап, күлкі еткені үшін сотталған» деген ежелден айтылып жүрген сөз бар. Бірақ ол шындықпен еш жанаспайды. Бүгінге дейін жариялылық сәулесін қалқалап келген НКВД мұрағатының түндігін ашқан кезде көптеген бұлыңғыр мәселелерді айқындауға мүмкіндік туып отыр. Енді ақын өмірінің қаралы беттері іспеттес оның үстінен қозғалған қылмыстық іске үңілейік.

Мемлекеттік саяси басқармасының (ГПУ) бұрынғы Айыртау аудандық өкілі Жұмабай Шаяхметов жүргізген бұл іс 1930 жылдың 4 қарашасында қозғалған. Нақ сол күні 72 жасар Ыбырай Сандыбаев қамауға алынады. Сонда оған қандай айып тағылды дейсіздер ғой. Бұл арада басын ашып алатын бір жай ақынның ісі 1921 жылғы оқиғаларға байланысты жүргізілген. Ақыннан жауапты Шаяхметов өзі алған. Ол Ыбырай Сандыбаевқа алғашқы кездесуде «колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат таратқаны үшін» жауапқа тартылатынын хабарлаған. Кейін осы жалаға неше түрлі пәле жамалып, тақыр кедей Ыбырай Сандыбаев 1921 жылы ақ бандалардың Кеңес өкіметіне қарсы жүргізген күресіне белсенділікпен қатысқан, ақ бандаларды құртқан кезде, олардың қалдықтарын өз елінде жасырып, бұларды қуып-іздеп жүрген үш қызыл әскерді өлтіруге көмектескен, бандыларды ұстауға себепші болған әкелі-балалы Сүгірәлиндерді ұрып-соғып, оларға түрлі зор-

лық-зомбылық көрсеткен, ел ішінде ру жікшілдігін қоздырып, оларды бір-біріне қарсы қойған, елді өзі билеу үшін Кеңес құрылысын нығайтуға кедергі жасаған нағыз қаскөй адам болып шыға келеді. Бұл іс бойынша Ыбырай Сандыбаевпен бірге оның ауылдастары Құсайын Кекешев, Сақау Өжібаев, Сағди Тілегенов және басқалары да жауапқа тартылады.

Ең алдымен, Ыбырай Сандыбаев «колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат таратты» дегенге келсек, істе тағылған айыптан басқа табан тірерлік деректер жоқ. Осы кезде Ыбекеңнің болыстық революциялық комитеттің төрағасы болғанын, жүрегінен:

*Ұмытпа, қазақ, ұмытпа!
Қараңғы сасық тұманнан
Көзіңді ашқан бабаңды!
Ленин салған түзу жол
Жатыр, міне, жосылып...
Жидек терген баладай
Жиыстырып ел қылды,
Кетіп едің шашылып!
Өткен күнді еске алып,
Жаңа жолменен топтанып,
Қызметке кіріс ашылып...*

деп жыр өргенін айтсақ, оған тағылған кінә аққа жағылған күйе екені айқын да түседі.

Рас, қозғалған іс бойынша куә ретінде сұралған адамдардың бәрі де акыннан көрген «қорлықтарын» жіпке тізіп баққан. Мәселен, Октябрь ауданына қарасты №2 ауылдың тұрғыны, 1907 жылы туған Топай Әшкеев: «Байбатыр ауылында Жаман деген байда жалшылықта болдым, соның қорлығына шыдай алмай Пет-

ропавлда тұратын Ақып деген ағама қашып кеттім. Сандыбаев төрт тайыншамды алып кетті. Кейін өзімді соққыға жығып, содан мүгедек болып қалдым», — дейді. Сол күні, яғни қарашаның 8-інде Шаяхметов Сандыбаев пен Әшкеевті беттестіреді.

«Сұрақ: Азамат Әшкеев, сізді Сандыбаев расында да ұрды ма, шынында да сіз сол соққыдан мүгедек болып қалдыңыз ба? Сіздің ол неңізді тартып алды?

Жауап: 1921 жылы, Жүсіптің үйінде ұрды. Содан мүгедек болып қалдым. Шешемді де ұрды, бір самаурынымызды, екі қойымызды, төрт тайыншамызды, екі бөлек кигізімізді тартып әкетті.

Сұрақ: Азамат Сандыбаев, өзіңізді ақтау үшін не айтасыз?

Жауап: 1921 жылы Мезгілсор болыстық революциялық комитеттің председателі болып істеп жүргенімде маған Жаман Ерденев деген бай келіп, Топай Әшкеев бұқасын ұрлап әкеткені жайында шағым айтты. Мен қасыма бірнеше кісі алып Әшкеевтің ауылына бардым, бірақ ол үйінде жоқ екен. Тінту, болмаса ешқандай тонау жүргізген жоқпын. Сосын мен кейін кетіп қалдым. Жаман Ерденев Әшкеевтің үйінде қалды. Кейін олар татуласты деп естідім. Бірақ маған ешкім келген жоқ. Мен Әшкеевті соқыға жыққам жоқ.

Сұрақ: Азамат Сандыбаев, сіз Әшкеевті соққыға жықтыңыз ба?

Жауап: Соққыға жыққам жоқ, бірақ оны дәлелдейтін куәлерім де жоқ...»

Жазықсыздан-жазықсыз қамауға алынып, торға түскен торғайдай болған ақынды жақтаушы куәлер табылмағанмен, өздерін сықақ-

күлкі етіп мысқылдағаны үшін кектеніп, іштей тынып, тасада тұрып тас атар сәтті күтіп жүрген бұрынғы байлардың ұйытқыттауымен жазықсыз жанға жала жабуға барған Топай Әшкеевтің «куәлері» көп еді. Солардың бірі Әшкеевтің немере ағасы Ақын Кенжетаев 1921 жылы Сандыбаевтың бұйрығымен немере інісі Топай Әшкеевті Петропавлдан алып келгенін, содан келе сала ес-түссіз екі апта ауырғанын, артынан інісінің соққыға жығылғанын естігенін айтады. Ыбырай Сандыбаевтың сотталуына себепші болған Ш. Қошығұлов, М. Балғабаев сынды куәлердің сөздері де осы іспеттес. Болған оқиғаны көзімен көрген бірі жоқ, істің басынан аяғына дейін куәлердің бәрі естігендерін айтады. Осылай ақын РСФСР Қылмыс заңының 58-бабының 10 және 13-тармағымен, 59-бабының 7-тармағымен жауапқа тартылды.

Сол сияқты ел ішінде ру жікшілдігін қоздырып, оларды бір-біріне қарсы қойды деген айып та нақты айғақтармен дәлелденбейді.

Сөйтіп, 1930 жылғы 20 карашада Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) қаулысы бойынша «үштік» Ыбырай Сандыбайұлын ату жазасына кесіп, мал-мүлкін конфискелеу жөнінде үкім шығарған. Бірақ кейін осы үкім бұзылып, ақын он жылға бас еркінен айырылады, жазасын өтеу үшін Қиыр Шығыс лагеріне жіберіледі. Міне, осыдан кейін оны көрдім, білдім деген адам болған емес.

Ыбырай Сандыбаевтың ісімен танысу барысында оны Жұмабай Шаяхметовтің жүргізгені мені қатты қызықтырған еді. Кезінде Қазақстанды басқарған белгілі мемлекет қайраткері өмірінің осы бір тұсын «жарқыратып» көрсе-

тудің сәті түскендей көрінген маған. Бірақ, неге екенін білмеймін, ақынды жазалаудағы Ж. Шаяхметовтің рөлін ашуға ықыласым ауа қоймады. Көңілімде соным бекер болды ма деген бір ой жүруші еді. Сол күдігім бертін, 2006 жылы ғана сейілді. Жазда есімі елімізге жақсы танымал, өмірден ерте озған ақын Есләм Зікібаевтың 70 жылдығы атап өтілетін болды да, оған сырттан көп қонақ шақырылды.

Ақынның тойы дүркіреп, жақсы өтті. Алматыдан ақын Сейфолла Оспанов, күйші Шәміл Әбілтаев, Астанада белгілі ақын Кәкімбек Салықов келді, халық көп жиналды. Келесі күні Кәкеңмен Қызылжарда әдебиет пен мәдениет десе ішкен асын жерге қоятын, оқырмандарға Ә. Нұршайықовтың 10 томдығын сыйлаған, Токсан биге кесене салдырып, облыс орталығындағы бір көшенің оның есімімен аталуына ұйытқы болған белгілі зангер, облыстық соттың төрағасы Бекет Тұрғараұлы Тұрғараевтың үйінде тағы да кездесіп қалдық. Кәкеңмен осындай жағдайда дәмдес болуым бірінші рет еді, өте әңгімешіл екен. Атақты күйші Тәттімбет туралы біраз әңгімелегеннен кейін Үкілі Ыбырайға ойысты.

— Үкілі Ыбырай Абылай ханның әрі досы, әрі даңқты батыры болған Сәбден тегінен тарайды, — деп бізді бір ынтықтырып алған Кәкең оның көптеген әндерінің туу тарихына тоқталды. Арасында домбыраны шертіп-шертіп қояды. Қоңыр дауысы құлаққа жағымды, нақышы бөлек. — Бала кезім Үкілі Ыбырай ауылында өтті. Әкемнің немере ағасы, халық ақыны, әнші-күйші Молдахмет Тырбиев есік-терезені жапқызып тастап, бізге — Мұса Асайынов, Тұрсынбай Кәкімов, Кеңес Қожахметов,

өз баласы Сүният пен маған Үкілі Ыбырай өлеңдерін үйрететін, — деп жалғастырды әңгімесін Кәкен. — Өлең үйретудегі тәсілі: әу дегеннен бәрімізге өлеңнің сөзін жаздырады. Содан соң, өзі әдемілеп тұрып үш рет айтып береді. Сосын бізге айтқызады. Ең жақсы айтқанымызды алып қалып, оңаша үйрететін. Кім қай әнді жеңіп алса, өзгелеріміз ол әнді айтпаушы едік. Мен өзім үйренген «Гәккудің» төртінші түрінің шебері атандым, «Қаракат көзді сым саусақ та» менің еншіме тиді.

— Молдахмет Тырбиев Үкілі Ыбырайды жақсы білген ғой, сірә?

— Білгенде қандай! Шәкірттерінің бірі ғой, ол кісінің Үкілі Ыбырай өлеңдерінің ұмытылмай бүгінгі ұрпаққа жетуіне сіңірген еңбегі өте зор... Несін айтасындар, ол бір аласапыран заман болды ғой, Үкілі Ыбырайды көрсеткен, ұстатқан адамдарды да көрдім...

Осы арада Кәкеннің сәл тыныстағанын пайдаланып, көптен көкейімде жүрген бір сауалды көлденең тарттым:

— Кейбіреулер Үкілі Ыбырайдың айдалып кетуіне Жұмабай Шаяхметов кінәлі деп жүр ғой, осы жайында не естігеніңіз бар?

— Шаяхметовтің Ыбекеннен жауап алғаны рас, бірақ оны кінәлауға болмайды. Бірде Молдекең мынадай бір әңгіменің ұшығын шығарған: Үкілі Ыбырай алғашқы ұсталғанда Ж. Шаяхметовке тап болған ғой. Әрине, олар бірінбірі жақсы білген. Ж. Шаяхметов оңашада ақынға заманның бүлініп тұрғанын, ағайынның өзінен сақ болу қажеттігін ескертеді. «Сізді көрсетіп отырған солар», — дейді, көп ұстамай қоя береді. Бірақ, Ыбекен қызбалау жан болса керек, елге оралғаннан кейін Ж. Шаяхметовтің

айтқандарының бәрін ұмытып, өзін көрсеткен ағайынды қамшының астына алады. Осыдан кейін жоғары жаққа тағы да арыз домалайды. Кейін қамауда отырған Ыбекең Молдекен барғанда: «Жұмабайдың айтқандарын ұмытып кеткен бәріне өзім кінәлімін, тиыш жүрсем, ештеңе жоқ еді, елдегілерге сәлем айт, мен үшін Шаяхметовті кінәлап жүрмесін», — депті. Міне, мен естіген әңгіме осындай.

Тәуелсіздіктің арқасында ала құйын заманда халқынан көз жазып қалған талай боздақтардың адал есімдері қалпына келтірілуде. Ал Ыбекең болса, бұл өмірге екінші рет олардан сәл ертерек оралды. Оған себепші болған Сәбит Мұқанов еді. Бұл жай да баршаға белгілі дей алмаймыз. Сондықтан осы жайында да баяндай кету артық болмас.

Сәбит Мұқанов 1959 жылдың 25 қарашасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Жанділдинге Ыбырай Сандыбаевтың ісін қайта қарау жөнінде хат жолдады. Енді осы хаттың толық мәтінін келтіре кетейік.

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Жанділдинге Сәбит Мұқановтан.

Бұл хатымда мен сізбен жақында кездескенде қозғалған әңгіме туралы баяндауды ұйғардым.

Қазіргі Көкшетау облысының Айыртау ауданында қазақтың атакты ақындарының және композиторларының бірі Ыбырай Сандыбаев тұрды. 1929 жылы қартайған шағында ол «байлығынан азат етілген соң» тұтқынға алынды және ел арасындағы қауесетке қарағанда кешікпей қамауда жүріп қайтыс болған.

Өзіңіз білетіндей, мен ешқашан да тап жауларына көңілжықпастықпен қараған емеспін, менің бүкіл шығармаларым соларды әшкере-леуге арналған. Егер мен нағыз совет адамы ретінде білмесем Ыбырай Сандыбаевқа да осылай қарар едім. Осы арада онымен ешқандай туыстығым немесе басқа қатынасым болмағанын айта кетуім керек.

Ыбырайды мен алғаш рет 1913 жылы он үш жасар бала кезімде «Марьин жәрмеңкесінде» көрдім...

Екінші рет мен Ыбырайды 1921 жылы өз ауылында кездестірдім. Ол кезде төтенше комиссияда істей жүріп оның үйіне соққанда мен оның өте кедей тұратынын көрдім. Сол сапарымда мен оның арғы аталары тұтқынға түскен қалмақ екенін естіп білдім. Оның аталары да өзі сияқты мейлінше кедей тұрған.

Ол акындық-суырыпсалмалық өнерді бала жасынан бастапты. Ауызша тақпақтап өлең шығаруға әуестенген ол композиторлық талантының да зор екенін танытып, көптеген тамаша әуендер жасады. Ол сауатсыз адам болған. Кешікпей ол нағыз ақын атанып, халықтың сүйікті әншісіне айналды. Ол тұрған өлкеде бірде-бір халықтық мереке Ыбырайсыз өткен емес. Ол өз әндерімен халық творчествосын көркейте білді.

Совет өкіметі орнағаннан кейін Ыбырай ақындардың ішінде бірінші болып (тіпті, Жамбылдан да бұрын) Октябрь революциясын және пролетариаттың көсемі Ленинді жырға косты. Бұл өлеңдердің біразы бұрынғы Ақмола губерниясының «Бостандық туы» газетінде басылды.

Қарт акынның революцияға берілгендігіне көз жеткізгеннен кейін мен «Қызыл Қазақстан»

журналының (РКП (б) Қазақ облыстық комитетінің органы) 1924 жылғы 7-8-сандарына (66-78-беттер). «Ыбырай және қазақ әдебиеті» атты мақала жарияладым. Оның көптеген шығармаларынан үзінділер келтіре отырып, мен оның нағыз халық және совет ақыны екенін дәлелдедім.

Осындай халықтың сүйіктісі, кедей шаруадан шыққан адам қалайша 1929 жылы бай ретінде қара тізімге ілікті?

Істің бұлайша қалыптасуына оның жас кезінен қоғамдық өмір кеселдерін әжуалауға құштарлығы себеп болды. Оның байларды, билерді, басқа да қанаушыларды әшкерелейтін әндері көп. Совет өкіметі кезінде ол халықпен дұрыс жұмыс істей алмаған жергілікті қызметкерлерді де шенеген. Міне, осы адамдар кулактарды тап ретінде жою кезінде оған жала жапты. Олар ел ішінде Ыбырай кулактардың сөзін сөйлейді деген қауесет таратты. Мұның бәрі — мүлде дәлелденбейтін жайлар.

Сол кездегі Мемлекеттік саяси басқарманың (ГПУ) Айыртау аудандық бөлімшесінің бастығы Жұмабай Шаяхметов жолдас (кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болған) жалақорлардың сөзіне сеніп Ыбырайды тұтқынға алған. Қарт ақын қамауда қайтыс болды.

Егер ол шын мәнінде халықтың ұлы болмаса, ақынның рухын мазалаудың қажеті болмас еді. Қазақ мәдениетіне сіңірген оның еңбегі аса зор. Оның «Гэкку» атты әні әйгілі «Қыз Жібек» операсына негіз болған (оны жұрт біледі). Осы ән арқылы Күләш Бәйсейітова бүкіл Одаққа танылды.

Ал Ыбырайдың олардан қайтарып алмайтынын біле отырып, бүгінгі композиторлар пай-

даланып кеткен оның әндері қаншама де-
сеңізші!

Әділеттілік халық ақыны Ыбырай Санды-
баевты ақтауды талап етеді.

Оның 1921 жылы түскен фотосуретін қоса
жолдап отырмын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
мүшесі Сәбит Мұқанов.

Алматы қаласы.

25.XI. 1958 ж.»

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті
жазушының бұл хатын ескерусіз қалдырған
жоқ. Республика прокуратурасына істің анық-
қанығына жету тапсырылды. Осыдан кейін көп
кешікпей, анығын айтқанда, 1960 жылғы 19 нау-
рызда Қазақ КСР-і прокурорының міндетін
атқарушы, бірінші дәрежелі Мемлекеттік заң
кеңесшісі А. А. Наботов Қазақ КСР-інің Жо-
ғарғы Сотының президиумына Ыбырай Сан-
дыбайұлының ісіне байланысты наразылық
жолдады. Ал 4 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Со-
тының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы
осы мәселені карауға жиналды. Қазақ КСР-ының
Жоғарғы соты Ыбырай Сандыбаев 1930 жылғы
20 қарашада ешқандай негізсіз сотталған деп
тапты және оны айыптайтын ешқандай айғақ-
тар, куәлер болмауына байланысты істі қыс-
қартты. 1960 жылы 13 сәуір күні Қазақ КСР Жо-
ғарғы Соты төрағасының орынбасары Т. Ора-
залинов Сәбит Мұқановқа Ыбырай Сандыбай-
ұлының оған тағылған айыптардан толық ақтал-
ғанын, кінәсіз деп табылғанын хабарлаған.

Осыдан кейін мен Үкілі Ыбырайды көрген
адамдарды іздей бастадым. Солардың бірі алыс-
тан емес, Қызылжардан табылды. Ертеректе

«Жамбыл» және «Партизан» көшелерінің қиылысында қарағайдан бұрап салған үлкен үй болатын, қазір жоқ. Сол үйдің иесі Жақсылыков Бөске Ыбырай Сандыбаевты көріпті, балаларымен бірге өсіпті. Сол кезде жасы сексеннен шығып кеткен адам, бірден әңгімеге иліге қоймады. Алдындағы шайын сораптап ұзақ отырды. Кемпірінің «бәлденбей айтсайшы, балаларды шаршаттың ғой» дегеніне де елең еткен жоқ. Дастархан жиналғаннан кейін намазға тұрды. Кетіп қалудың ретін таба алмай мен отырмын. «Қайда асығамын, үндемегеніне қарағанда, біраз жайды білетін болуы керек». Өзімді өзім қайрап отырмын...

— Үкілі Ыбырай бір ғасырда бір-ақ туатын адам ғой, — деді ол сәлден соң. — Біраз уақыт қасында болдым. Тілі мірдің оғындай, суырып салатын.

— Дауысы өте зор болған дей ме?

— *Аққумен аспандағы үн қосамын,
Шығармас ащы күйді түптен тартып, —*

деп өзі жырлағандай, жарықтық, домбырасын қолына алғанда шабыттанып, қанатын қомдаған қырандай күйге енуші еді. Сәкен Сейфуллин:

*Кең алқым, кең көмейлі, дауысы керней,
Ақырмай ән салады, көкірек кермей.
Астына алты қырдың естіледі,
Шырқаса екіленіп, құлап сермей, —*

десе, Біржан сал Ыбырайды өзімен таныстырған Ақан серіге: «Ақанжан-ай, ертіп келген шәкіртіңе қанықтым, қазақта жылқының перісі Құлагер болса, ақынның перісі осы екен», — деген екен.

Кезінде көп өлеңдерін жатқа білуші едім, қазір бәрі ұмытылды ғой, Ыбырайдың өзін де, өлеңдерін де жақсы білетін адам мына Көкшетаудың жолындағы Чапай ауылында тұрады. Ол өзі Ақанға жиен күйеу болады.

Чапай қаладан таяқ тастам жерде әрі үлкен жолдың үстінде, Бөске Жақсылықов айтқан адамды тауып алу қиынға соққан жоқ. Ақсақал бойшаң, қара торы кісі екен. Көп жүрмейтіні жиналмаған төсегінен көрініп тұр. Ескі домбырасын бас жағына сүйеп қойыпты.

— Қазір құлағы естіңкіремейді, балалар аппарат әкеліп беріп еді, бірдеңесі жарамай қалыпты, — деді кемпірі. Сосын шалына жақындап: — Мына балалар газеттен келіпті, Үкілі Ыбырай туралы білгілері келеді, — деді.

Үкілі Ыбырайдың атын естігенде ақсақалдың жүзі жылып, бір сәт ойланып қалды. Сосын домбырасына қол созды.

— Қазір көп ойнамайды, денсаулығы да болмай жүр. Әйтпесе, Үкілі Ыбырайдың әндерін бұдан көп білетін кісі жоқ, — деді кемпірі шалына бастай бер дегендей ишара жасап.

— «Гәккуден» бастайын ба? — деді ақсақал.

— Өзің білесің, айта берсейші. — Шал кемпірінің сөзін емеуіріннен танитын сияқты.

Шынында да, қария Үкілі Ыбырайдың біраз өлеңдерін біледі екен. Кей өлеңдерді мүдірмей айтып шықса, кейде біраз үнсіз отырып қалады да, одан әрі жалғастырып әкетеді.

— Көп жыл өтті ғой, ұмытып қалған шығар, — дейміз біз.

— Ұмытып отырған жоқ, Ыбыекеннің саясатқа қарсы сөздерін айтпайды, әлі де қорқарды, кезінде, Ыбекен ұсталғанда, өзін де біраз сүйресе керек.

*...Шуақты күндер сарқылды,
Қызықты думан тартылды.
Бетіңді берген дүние-ай,
Тостың ба бүгін артыңды?!*

*«Едрене майт Николай,
Қырсығың тиді-ау бірталай».
Сыбасам да сыр бермей,
Демедің: «Достым, бұл қалай?»*

*Атымды елге білгіздің,
Жүйрік пен жорға мінгіздің...*

Ақсақал тағы да үнсіз қалды... Енді анық аңғардык, киналып отырған жоқ, көкірегіне кұйылған жырды іштей қайталап, ләззаттанып отыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, Қызылжар, Көкше өңірінде Ыбырайдың жолын қуып, оның ақындық, әншілік дәстүрін жалғастырғандар аз болған жоқ. Солардың ішінде көзі тірісінде облыстың халық ақыны атанған Игібай Әлібаевтың да шоктығы биік еді. Ол кісі біздің ауылға да жиі соғып жүрді. Келген сайын бізбен аталас, әкем екі үйіміздің бірі дейтін Балабатырдың Райханының үйіне түседі. Ол кезде шалдардың қатары қалың, бәрі айтқызбай жиналып қалады. Сосын Иекен домбырасын қолға алып, әнге басады. Көбіне айтатыны Ыбырайдың әндері — «Гәкку», «Қалдырған». Өзі бір орнында отырмайды екен, домбыраның шегін қаққан сайын қозғалақтап, жылжи береді. Арасында Ыбырай туралы әңгімелеп қояды:

— 1921 жылы Қызылжар қаласында мектеп ашылып, әкем мені сонда оқуға берді. Ыбырай Сандыбаевтың баласы Өстемірмен осында та-

ныстым, екеуміз дос болып кеттік. Уақыт осылай өте берді. 1922 жылдың көктемінде әкесінің келгенін айтты. Ыбыекенді көру, одан ән үйрену арманым еді, оны Өстемір де білетін, сабақтан кейін: «Жүр, әкем «Партизан» көшесіндегі Болат деген шалдың үйіне түсіпті, сонда барайық», — деді.

Ыбекең орта бойлы, толықша келген, онша иықты емес, шокша сақалды, сүйір иек, мұрны домалақтау, қой көзді, кең алқым, кара торы кісі екен. Алқымының жұлындығы соншалық, иегі көрінбеуге жақын. Үстінде жеңсіз кара қамзол, ақ көйлек, басында тебетей. Қонақасы ішілген соң, Ыбекең домбырасын қолға алды. Кішкене ғана кара домбыра, қағып-қағып жібергенде, үй ішіндегілер сілтідей тына қалды. Біресе әнге, біресе термеге басып, жиналғандарды баурап алған Ыбыекен қыза-қыза «Бұрамаға» басты. Жадымда мәңгі жатталып қалған оқиғалардың бірі осы, — деген Иекен.

«Өстемір оқуын бітіргеннен кейін Қызыл-әскер ауданында қызмет істеп жүргенінде де Ыбырай келіп жүрді. Талай рет бірге болдық. Ол ойыншыл, аккөңіл, күлдіргі қу тіл, үлкен-суді білмейтін кішіпейіл, жеңіл мінезді жарқылдақ адам еді. Айтайын дегенін ашық, айқын етіп тартынбай айтып салатын. Бұлай болуына бір басты себеп: калың жұртшылығымыз ақын не айтса соның бәрін қошеметтеп, көтеріп, елдің еркесі деп сыйлап, құрмет жасаудан болса керек» (И. Әлібаев. Ленин туы. 2 қыркүйек. 1967).

Ауылды жанай өтетін үлкен жолмен әрліберлі шапқылап жүргенде Өскенге бір соға алмағаныма өкінуші едім. Оның сәті 2008 жылдың жазында түсті. Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаты ретінде Айыртау ауданының жұртшылығымен кездесуімді нақ осы Үкілі Ыбырайдың ауылынан бастадым. Асықпай, алдымен ауылды аралап шықтым. Кеңес заманында кеңшардың бөлімшесі болған, үй қарасы елуден аспайтын шағын ауыл екен. Көркейту, көгалдандыру жағы кемшін бе деп қалдым.

Кездесу мектепте өтті. Жергілікті әкім-қаралар қашан барсаң да, «жаз айы» деген сияқты сылтауларын алға тартып, халықты көп жинай қоймайды. Ондағы ойлары — халық басы қосылып қалса, улап-шулап, реніштерін айтады, бір сөзбен айтқанда, сынға ілігіп қаламыз деп қорқады. Өскендіктердің де билікке өкпелері қара қазандай екен: «жұмыс жоқ, су жоқ, жастар ауылда тұрақтамайды, мектеп болса, жабылудың аз-ақ алдында». Әңгімеміз осы түйткілдердің төңірегінде өрбіді.

Кездесу барысында алдыңғы қатарда отырған дөңгелек жүзді, қараторы өңді әйелге көзімнің түсуі мұң екен, жанарымды тайдыра алмай арбалдым да қалдым. Әйел адам демесең, Үкілі Ыбырайдың аумаған өзі. Қазақтың тілімен айтсақ, аузынан түсіп қалған сияқты.

Қателеспеппін, бұл адам — Үкілі Ыбырайдың немересі екен.

«Үкілі Ыбырайдың Есен деген баласының кызымын, — деді ол, — 1937 жылғы қуғын-сүргін кезінде айдалада, арбаның астында туыппын. Анамның айтуына қарағанда, әкем аса қуана қоймаса керек, әйтеуір, көп ойланбай есімімді Елемес деп қоя салыпты».

Жетпістен асқан ананың денесі ауырлау демесең, көңілі сергек, әңгімеге үйіріліп тұр, әдегеннен-ақ біраз жайдан сыр ақтарып тастады:

«Атамды көрген жоқпын, жұрттың айтуынан ғана білемін. Өлендері көп екен, бірақ, сақталғаны шамалы. «Өзі жоқтың көзі жоқ» деген емес пе, қағазға түскендері жоғалып, біразын тұстастары өздерімен бірге ала кетіпті».

Осы арада әңгімеге манадан үнсіз тұрған, Елемес апай «менің шалым Қойманов Зарап» деп таныстырған ақсақал араласты: «Мың болғыр, Кәкімбек ағамыз шығарған кітаптары болмаса, Үкілі Ыбырайдың аты ұмытылып барады. Бұрын кеңшарға аты беріліп еді, ол тарап кетті, мектептің сикы мынау, жалғыз суретінен басқа түк те жоқ», — деді ол.

Ақсақалдың айтқандары көңіліме қона кетті. Сапардан оралысымен ыстық-суығы басылмай тұрғанда, Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрі М.А. Құл-Мұхаммедке осы мәселеге байланысты депутаттық сауал жолдадым, өзім көптен білетін, ұлтжанды азамат деп іш тартып жүретін Айыртау ауданының әкімі Ержан Айнабековке «Өскенге Үкілі Ыбырайдың есімін берсе, қалай болар еді?» деген оймен хат жаздым. Бұл тілегім аяқсыз қалмас деп ойлаймын.

...Жалғызтаудан бастау алған Ыбырай әні бүгінде тек Арқаны ғана емес, қазақтың кең даласын шарлап жүр. Оның ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ғасырдан ғасырға жалғаса береріне күмән жоқ.

ЖАМАНШҰБАР

«Біздің елден артық ел бар ма? Жаманшұбардан артық жер бар ма?» — деп қайда жүрсе де, есінен бір елі шығармаған Сәбеннің, «бір өзі бір кітапхана жазған» кәдімгі Сәбит Мұқановтың кіндік қаны тамған Жаманшұбар мен біздің ауылдың арасы төте жолмен жүрген адамға онша алыс емес. Бала кезімде әкеммен де, Тарышыдан тарайтын Алдайдың қызы апаммен де (шешем) Суаткөлге сан мәрте барғанбыз. Онда Сейтақ нағашым тұрады. Ал Есперлі Суаткөлдің ар жағында, ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, тиіп тұр. Одан әрі біраз жүргеннен кейін ормандар селдіреп, жазық дала — жайлау басталады. Ол кездегі көліктің көкесі ат немесе өгіз жеккен арба болатын. Жазды күндері, әсіресе, шілде мен тамызда арбаға жаңа шапқан көк шөпті қалың қылып төсейміз де, жолға шығамыз. Неше түрлі гүлдер араласқан жоңышқаның жұпар иісі мұрныңды жарады. Ол кезде қазіргідей шаңы бұрқырап жатқан жол жоқ, табанына шөп өсіп кеткен ат жолы мақта төсеп қойғандай, жұп-жұмсақ, тербейді де отырады.

«Оқу іздеу мақсатымен Жаманшұбардан менің 1919 жылдың күзінде кетуім де «Өмір мектебінен» мәлім. Содан бері сол мекенге жыл сайын бір рет соқпаған кезім болған жоқ», — деп өзі жазғандай, Сәбең елге келген сайын Суаткөлге соқпай кетпейтін. Суаткөлде ол менің нағашым Сейтақ, шын аты Сейтақмет Жақиннің үйіне түседі. Нағашым — апам мақтанышпен айтып отыратындай, «тік аяқ». Неге екенін білмеймін, басқалар да сол кезде бастықтарды «тік аяқ» дейтін. Нағашым бөлімшеде агроном,

біраз уақыт басқарушы болды, әйтеуір, зейнет демалысына шыққанша аттан түскен жоқ. Сәбеннің ұдайы сол үйге соғуының бір себебі осы болуы керек, әйтпесе, Сәбенді қай үй болсын құшақ жая қарсы алады ғой. Сейтақ нағашымның әкесі Жақия мен апамның әкесі Шөкітай бірге туған. Құғын-сүргін жылдарында алдарындағы малдарынан айырылып, айдалып кеткендеріне қарағанда, бай болған сияқты. Бірақ, апам: «Бай болып, жалшы ұстаған жоқ, өз еңбектерімен күн көрген», — деп олар туралы сөз қозғала қалса, шаң жуытпайтын. Айтпақшы, апам бірде Сәбеннің Мәриям апайға қосылғанда, Алматыға Суаткөлден аттанғанын айтқан еді. Бертін, 1986 жылы Сәбеннің Алматыдағы мұражай-үйінде Мәриям апаймен кездескенде, сол әңгіменің шетін шығарғанымда жазушының жары маған кәдімгідей жылы қабақ танытып, біраз жайды еске алған, Сәбең өмірден озғалы елге сапарлары сирегенін, Жаманшұбарды сағынып жүргенін айтқан.

Сәбең Балуанға да жиі соғатын. «Сәбит Мұқанов келіпті» деген сөз естілсе болды, бәріміз «қайда, қайда?» деп көшеге шығып кетуші едік. «Қайда болушы еді, директордың үйінде». Директорымыз — Сейтен Сауытбеков Шойманның дөңі жақтағы шеткі көшеде тұрады. Әрине, ол жаққа біз жолай алмаймыз. Сонда да анадайдан болса да, бір көріп қалуға құмартып, директордың үйін торуылдаймыз ғой баяғы. Сол кезде біз он үш-он төрт жасар баламыз. Сайлау, Асқар, Бота, Совет, Алтай, Мұхтар, Токтар, Таңсық — бәріміз бір сыныпта оқимыз. Өзімізден бір сынып жоғары оқитын Бекен, Асқар (тұстастарымыздың ара-

сында екі Асқар болғандықтан, оны, «Нәбидін Асқары» дейтінбіз), Қалдық, Еркеш, Бәрімен де жұбымыз жазылмайды. Сәбең бәрімізге туыс сияқты. Өйткені оның «Өмір мектебін» жаттап өстік қой.

1962 жыл болуы керек, Сәбең біздің ауылға тағы соқты, тағы да директордың үйіне түсті. Көп бөгелген жоқ, кетерінде біздің досымыз Қалдықты Алматыға ала кетті. Қалдық көзін ашып, анасының уызына жарымай жатып, әкешешеден бірдей жетім қалған екен. Оны біз қайдан білейік? Біз үшін ол — Сыздықтың баласы, шешесі — Жанақыш. Сол кезде бізге ол кісілер кәрі болып көрінетін, бірақ жастары елудің ар жақ бер жағында болуы керек. Сыздық атамыз бен Жанақыш әжеміз Қалдықты алақанға салып өсірді. Қалдық та оларды ренжіткен жоқ. «Өмірден қыршын кеткен Хамиттың баласы осында шал-кемпірдің қолында тұрады» деген сөздерді естуі мұң екен, Сәбең жедел алдыртып: «Сенің әкенді жақсы білуші едім, жергілікті ревкомның бастығы болған, Алматыға алып кетейін, сонда оқы, адам боласын», — дейді. Айтқандай, Қалдық адам болды, екі бірдей жоғары білім алды, көп жыл «Қазақ-циркті» басқарды. Қазір де Алматыда тұрады, жасөспірімдер театрының көркемдік жетекшісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері».

Сәбеңнің елде өткен 60 жылдық тойына біздің ауылдың үлкені-кішісі, Шоқаттың «Газигінін» «аузы-мұрны толып», бір машина болып барған. Мұндай үлкен тойларда бәйге ұйымдастырылып, балуандар белдеседі. Бәйгеге біздің ауыл бухгалтер Алғазин Мырзаштын шабдар атын қосатын болыпты, басында — бе-

сіктен белі шықпай жатып, ат жалына жармасқан Бейсен. Не керек, сол жолы Бейсен қарсыластарының бәріне шаң қаптырды. Осылай Балуанның атағы дүр ете түскені сол еді, боз кілемді қоршап алғандар «Жарайсың, Есмағзам!» деп шу ете қалды. Есмағзам Исин — біздің ауылдың басқарушысы, екі иығына екі кісі мінгендей, денелі кісі еді. «Әкесі Тонтаға тартқан, кара күштің адамы еді, бір күнде бір мая шөп шабатын», — деп отыратын әкем. Сол Тонтаның баласы бас бәйгеден үміткерді алып ұрып, «тағы қайсысың шығасың?» дегендей, карап тұр. Бірақ онымен белдесуге ешкімнің жүрегі дауаламады. Сөйтіп, түйе балуанға тігілген бас жұлде де біздің ауылдың қанжығасына байланды.

Бұл әңгімелерді үзіп-жұлып болса да айтып жатқаным — біздің ауылда да Сәбеңнің ізі бар, аталарымыздың жазғы жайлауы да Жаманшұбардың нақ іргесінде болғанын оқырманға жеткізу.

Кедейдің жолым үйінен өмір жолын бастаған, кейін халқымыздың ардақты перзенті болған Сәбит Мұқановтың бүкіл шығармашылық ғұмыры даламыздың асыл қасиеттерінен нәр алған. Жаратылысынан дала ғұмырының сақилық сипатын бойына дарытқан Сәбеңнің алтын бесігі — әуелі Шүкейдің Мұқанының жолым үйі болса, кейінгі бесігі кең даласы. Бүгінгі төрт қабырғалы үйге тығылған қазақ емес, өткен ғасырлардағы бабаларымыздың баспаналары табиғат кезеңдеріне орай өзгеріп отырғанын қалайша жадымыздан шығарамыз? Қыс қыстауында паналаған бабалар жайлауына жетіп жаны байыз тапқан, кең даланың құшағына енген. Осының бәрі Сәбеңнің Жаманшұбарына деген өмірлік махаббатын да әлдилеген.

Әуелі туған бесігіне тәнті болған жазушы одан соң Жаманшұбардың өз өміріндегі өшпейтін қасиетін қаламымен өрнектеген.

Жалпы, қазақ әдебиетінде Сәбендей білгір, танымпаз, көреген, тіпті көсем десе артық етпейтін, қаламгерді кездестіру қиын. Сәбеннің бүкіл ұлы тұлғасында даланың жоғарыда біз атап көрсеткен қасиеттері тоғысқан. Егер туған жердің адам баласына дарытар бір белгісін ғылыми тұрғыдан іздейтін болсақ, соған нақты айғақты Сәбит Мұқановтың бейнесінен табамыз.

Есімі әлемге танылған қаламгер дүниені таныған рухани күш-қуатымен өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін шеберлікпен суреттеп, замандастарына, ең асылы, келешек ұрпаққа Жаманшұбар жайлы мәңгілік мұра қалдырып кетті. Орыс әдебиетінде мұндай айғақтар көп. Солардың бірі – Толстойдың Ясная Полянасы. Бір айырмасы, Лев Толстойдың мұраларына тәнтілер жыл сайын осы Ясная Полянада ұлы қаламгердің рухына тағзым етеді.

Қазақ зиялысы болса, белгілі бір мерейтойларда болмаса, жыл сайын мұндай қадам жасай қоймайды. Бірақ, өзіміздің ұлы перзентіміздің алтын бесігіне деген ізгі тағзым біздің бойымыздан өшпейді.

Сәбеннің сүйіспеншілігіне бөленген Жаманшұбары жайлы оның «Өмір мектебі» трилогиясының бірінші кітабындағы «Жаманшұбар» атты тараудан білеміз. Не айтса да, түбірінен бастайтын, түптен тәмамдайтын Сәбен осы тарауда Жаманшұбардың неліктен бұлай аталғандығын, табиғи жағдайын, тұрмысқа қолайлы-қолайсыз тұстарын жіпке тізгендей баяндап береді. Осы жерде туған, қазақ тари-

хында орны бар тұлғаларды да тілге тиек етеді. Әсіресе, Ұлпанды, Есеней мен Торсанды алғаш таныстырады. Сөйте келе, Жаманшұбардың этимологиясына тоқталады.

«Мекенінен айырылған біздің елдің көшіп барып тұрақтаған жері — «Жаманшұбар» аталады. Неге олай аталуын баяндаудан бұрын, оқушыларды жер жайымен таныстырып алайық.

Біздің елдің көшіп барып тоқтаған жері шөлейтке өскен шұбар екен. «Шұбар» деп ол елде әр жерге шоқтала өскен ағаш өлкесін айтады. Біздің ел қыстаған шұбардың маңында да, елу-алпыс шақырымнан жақын жерде қыстау жоқ екен, өйткені айналасы — мидай дала, далада көл көп, олар — жан-жақтағы елдердің жазғы жайлауы. Жайлауға жақын жерде қыстау болмауға тиісті. Қыстаудың маңы шабындық болу керек, мал жайлаған жерде шабындық болмайды. Бұған қосымша — «жайлау» аталатын жердің шөбі, күз ел кеткен соң немесе көктемде ел келердің алдында өртеледі, ондағы, біріншіден, ескі шөпті өртеп, жаңасын шығару, оның малға астығы артық; екіншіден, жаз жайлаған кезде малға індет келсе, егер ескі шөпті өртемесе, өткен жылдың індеті сақталып, малды қайта қыруы мүмкін. Өртенетін өлкеде қыстау бомауға тиіс. Біздің ел көшіп барған шұбарда, оған дейін қыстау болмауы сондықтан, — дей келіп Сәбең шұбар деген сөзге жаманның жамалу себебін де таратып айтып кетеді. — Қара қыртысы табан кез, шөп те, егін де қалың шығатын ғажап құнарлы жерге қоныс тепкен әулет суға ғана жарымайды. Жеті-сегіз шақырым жердегі Дос көлінен басқа су жоқ. Терең құдық казу екінің бірінің қолынан кел-

мейді. Соған қарамастан, ауылдың үлкендері сол жерге орнығуға ұйғарады. Бұл 1892 жыл еді. Өкінішке орай келесі жылдың күзінде жайлау жақтан қалың өрт шығып, қыстауды, қысқа дайындаған мая-мая шөпті тып-типыл етіп жалмап кетеді. Сәбеңнің өзі жазғанындай, «Көп мал-мүлік және адам опат болады. Басқа барар мекені жоқ біздің ауыл сол араға тағы да қыстау салады. Малдарын олар алдағы қыста, маңайдағы көлдердің құрағы және қамысымен асырап шығады. Жамандығын көрген жердің атын, жұрт «Жаманшұбар» қояды... Содан кейін ауыл да «Жаманшұбар», адамдар да «жаманшұбарлықтар» аталады» (С. Мұқанов. Өмір мектебі. 1-том. — 29-б.).

Жаманшұбардың қысы үлкендерге де, балаларға да аса жайлы болмағанын «Өмір мектебінен» білеміз. Бұл өңірдің қыста бораннан көз ашпайтын кездері жиі болады. Сондай кездерде шымнан салынған жатаған үйлер мен қора-қопсы қардың астында қалады. Әрине, таудай теңкиіп жатқан күртік қар балаларға қызық, мүмкіндігі барлары танертеннен кешке дейін сырғанақ тебеді. Үйінде аяғына киер ештенесі жоқ кедейдің балалары болса, терезеден сыртқа телміріп күн өткізеді. Оның есесіне Жаманшұбардың көктемі мен жазы қандай ғажап?! Сәбеңнің өзі: «Жаманшұбардың көктемінде күннің бату-шығуы да әдемі-ақ! Күн еңкейе көкке үйірілген қоңыр бұлт, түнде ыдырай көшіп жүреді де, таң қараңғысы туа, жердің бетін жуғысы, көптеген өсімдіктер көріктендіре түскісі келгендей, сіркіреп өтеді», — деп жазады.

Көп уақыт өтпей құшағы кен Жаманшұбар «төрт құбыласы түгел» ауылға айналады. Шорманнан жапа шеккен Сибандар осылай қарай

шұбырады. Әуелде Мәуліт маңынан көшіп келіп, қазіргі Пресногорьковка селосының маңына қоныстанған Сәбеннің аталарының да Жаманшұбарға қоныс аударуына Торсан себеп болса керек. Ел арасында Торсан туралы әңгіме көп. Ол туралы атақты сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің былай деп жазғаны бар: «Қазақ денелі, кавказ көзді жас жігіт... Стап қаласында орысша бастауыш мектеп бітірген, өзге замандастарынан өресі биік, білгір де ұтымды, ойын-сауықта жұмысы жоқ іскер жігіт». (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан. — Алматы: Жазушы, 1975. — 216-б.).

Ал Торсан Сәбеннің аталарына неге өшігеді? Оны Сәбен былай түсіндіреді: «Оның әкесі Тілеміс, Есенеидің сұлтан-правитель кезінде тілмаш екен. Бұл қызметті Тілеміс байлықпен немесе бектікпен алмаған, өз басының өнерімен алған. Оның әкесі Сапак, қазақша «Стап», орысша Пресногорьковка аталатын казак-орыс станицасында жалшы болып бір байдың шошқасын бағады екен. Тілеміс пысық және орысша тілді жақсы білетін жігіт болып өседі. Есенеи сұлтан-правитель болғанда, біздің елде Тілемістен басқа орыс тілін білетін кісі жоқ екен. Сондықтан Есенеи оны тілмаштыққа алады.

Есенеидің жігіт кезінде «орысқа бағындың» деп біздің елді Кенесары көп қолмен кеп шабады да, мал-мүлкін талап, көп адамын тұтқынға алып кетеді. Есенеи басшы болып, ел Кенесары қолын қуады да, «Қақтың қара суы» деген жерде жетіп соғысады. Екі жақтан да көп кісі өледі. Кенесары жеңіліп қашады, біраз адамы қолда қалады.

Сол адамдарды казак-орыс штабына апарып тапсырмақ болған Есенеи қалың қолымен келе

жатса, жолда Сапақ шошқа бағып жүр екен. Қарулы қолдан қорыққан ол, қасындағы обаның етегінен қасқыр қазған апанға кіріп кетеді. Бұны көріп келе жатқан Есенеі апаннан Сапақты суырып алады да, «неге жасырынасың?» деп өлердей ғып сабайды. Бұны естіген Тілеміс Есенеіге өшігеді де, әкесінің кегін қайтарудың жолын іздейді».

Қалай десек те, Торсан Сибандарға жайсыз болып шығады. Ол, сайып келгенде, Ұлпанның да үмітін ақтамайды, ақыры, оның: «Әй, залым! Маған көрсеткен қорлығың өз басына келсін!» деген қарғысына ұшырайды. «Әуелі Торсанның үлкен ұлы Шақан болыс әкесінің бір ауыр зұлымдығынан өзін-өзі пышақтап жарылып өлді. Содан кейін 1920 жылы Торсан өзі өліп еді, балалары бір күннің ішінде быт-шыт болып тарап кетті: екеуі — қайнына, біреуі — туысқан еліне. Торсан шаңырағы құлап, қыстауы қанырап қалды. Аяқтап келгенде бір кезде болыс болған, мырза атанған Торсан балалары қайыршылыққа ұшырап барып құрыды. Бұл — менің өз көзіммен көрген жайларым» (Ғабит Мүсірепов).

Сәбең Жаманшұбар жайында қалам тарта отырып, өзіне ғана тән емес, ісі қазаққа ортақ тұрмыс бейімін суреттейді. Жастайынан ата-анадан айырылып жетім қалған Сәбеңнің өмірге көзқарасы тасбауырлыққа емес, туыстыққа бейімделгенін оның ұзақ жылғы ғұмыры айғақтайды. Осы «Өмір мектебінің» өне бойында Сәбең өзіне аялы алақан көрсеткен, жан жылуын төккен адамдарды сүйсіне жазады. Аталас ағайыны, панасы, елдің ағасы Нұртаза жайлы тамсана оқисың. Нұртаза — орта шаруадан жоғары дәулеті бар, Жаманшұбардың мал-

дан басқа шаруа бақпайтын байы. Таптық көзқараспен тәрбиеленген біздерге Нұртаза ағайынын танымайтын, аса қатал, маңына қонсы қондырмайтын безбұйрек адам болуы керек еді. Бірақ, сілкіп киер шекпені жоқ дейтіндей кедей бола тұра, кейінде бай атаулыға өлердей қас болған Сәбең Нұртазаға келгенде бұл пікірінен айныған сынайлы. Өйткені Мұқанның артында қалған тұяғы жетімдік тауқыметін тарта жүріп, дәулеттіге көзін сатса да, Нұртазаға келгенде оны жамандыққа қимайды. Әсіресе, бойындағы дарынын бастаған шақта Нұртazаның қолдауын көп көрген Сәбең осы махаббатын өмір бойы өшірмей өткен. «Кейде Сәбең екеуіміз ашық далада ертелі-кешті ерсілік-қарсылы жүреміз. Сәбеңнің омырауы да даладай кең, ойлары да даладай мол. Жаны бүкіл даламен туыс. Ертеде осы даланың жұтап, жоқшылыққа ұшырап, кең тынысының тарылғанын есіне алады. Сонда бүкіл бір ауылды аштық апаттан, ауыр індеттен сақтап қалған Нұртаза деген ағасы екен. Сәбең Нұртazаны елжірей есіне алып, атын қастерлеп, қайта-қайта айтады» (Сырбай Мәуленов).

Жоғарыда айтқанымыздай, Сәбең туған өлке ән мен күйдің және де қазақи құрметтелетін өзге де қасиеттердің қайнары еді. Сәбең Жаманшұбардың осындай адамдарын айта келіп, былайша толғанады: «Олардың арасына жасы жүзден асқан батагөй — Тоғанас, дауда сөзден жеңетін шешен — Нұртаза, күресте жамбасы жерге тимейтін — Канапия, елдегі ең жүйрік атты ұстайтын — Аткелтір, ең шебер ұста — Қожакмет пен Тайжан, ең атакты мініскерлерден: ағашшы — Құрманке, етікші — Құсайын, өрімші — Дүйсеннің Кәсені, тігінші — Шәйін;

өнер иелерінен: атакты әншілер — Жұбандықтың Кәсені мен Қабдол, күлдіргі — Қабамбайдың Кәсені, гипноздық қуаты күшті бақсы — Қымбат, тағы-тағылар».

Осының өзі жазушының өмірге деген көзқарасын қалыптастырған тұлғалы ағаларға деген перзенттік махаббатын сездіреді. Дала табиғатының адам баласына дарытатын қасиеті ұрпақтан-ұрпаққа көшетінін осыдан-ақ ұғуға болады.

Сәбең Жаманшұбардың қойын-қойнауында ғұмыр кешкен арғы бабаларды түгендеп кетпейді. Тізгінді тарта сөйлейді. Неге десеңіз, кеңес идеологиясының қасан, темір ноктасы жазушының тілін байлап отырғанын түсінеміз. Кеңестік тарихтан басқа, ұлттық тарихты, ел шежіресін анық білген адамның өзіне осылайша қол бөгеу қойылған кез еді ғой ол. Ұлттық тарих қозғалмайтын жабық тақырып болғандықтан және туа жетімдік көрген Сәбең өзін өрге де, төрге де көтерген коммунистік партияға өлердей сеніп өткендіктен оларды ашық айтпай, тұспалдап ұқтырады. Сәбеңнің бойында бір ағаттық болса, осы таптық көзқарасқа имандай сенуі дер едік.

Әйтпесе, Нұртазаның шешендігі тамырын тереңнен тартып жатқанын ғұлама Сәбең сезбеді деу қиын ғой. Тусыраған тақыр жерге қауындап, қаулап шөп шықпайтынындай үлкен шешендік, ой өткірлігін сөз сүлейлері тудырған. Толыбай сыншы, Токсан билердің өзі, одан бергі Есеней, тілдің су төгілмес жорғасы Тәбей, исі қазақты тәнті еткен Сегіз сері Сәбеңнің есінде тұрмады деймісіз.

Әттең, тарихымызды пышақ сыртындай ғана жұп-жұқа еткен заман теперішінен асып

қайда барарсың?! Осы ретте әйгілі ақынымыз
Қадір Мырза-Әлінін:

*Біздің тарих — бұл да бір қалың тарих,
Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы, —*

деп қынжылуы соның көрінісі емес пе?!

Жаманшұбардың даласында рухани ұлылық
ғасырлар бойы жалғасып келгенін түптеп кел-
генде:

*Тура сөздің түбі бір,
Тұпатасы — Майқы би, —*

деп берісі Шыңғысханның заманына, әрісі
казактың көне руының бірі Керейдің өзіне
тіреуге болар еді. Сәбеннің Жаманшұбары сол
тарихтың соңғы жұрнағы ғана. Осының бәрін
ойша толғап, жүрегінің лүпілімен сезген сұңғы-
ла суреткер ауызекі әңгімелерді шежіреге айнал-
дырып, өзі де шежірешілерден суыртпақтап сыр
тартып, ұға білген пендеге алаулатпай-жалаулат-
пай жеткізген. Керемет әңгімешіл, құлақ құры-
шын қандыратын ескілікті хикаяттарға келген-
де алдына жан салмайтын білгір Сәбеннің ұлт
тарихына ділгер болмағанын білеміз.

Осының өзі (кеңес заманындағы темір ноқ-
таның қыспағына қарамастан) Сәбеннің ғұмы-
рының соңғы жылдары айрықша батылдыққа
беріліп, «Халық мұрасы» атты зерттеу еңбекке
ден қоюына бастау болды. Сәбен дүниеден өтер
1973 жылдан сәл бұрын осы кітапты қолға алып,
қазақ халқының мәдениеті, өнері, тілі, тұрмы-
сы, көрші халықтармен қарым-қатынастары,
бір сөзбен түйіндегенде, өткендегі бүкіл болмы-
сы жайлы терең толғауды мақсат еткен.

«Қазақ елінің шежіресін, әдет-ғұрпын, салт-санасын да орыс саяхатшылары өзгелерден анық көрсетеді. Орыстың ориенталистері (Шығысты зерттеушілер): Бичурин, Рожков, Левшин, Потанин, Бартольд, Малов, тағы басқалары қазақ өмірінен толып жатқан нақтылы деректер мен сипаттамалар қалдырған. Солардан үлгі алған Шоқан Уәлиханов бұл мәселені тереңдете түсіп, өте бағалы еңбектер жазды.

Дегенмен, қазақ халқының өткен жолын жан-жақты толық сипаттайтын монографиялық еңбек әзірге жоқ. «Басқа халықтар тарихы жайында жазылған мұндай ғылыми еңбектер баршылық...» деп басталатын еңбегінде Сәбен шежіренің қазақ өміріндегі орнын айрықша бағалап, бірінші тарауын «Шежіре және тарих жайында» деп толғайды.

Сәбеннің осы еңбегінің тарауларының өзі біздің тұрмысымыздың тарихы екені дәлелдеуді қажет етпейді.

Атап айтқанда, мұндай жалпы шежіре, қожалар шежіресі, қазақ тарихы, қазақтың дүниетанымы, тілі, мекені және елдігі, әлеуметтік қайшылықтары, шаруашылық жайы, аңшылығы, материалдық мәдениеті, тұрақ жайы, ұстанған ыдыстары, азығы, киім-кешегі, көлік-тұрманы, өнері, қисса-хикаялары, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, айтыстары, діни айтыстары, дара ақындары, жазба әдебиетіміздің белестері баяндала келе, Абай Құнанбаевпен тәмамдалады. Сәбен әуелі Абайды үстем таптың өкілі деп теріс пікірде болса, кейін одан айнып, Абай туралы үлкен монографиялық зерттеу жазған. Осы Абай жайындағы тарауды сол монографияның ықшамдалған үлгісі деп ұғуға болады.

Сәбенді көрген, онымен аралас-құралас болған замандастарының бізге қалдырған естеліктері аз емес. Соларды оқып отырғанда жазушының көпшілдік, кішіпейілдік, қарапайым халыққа құшағын кең ашқан адамгершілік қасиеттеріне қаныға түсесің. Оның мінез-құлқы, іс-әрекеті өзгеше. Сәбенмен көп араласқан қазақтың белгілі ақындарының бірі Сырбай Мәуленов, әсіресе, ауылға жол түскенде Сәбеннің жүріс-тұрысы, сөзі өзгеріп шыға келетінін жазады. Бірде Қостанайлатып Жаманшұбарға бет алып келе жатқанда Тобыл үстіндегі көпірден өтіп, Сәбен ауылына төтелей тартқан жүргізуші байқамай басқа бір сүрлеуге түсіп кетеді, адасады. Күн еңкейіп, қырқаның астына құлап барады. Мұндайда басқа біреу болса, қабақ шытып, мазасызданаар еді, Сәбен:

*Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асыра;
Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасыра, —*

деп қайран Абай табиғаттың осы бір кешкі суретіне қаншалық қан жүгіртіп, жан кіргізген деп тамсаныпты. Ол: «Күн кешкіріп қалды ғой, жолда асханасы бар ауыл кездесе, тамактанып алайық» деген жүргізушінің сөзін: «Ау, сен де қызық екенсің. Ауылда маған қысқы соғымнан сақтаған сыбаға тұр. Мұқанмен бірге туған Мұстафаның баласы Шәкенді өзін білесің ғой. Оның соғымы шүйгіп болады», — деп құлағына ілмейді, тезірек ауылға жетуге асығады. Оның өзін ауылдың кәрі-жасы түгел күтіп отырғанын іші сезеді. Олар үшін Сәбеннің келуі — үлкен той.

Жаманшұбар — оның туған жері. Ата-бабасының қорымы жатқан қасиетті мекен. Жаманшұбар тыңы жыртыла бастағанда, Сәбең зираттар жыртылып кетпес үшін тракторлармен айнала орлатыпты. Оның үстіне жоғалмас үшін топырақтан оба үйгізіпті... Сәбең үшін бұл жаман шұбар емес, жақсы шұбар», — деп жазады Сырбай Мәуленов.

«Жаман шұбар емес, жақсы шұбар» деген — Сәбеңнің өз сөздері. Оған Сәбеңнің Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің 1967 жылғы 22 қазандағы санында жарияланған «Жақсы шұбар» деген жолжазбасын оқығанда көз жеткіздім. «Менің туып-өскен ауылым ертерек кезде «Жаманшұбар» аталуы оқырман көпшілікке «Өмір мектебі» аталатын шығарманың үш кітабынан да мәлім. Бұл жолғы әңгіме сол Жаманшұбардың қалайша жақсы шұбар аталуы жайында...» деп бастаған Сәбең оқу іздеп Жаманшұбардан кеткелі сол мекенге жыл сайын соғып тұратынын, сондықтан оның қалай өсіп, қалай гүлденуі, қандай қиыншылықтарды басынан өткеріп, қандай жетістіктерге ие болғаны алақанында екенін жазады.

Сәбеңнің қазіргі ауылы Жамбыл ауданында, Жаманшұбармен екі арасы сексен шақырымдай. Бұл жерге ауыл 1928 жылы көшіп келгенін «Өмір мектебінен» білеміз. Осы сапарында алдымен ауылға ат басын тіреген Сәбең мұнда көп бөгелмейді, көп жыл шаруашылық қызметінде болып, биыл ғана зейнет демалысына шыққан немере інісі Шәкен Мұстафинді ертіп, Жаманшұбарға тартады. Әрине, жолай ауылдарды аралайды, өркенді өзгерістерді көріп, көңілі көтеріледі, жаңа өмірге қызығады. «Шіркін, дәл осы кездерде неге тумадық

екен?! Көйлек көк, тамақ тоқ, бейбіт күн, молшылық дүние, рахат шақ», — деп ойға шомады.

Расында да, қырдағы ауылдардың даму үрдісі керемет! «Солтүстік Қазақстан облысы үшін оның батыстық аудандары үшін, әсіресе, менің туған ауылым бағынышты — Преснов ауданы үшін биылғы 1967 жылғы мерекелі жыл өте жетістікпен өтіп жатыр. Осы жетістікке туған ауылым да ортақ. Ол, мысалы, биылғы шығымы бай астықтан үкіметке 13 мың центнер астық беруді жоспарласа, іс жүзінде тапсырғаны — 30 жарым мың центнер. Бұл Қазақстанның тыңы көтерілген дәуірге дейін, яғни 1953 жылға дейін бүкіл Преснов ауданы мемлекетке тапсырған астыққа тең». (С.Мұқанов. Ленин туы. 22 қазан. 1967 ж.)

Революцияға дейін Жаманшұбар төңірегін мекендеген халық ауызсудың зардабын көп тартқан. Жаманшұбардың жері шөл, терең қазбаса, су шықпайды, ондай құдық қазуға ауқатты адам болмаса, кедейлердің шамасы келмейді. Ол туралы Сәбең «Өмір мектебінде» былай деп жазған: «Осындай жағдайдың салдарынан ағайынды екі адам бір-біріне өзгені киса да, суды қимайды. Шамасына қарай әр үйде бірден бастап, бірнешеуге шейін құдық болады. Бай адамдар оннан аса құдық ұстайды. Құдықтардың ауызы құлыптаулы болады... Бай адамдар қар ерітуге арнап үй салдырады». Ал қазір қай ауыл болсын, құбыр арқылы бүлкілдеп ағып жатқан Есілдің мол суын пайдалануда. Сәбең осының бәрін тәптіштеп жазады. Олай істейтін жөні де бар. Өйткені облыстың су шаруашылығын басқарып отырғандардың бірі — өзінің ауылдасы Ескендір Кәкелеев. «Ескендір Кәкелеев — біздің ауылдан шыққан бала. Алматы

ауылшаруашылық институтын 1952 жылы бітірген, ол содан бері үздіксіз осы қызметте келеді. Ақылды, парасатты, іскер, тәжірибелі маман» (С. Мұқанов).

«Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, су мәселесін біраз қаузаған Сәбен Жаманшұбарда жылу мен жарық мәселесінің де он шешілгеніне қуанышын жасыра алмайды. «Ас қыздыру немесе үйді жылыту Ескі Жаманшұбарда (және төңіректегі ауылдарда) өте қиын істің біреуі еді. Өйткені «сіріңке» аталатын оттық көрінген үйде бола бермейтін, тұрғындардың көпшілігі от жаққан үйлерден шоқ және шала алып жүретін. Кейбір от жаққан үйлер жақпаған үйлердің ұнатпайтындарына тамыздық бермейтін. Сондықтан олар ас-суын пісіре алмай қаңтарылып отыратын. Қазіргі ауылдардың, олардың ішінде біздің ауылдың бәрі де электр қуатын пайдаланады». Осы жолдардан Жаманшұбардың бүгінгі бейнесіне көз тоқтатқан Сәбеннің көтеріңкі көңіл-күйі анық сезіледі.

Сәбен ауылға келген сайын мектепке соқпай кетпейді, балаларға оның тарихы туралы әңгімелейді. Мектепті осы ауылдан шығып білім алған Қазымбет Бірімжанов ашқанын, ол кезде мектеп үйі кулактардың біреуінен конфискеленген төрт бөлмелі ескі ағаш үйде орналасқанын, төрт сыныптық мектепте небәрі он шақты бала оқығанын айтады.

«Ағашсыз, көлсіз далада ескен жел жерге түскен қарды борандата айдаса, шіліктен басқа кідірет жері жоқ. Күртік шіліктің бойынан асқан кезде, бораған қар кідірет жер таппай, жел қай жақтан ессе де, Жаманшұбарға кеп тығылады». Сәбен осындай Жаманшұбарға жер теңгермейді, жыл сайын алып-ұшып жетуге асы-

ғады. Және ол келгенде жалғыз жүрмейді, «менің елімді, менің жерімді көріңдер» дегендей, жақсы көретін інілерін ерте келеді. Сол інілері Сәбең бақилық болғаннан кейін де бұл өңірге ат ізін салып тұрған. Солардың бірі — ақын Ғафу Қайырбеков 1980 жылдың маусымында бала киялының «сұлу мекені болған», өмір бойы көз алдынан кетпей келе жатқан Дос көлі мен Жаманшұбарға ат басын тірейді. Сол сәттегі тебіренісін ақын былайша жеткізеді: «Қалың ормандар тобы артта қалып, біз күнбатысқа қарай зымырап келеміз. Көз жеткісіз жалпақ, жазық далаға шығып кеттік. Анда-санда манағы көп жасыл өлкеден әрең сұрап алғандай сирек-сирек шоқ ағаштар ғана кездеседі. Шынында, жайлау десе — жайлау, бала Сәбеңнің «бақыршылық» етіп, қалың жылқыны қаптата жайған, қыста тебіндеткен, өзі «жылы-жұмсақты» шәугімге бүлкілдететін жеріне көз иланып, көңіл сене бастайды... Маған мынау бүкіл жалпақ жазықтың бәрі Сәбең болып елестейді. Ол осы жазықтан адамға айналып, қазір-қазір түрегеп кететіндей» (Кәдімгі Сәбит Мұқанов. — Алматы: Жазушы, 1984. — 353-б.).

Қазір Дос көлінің айдыны тартылған, қалың қамыс, құрақ басып кеткендіктен, қопаға көбірек ұқсаңқырайды. Дос осылай жүдеңкіреп тұрса, Жаманшұбардың бүгінгі ажары айшықты. Жаз барсаң, көз жетер жерде жайқалып тұрған егінді көресің. Керемет көрініс! Байлық! Теңіздей толқиды!

Осы жерде Сәбеңнің әке-шешесі, ата-бабасы жатқан қорым бар екен. Сәбең сол қорымға 1955 жылы Мәскеуден алдырып, мәрмәр ескерткіш қояды. Оның да тарихы қызық. Зіл-

батпан тасты қанша адам көтерсе де, қолмен орната алмайтынына көзі жеткен Сәбең Сулы станциясында тұрған әскери бөлімшенің басшыларынан көмек сұрайды. Ақыры, көптеп-көмектеп тас орнатылып, Сәбең әке-шешесіне ас береді. Содан бері бұл өңірге келгендер ескі қорымға соқпай кетпейді. Ескерткіш қорымның нақ ортасында, дөңестеу жерде тұр. Онда Сәбеңнің әке-шешесінің аттары, туған-қайтыс болған жылдары жазылған. Ескерткіштің алдындағы алаңшаға мәрмәр басқышпен көтерілесің.

Дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, Сәбеңнің туған жерін аңсап, соған жетуге асыққаны анық. Алайда, ол мұнда тек сағынышын басуға ғана келмеген. Сәбең туған жерін шығармашылық қуатының қайнары деп білген. Әйтпесе ол Алматыда бастаған «Жұмбақ жалау» романын екі ай бойы Қызылжарда жатып жазбас еді. Сәбең туған жердің табиғатынан, ауасынан ерекше бір шабыт алған. Осындай ойлар мен деректерді біз қазақтың белгілі ақыны Сейітжан Омаровтың естеліктерінен де табамыз. Отыз алтыншы жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде қызмет істеп жүрген ол «Қызылжарға Сәбит Мұқанов келеді екен» деген хабарды естігенде қатты қуанғанын жазады. Сәбең мен Мәриям апайды теміржол вокзалында газет редакторы Сейілбек Үсенов пен Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы уәкілі Әбдірахман Айсарин қарсы алады. Келген күнінің ертеңіне Сәбең редакция қызметкерлерімен кездесіп, қазақ әдебиетінің хал-ахуалы туралы әңгімелеп береді. «Сәбит аға ол кезде отыз алты жаста еді. Сонда да ол кісі бізге

ұзақ жасаған, көпті көрген қариядай көрінетін. Бет-әлпетінде, көз қарасында жатсыну, тосырқау дегендердің ырымы жоқ. Бір көрген адамның өзімен де ескі танысындай жарқылдап, елжіреп сөйлеседі. Жылы сөзімен жаныңды баурап алады.

Сәбен редакцияның бір шағын бөлмесінен жұмыс орнын сайлап алды. Күн сайын сағат тоғызда жұртпен бірге кеңсеге келеді, түсте бір сағат үзіліс жасайды. Пәтеріне кешкі сағат бес кезінде қайтады. Кей кездерде түнде бөлмесінде ұзақ отырып, қолжазбасын жөндейді, машинаға әзірлейді» (Сейтжан Омаров).

Бұдан біз нені аңғарамыз? Сәбен күй таңдамаған, бап іздемеген, мақсаты тез және өндіре жазу болған. Әдебиет сыншысы, академик Мұхамеджан Қаратаев: «Сәбеннің өндіріп жазатын уақыты түн еді. Күндіз жұрт арасында көбірек жүретін. Жұмысқа сәске кезінде келіп, түнімен жазғанын 10-15 бет көлемде машинаға тапсырғанын талай көрдім», — деп жазады.

Осы арада Сәбен туралы Сафекен, Сафуан Шаймерденов айтқан бір әңгіме еріксіз ойға оралады. Сафекен де ауылға келген сайын редакцияға соқпай кетпейтін. 1976 жылдың жазы болуы керек, редакцияға бас сұққан Сафекен бір топ жігітті, араларында Бақыт Мұстафин, Байтұяқ Жанымбетов, Болат Қожахметов, Мәлік Мұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Шашубай Малдыбаев бар, әңгімеге үйіріп, көп естелік айтқан. «Сәбеннің маған да жасаған жақсылығы аз емес. Оның ақыл-көмегімен университетке түстім, әділ сынымен шығармашылық тура жолымды таптым, — деген ол. — Сәбен тынығу дегенді білмейтін, жазбай отыра алмайтын жазушы еді. Әдебиет Сәбеннің бар болмы-

сы, бар тынысы, ауасы болатын. Ол кейде бірнеше шығарманы қатар жазатын. Сыр жөнінде роман жазып жүріп, Мәлік Ғабдуллин туралы повесті бітіргені, «Біздің заманның ба-тырларын» жазу үстінде Абай туралы монографиясының нүктесін қойғаны есімде».

Сәбеңнің, бір өзі елдің тұтас кітапханасын жазған адамның, мол мұрасы әдебиетіміздің, жалпы бүтіндей мәдениетіміздің өшпес мұрасы болып ғасырларға мәңгілік қалатыны сөзсіз. Сәбең өзінің барлық зерттеу мұраларында халқымыздың рухани жетістіктерін көсіле, жеріне жеткізе айғақтап жазып отырған. Ол өз даласының зор перзенті екенін пайымдағандықтан да тұлғасын сол даланың кеңдігімен өлшей білген.

Жаманшұбар даласының бүгінгі бейнесі Сәбең жазған қалпынан өзгергені белгілі. Со-нау замандарда үйір-үйір жылқы жайылып, табындар шұрқыраған ту далада бүгіндері ел қоныстанған мекендер орныққан. Бірақ біздің зердешіл зейініміз Жаманшұбар тарихын әсте естен шығармайды. Мейлі, заман өзгерсін, соған орай адам өзгерсін, бірақ біздің санамызда сайрап жататын тарихи таным өлмейді. Ол өлмегендіктен де санамызды серпілтеді. Жаманшұбар даласының қасиетін оқтын-оқтын сол арқылы ойға аламыз. Сәбеңнің мерейтойларында бас қосып, оның тұлғасына тәу еткен сайын ұлы даланың осы қасиетін тани түсеміз. Сондықтан Жаманшұбардың өткені мен бүгінін салыстырып, Сәбең сынды ұлы перзенті бесігінде әлдилеген даланың топырағын басуға пейіліміз бен ықыласымыз ауады да тұрады.

Жақында Жаманшұбарға тағы да ат басын бұрдық. Күз еді. Бойындағы бар риздығын сарқып берген дархан дала кең тыныстап жатыр.

Бұрынғы «Докучаев» кеңшары жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылыпты. Отыз мың гектардан астам жерге дән себеді екен, 200-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған, орташа еңбекақылары 40 мың теңгенің үстінде. Халық риза.

— Депутатқа қояр сауалдарыңыз бар ма? — дедім мен.

— Бар, — деді алдыңғы қатарда отырған ауыл ағаларының бірі. — Мен осы өңірде туып-өстім, бүкіл өмірім осында өтті. Сәбит Мұқанов көзі тірісінде туған жерім деп жыл сайын келіп тұрушы еді. Сөйтіп, бертінгі мекеніндегі тойдың думаны бізге де жетіп жататын. Ал қазір бұл жаққа ат басын бұратындар сиреп барады. Сәбитті Жаманшұбардан айырмасақ деймін.

Осы сөздерді ауыл тұрғыны ерекше бір сағынышпен жеткізгенде кең залда отырғандар сілтідей тына қалды. Іле: «Иә, иә, Сәбитті ұмытуға болмайды» деген дауыстар естілді. Мұхтар Әуезов: «Әрі ақын, әрі романшы, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі — Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте данқты, анық қымбат аттың бірі... Сәбиттің өмірі мен еңбегі жазушының бір басынын ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса күрделі дәуірдің өскен жолын, ізденген мүддесін, жеткен өрісін де баян етеді», — деп қалай дөп басып айтқан?!

2008 жылдың жазында Швецарияда Біріккен Ұлттар Ұйымы Парламент депутаттарының алқалы жиынын өткізетін болып, оған Мәжіліс басшылығы әріптесім Д.В. Клебанова екеумізді жіберуге ұйғарыпты. Депутаттардың шетелдегі сапарларын дайындаумен халықаралық байланыстар және хаттама бөлімі айналы-

сады. Жолға шығуға бір аптадай қалғанда осы бөлімнің меңгерушісі Балтабай Омаров телефон шалып: «Барлық құжаттар дайын, уақытыңыз болса, қазір біздің бір қызметкеріміз келіп сізге бәрін түсіндіреді», — деді.

Кабинет табалдырығынан имене аттаған ашан жүзді, орта бойлы келіншек өзін халықаралық байланыстар және хаттама бөлімінің бас консультанты Нәйла Арыстанқызы Мұкановамын деп таныстырды. «Әкесінің атына, тегіне қарағанда, Сәбеңе бір қатысы болмасын» деген ой қылаң берді. Әйтсе де, бірден сұрақтың астына алғаным жөн болмас деп, жұмыс жайына ойысып кеттік. Нәйла Арыстанқызы құжаттарды қолыма тапсырып, сапарға қатысты жайларды тәптіштеп түсіндірді.

Қоштасар сәтте мен:

— Қай жердің баласысыз? — дедім.

— Өзім Алматыда туып-өстім, ал бабаларымыздың атамекені — Солтүстік Қазақстан облысы, — деді ол.

— Онда жерлес болдық қой. Осы сіз Сәбеңнің ұрпағы емессіз бе?

— Сәбеннің немересімін.

— Е, бәсе, өзім де солай ойлап едім.

— Ғабене жиен боламын, — деді Нәйла күлімсіреп.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайланғалы талай жақсы-жайсаңдармен, мықтылармен танысып, араласып жүрсем де, мына кездесу маған қатты әсер етті. Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы алдымда отыр. Жоғалғаным табылғандай, қатты толқыдым.

Нәйла Арыстанқызы да өте кішіпейіл жан екен, аз ғана уақыттың ішінде біраз жайды жа-

йып салды. Жолдасы дипломат екен, біраз жыл Америка Құрама Штаттарында тұрып келіпті. Сәбеннің өмірі мен шығармашылығына қатысты баспасөз бетінде айтылып жатқан пікірлерден де хабары мол екен. Көп әңгімелестік.

Көзі тірісінде-ақ толық мағнасында халық жазушысы атанған Сәбит Мұқановтың алып тұлғасы жыл өткен сайын биіктеп, сәулене түсері анық. Өйткені ол, Мұхамеджан Қаратаев жазғандай, қайда жүрсе де сінімді, жағымды да сүйкімді еді, карапайым еді. Осы қасиеттері оны халықтың сүйіспеншілігіне бөледі.

Жылдар өтер, бірақ халықтың Жаманшұбарының бар асыл қасиеттерін бойына сыйғыза білген ұлы перзентке деген сүйіспеншілігі ортаймақ емес.

ЕЛТІНЖАЛ

*Құр кеуде басқанменен «білемінге»,
Көп жайды біз ұғамыз жүре-жүре.
Бақсам мен — Елтіңжалға баратын жол
Ғабеннің жатыр екен жүрегінде! —*

деп қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков ақтарыла жырлағандай, ойы түпсіз терең сөз зергері Ғабит Мүсірепов үшін Елтіңжалдан асқан, Елтіңжалдан қымбат жер болмаған. Бар қызығын үйіп-төгіп, босатпай құшағынан сүйіп-өбіп, ерке құсын сағынып қарсы алатын Елтіңжал — нағыз «нар шөккен» киелі жер, шырайлы да шұрайлы өңір. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мына жердің байлығы астында емес, үстінде тұр ғой» деуі тегін болмаса керек.

*Басыңда, азат күнің, еркің барда,
Барып қайт бауыр жазып Елтіңжалға.
Елтіңжал еркелетіп қарсы алмаса,
Маған кел, көңіл суып, көп қиналма! —*

деп Ғабеннің өзі айтқандай, Елтіңжалға мен де талай рет ат басын бұрған едім. Бірде белгілі қаламгер, ел газеті — «Егемен Қазақстанның» белді қызметкерлерінің бірі Жанат Елшібекке ілесіп жолға шығудың сәті түсті. Жәкенмен «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») істеп жүрген кезінен таныс болатынбыз. Ол бірден Ғабен ауылына барғысы келетінін айтты. Сөйтіп, «Егемен Қазақстанның» біздің облыстағы меншікті тілшісі Байтұяқ Жанымбетов, өзіміздің «Ленин туында» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») бөлім меңгерушісі болып істейтін Амандық Жантеміров төртеуіміз таңертең жол-

ға шықтық. Түс кезінде Айымжанға соғып, «ат суытып» алдық та, күн еңкейе Ғабеннің ауылы — Жанажолға жеттік.

Бұрын-соңды біздің өңірге келмеген Жанат үшін бәрі таңсық. «Е, бәсе, Сәбен, Ғабен сынды алыптардың тамыр тартқан топырағы осындай құнарлы болуы керек қой», — деп не нәрсеге болсын таңдай қағады, таңдана қарайды.

Арамызда Ғабенді, жалпы осы өңірді біршама жақсы білетін бір жан болса, ол — Амандық. Ол да осы жердің тумасы, туған ауылы Қаракамыс Жанажолға тиіп тұр, «көнекөз, ескі құлақ кісілерден» естігендерін ортаға салып жүр.

Бұл Ғабеннің туған ауылының даңқы дүркіреп тұрған кез болатын. Тұрғын үйлер, баска да әлеуметтік нысандар бірінен соң бірі бой көтеріп, шағын ауылдың қанаты кеңейе түскені бір жақсылық болса, тракторшы қыз-келіншектер бригадасының құрылуы да елді елең еткізген оқиға еді. Сөз жоқ, алматылық әріптесімізді осы жағы да қызықтырады. Бірақ ол қайта-қайта әңгімені «Ұлпанға» бұра береді:

— Бәрі өмірде болған адамдар екен ғой, — дейді.

— Иә, иә, Ұлпан да, Есеней де — бәрі де өмірден алынған кейіпкерлер, — дейді Амандық пен Байтұяқ жарыса.

— Онда «Ұлпан» көркем шығарма ғана емес, тарихи шығарма да болды ғой.

Кешікпей оған бәріміздің де көзіміз жетті. Ауылдың солтүстік-шығысындағы орманға бастап алып келген Амандық әжептәуір аумақты алып жатқан, жағалай орланған жерді көрсетіп: «Міне, Есеней қорымы осы, — деді. — Ұлпан да, Есеней де осында жерленген. Бергінде олардың бастарына ескерткіш-тас орнатыл-

ды». Амандық бәрімізді солай қарай бастады. Осы арада тізе бүгіп, аруақтарға құран бағыштадық.

— Ғабеннің өз бабалары да осы қыстауды паналағанын «Ұлпаннан» оқып едім, — деді Жанат әңгіменің қызығына беріліп.

— Бұл жерді жергілікті тұрғындар «Түрікпен қыстауы» деп те атайды. Ғабеннің кіндігі нақ осы жерде кесілген. Үйлерінің орны әлі бар.

Мал-жан аяғы баспаған жерде қалың шөп жайқалып тұр. Жанат бәріне таңырқай қарайды.

— Елтіңжал дегені қайсысы? — деді сәлден соң.

— Ол ұзыннан-ұзақ созылып жатқан орман, осы жерден алыс емес.

— Неге Елтіңжал деп атады екен?

Біздің арамыздан бұл сауалдың түйінін тарқататын адам табылмады.

«Елтіңжал» деген сөз қайдан шықты екен?» деген ой ара-тұра қылаң беріп қалатын. Бірде соның жауабы табылғандай қуанғаным да бар. 1992 жылы жаздың күзге ойысар тұсында Алматыға жол түсіп, «Жетісу» пойызына отырдым. Жайлы вагон, жүйрік пойыз жүйткіп-ақ келеді. Бірақ қазақтың ұшқан құстың қанаты талатын кең даласының ұшы-қиыры жоқ сияқты, көсіліп жатыр. Пойыз донғалақтарының дүрсілі тұяқтарынан от ұшқан тұлпарлардың дүбірі ме дерсің. Найзаның ұшымен, білектің күшімен туған жерін шапқыншылардан қорғаған бабалар... Осылай ой жетегіне еріп, күнделікті күйбең тіршілікті ұмытқандай, рахат бір сезімге беріліп отыр едім, купенің жартылай ашық тұрған есігінен қазақтың үлкен ақындарының бірі Ғафу Қайырбековті көріп қалдым. Ғафәмен осыдан бір айдай бұрын Ғабеннің 90

жасқа толуына орай туған жері — Елтіңжалда өткізілген тойда кездескен болатынбыз. Мен ол кезде республикалық радионың Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі едім, ал Қазақ радиосының сол кездегі басшысы Қуаныш Орманов Ғафанның жиені болатын. Той қарсаңында сол кісі телефон шалып, Ғабит Мүсіреповтің мерейтойына Алматыдан да біраз адамдар баратынын, олардың ішінде Ғафу Қайырбеков те бар екенін айтып, маған міндетті түрде сол кісіге жолығуды, қажет болып жатса көмектесуімді сұраған. Тойға келгендерді қарсы алып, шығарып салу тәртібі белгілі ғой, қалада Ғафана жолығудың сәті түспеді. Тек Жанажолда кездесіп, мән-жайды түсіндірдім, сұхбат алдым. «Рахмет, маған алаңдама, бәрі алақанға салғандай болып жатыр ғой, қажет болсаң, өзім тауып алам», — деді.

Ғафанды мен тұңғыш рет 1989 жылдың жазында Сартомарда өткен Мағжан тойында көрген едім. Қайсар кара шашын кейін қайырған кара торы өңді ақынның қоңыр дауысы жыр оқығанда керемет бір екпін алып, тыңдаушысын баурап әкетеді екен. Кара сөздің өзін жырдай төгілтетін Ғафана тәнті болып қалғаным соншалық, сол жолы бір қажетіне жарап, жақынырақ таныса алмағаным бір жағынан қынжылып та қалған едім. Енді, міне, сол Ғафаң менімен бір пойызда, бір вагонда келе жатыр. Пойыз Ақмоладан (Астананың бұрынғы аты) жаңа ғана шықты, жол алыс... Көңілімнің түкпірінде жақсы бір үміт тұтанды. Ғафанның алдынан шығып, сәлем бердім. Ол мені бірден танып, қайдан жүргенімді сұрады. Мен қызмет бабымен Алматыға бара жатқанымды айттым. Ғафаң жалғыз емес, қасында бәйбішесі бар екен.

— Біз әнеугі тойдан кейін Бурабайда демалдық, содан үйге қайтып келе жатқан бетіміз, — деді. Сосын шайын сораптап сәл үнсіз отырды да: — Қазақстанның түкпір-түкпірін түгел араладым, бірақ осы солтүстіктей сұлу өлкені көргем жоқ, ауасы да керемет, әйтеуір, бойым сергіп, бір рахатқа батамын, — деді. — Ғабенмен талай келдім ғой, — деп тағы бір қойды.

— Ол кісі сізге өткеннен біраз әңгіме айтқан шығар?

— Иә, келген сайын туған жерін жаңа көргендей болып, өткен күндерді еске алып отырушы еді. Әсіресе, «Ұлпанды» жаза бастаған кезінде көп әңгімені жаңғыртқаны есімде.

— «Ғабит Мүсірепов» деген өлеңіңіз осы сапарлардан туған ғой, сірә?

*Елтіңжал — солтүстіктің орманы екен,
Баратын оған жалғыз жол бар екен. —
Әрі алыс, әрі жақын сонау жолдың,
Жүрсем деп қай жағынан ойға кетем, —*

деп ағаға еріп жүріп, біраз жайды көңілге тоқыдық қой. Ғабен түпсіз терең тұңғиық еді ғой...

Ғафаң тағы да үнсіз қалды. «Ақын жүрек Ғабен әлемін шарлап кетті ме?..» Қасы мен қабағына қарап, үнсіз отырмын.

— Иә, өмір өтеді, бұл дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ.

Оның үнінде бір кимастық бар.

— Елтіңжал деген атау қайдан шықты екен? — дедім мен әлгі үзіліп қалған әңгімені қайта жалғап.

— Бір сапарында Ғабен Елтіңжалға ауылдың екі-үш шалын ертіп барды. Менің Елтіңжалды

тұңғыш көруім: көк ала бұлттай шөгіп жатқан қалың орманнан далаға шыға қашып тоқтаған тұлпарды елестетті. Осы көрініске сұқтана көз салған Ғабеннің әлгі шалдардан: «Не деген сөзден шыққан екен бұл ат?» — деп сұрағаны есімде. Сонда әлгі ақсақалдардың бірі: «Ертеректе Елтін деген кісі болса керек...» — деп аса тереңдей алмаған. «Ұлпанды» жазып жүрген Ғабеннің өз болжамдары да болған шығар, бірақ, «солай ма еді?...» дегендей қабағын керді де, одан әрі қазбалаған жоқ.

Осылай Ғафаң Алматыға жеткенше ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов туралы біраз сыр шертті, оның адами қасиеттерін тілге тиек етті.

Ал Елтінжал атауының қайдан шыққанына келсек, ол жөніндегі деректер шамалы екен. Сәбит Мұқановтың 1959 жылдың аяғында жазған Ғабит Мүсірепов туралы қысқаша өмірбаяндық очеркінде: «XIX ғасырдың орта кезінде, Құсмұрын дуанының сұлтан-правителі Шыңғыс Уәлихановты түсіріп, орнына сұлтан-правитель болған Есеней Естемесов, Мүсірепті оң қолы ғып ұстап, өз ауылының қасынан қоныс беріп, қыстау салдырған. Дөнес жерге жалдана біткен бұл ағаштың атын «Елтін жалы» дейді. Елтін — Қыпшақтың Күрлеуіт руынан шыққан адам екен», — деген жолдар бар.

Елтін — Есенеидің туған апасын алған жездесі (кейбір зерттеушілер күйеу баласы деп те жазып жүр). Бұл арада нақтылай түсетін мәселелер аз емес. Өйткені Елтіннің әкесі — Нияздан қалған төмендегідей сөз бар:

*Абылай аспас Арқаның сары белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы түссе де лайланбас
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі.*

Осы арада біреулер: «Қаракөл қайда, Елтіңжал қайда?» деуі мүмкін. Ол рас, Сәбеннің жазуынша, «Нияздың Қаракөлі» Баян мен Ереймен тауларының арасында. Міне, Есенеі Елтінді қасына сол жерден көшіріп алған. «Артынан басқа Күрлеуіттер де келе бастап, жеріне сыймайтын болған соң, Есенеі оларға Қостанай облысының қазіргі Урицкий ауданынан жер берген» (Сәбит Мұқанов). Міне, нақ осы кезде Есенеідің мейірімі Мүсірепке түсіп, Елтіңжалдың баурайына түрікпен ауылы қоныстанады. Ел ішінде бұған қарсы шыққандар да табылады. Әсіресе, Еменалы: «Жерімнің құтын бергенің мұндағыларды ойламағанын ғой», — деп қатты ренжіпті. Бірақ ол Есенеідің шешімін өзгерте алмапты. «Кейін де елдің біразы Еменалыға қосылып: «Елтіңжалды түрікпенге бергені — құтынан айырылғаны десіп жүріпті» (Ғ. Қайырбеков. Елтіңжал. — Алматы: Өнер, 1990. — 107-б.). Қалай десек те, осы бір тұста Есенеідің күні еңкейіп, түрікпеннің шаңырағы биіктей түседі.

Сотқарлығымен елге танылған Еменалының Мүсірептің әйелі ұл тауып, мәз-мейрам болып жатқанда бүлік салатыны да нақ осы тұс. Оның терезенің ар жағынан сілтеген сойылы төрде отырған Есенеідің жауырынына тиеді. «Есенеі көзін жұмып тістеніп қалды. Баяғыда Кенесары садақшысының оғы тиген жауырын органдан соқты-ау деп ойлады. Тап сол оқ қадалған жері шаншып-шаншып қалды. Иә, ағайын деген осы да. Сойыл сілтемей отыратын күні жоқ. Қан майданда қас жауынмен қарсы тұрып алысқанын қиын ба, туысқан інінің күнде бір тырнап, күнде бір нұкып қалғаны қиын ба?..

— Тұр, Есенеі, үйге қайтайық. — Ұлпан Есенеіді тез киіндіріп, үйіне алып келді де, төсері-

не жатқызды. Есеней сол жатқаннан енді қайтып тұрған жоқ...» (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан. — Алматы: Жазушы, 1975. — 171-б.).

Байлық ол кезде де қолдың кірі болса керек, Есенейдің тұсында бес мың жылқы айдаған Мүсірептің ұрпағы Қазан төңкерісі алдында бір жылқыға қарап қалады. Ол жөнінде Ғабен өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» былай деп жазады: «Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап, кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Анда-санда орташаға жақындап шырт түкіре бастағанда әкеміз оп-оңай кедей болып қалушы еді. Бай болуды қанша ұнатқанымен, ол бір ішінде кеткен арманы болуы керек. Әр қыста бір тосып алатын жұт пен әр жылда егіздей беретін алым-салықтар кейде тұқыртып кетсе, кейде біржола тұралатып кетуші еді».

Басқалар тәнті болып таңдай қағатын солтүстіктің табиғаты: жасыл желек, жапырағы жайқалған қайың-терек біз үшін таңсық емес десек те, Елтіңжалға соққан сайын әр бұтақтың сыбдырына құлақ түресің, сыр аулайсың, өзгеше бір сезімге бөленесің, қордалы жердің бояуы қанық гүлі, ылғалға бөртіп, бұла өскен бәйтерегі Ғабен екенін сезіне түсесің. «Күлі таныс, желі таныс, суығы таныс» (Ғ. Мүсірепов) Елтіңжал кезінде оған тұғыр болып, ой-арманына, үміті мен сеніміне қанат байласа, енді, міне, халқы есімін айтып мақтанатын дара ұлдың, дана ұлдың сырлы әлеміне айналып, Ғабен ғибаратының сәулесіне шомылып тұр. Сан қырлы, күрделі тұлға, қазақ халқының өміріндегі өзгеше құбылыс — Ғабит Мүсіреповтің былайғы жұртқа беймәлім сырларына қанығамын, оның ой-иірімдеріне құлаш ұрып,

«толқынды толқын болып» қуамын деген ниетпен Елтіңжалға ат басын бұрушылар бүгін қаншалықты көп болса, келер ұрпақтың да олардың қатарын сиретпесі анық. Міне, осылай өзіне кіндігінен байланған Ғабендей перзенті барда Елтіңжал жетімсіремейді.

Рас, қазір бұл өңірде де Ғабенді көрген, кәдімгідей бір дастарханның басында отырып әңгіме-дүкен құрған жандар онша көп емес. Әрине, олардың қойындары — алтын сандық. Осындай жандардың бірі, қарт ұстаз Айдарбек Аتكелтіровпен бірнеше мәрте кездескенім бар. Кезінде туған ауылында заңғар жазушы Ғабит Мүсіреповтің мұражайын ашуға көп еңбек сіңірген Айдекең кейін шаруашылықтан береке кетіп, біраз дүние құнсызданып қалған кезде де атақты сөз зергерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты жәдігерлерді, құнды деректерді сақтап қалу жолындағы күрестің бел ортасында жүрді. Қазір ол кісі аудан орталығы — Пресновка селосында тұрады.

— Ғабен Елтіңжал десе елжіреп кететін, «әркімнің өз Елтіңжалы бар» деп өз ортасында туған топырақтың қадір-қасиеті жоғары, қымбат екенін айтып отыратын. Ол кісі кезінде өзінің шығармаларына «Елтіңжал» деп қол қойып жүріпті. Бұл да көп жайдан сыр ұқтырса керек, — деген А. Аتكелтіров бір кездескенімізде.

Елтіңжал! Иә, Ғабеннің осы сөзге көп мағына салғаны сөзсіз. Оның өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейін ел жаққа келуді жиілетуі де туған жерге деген сағыныштан десек, қателесе қоймаспыз. Осындай сапарлары кезінде Ғабен ауылдың үлкендеріне сәлемдесіп, жағдайға қаныққаннан кейін жас құрақтай

желкілдеп өсіп келе жатқан бала-шағаға ойысады екен. Осы жайында жазушының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында немересі Жанат Махмұтованың былай деп жазғаны бар: «Кеш түсе бастаса болды, бүкіл ауылдың кішкентай балаларын көшенің ортасындағы көк шөп үстіне жинап алып, бәйге, ат жарыс, күрес ұйымдастырады. Ат жарысы — шыбыққа мінген балалардың сайысы. Кішкентай қыздарды билетіп, ән айтқызуды жақсы көруші еді» («Ленин туы». 10 наурыз. 1999 ж.).

Десек те, сапарлас болғандардың бәрінің айтатын бір сөзі: Жаңажолға келгенде Ғабеннің онаша қалып ойға шоматын кездері жиі кездесетін. «Ғабен бір кезек, талма түстер, күрең кештер тұсында өзі жасында жалаң аяқ келіп, талай шомылған «Құдайқұл» көліне апарады. Біз жаппай, жамырай шомыламыз. Ал Ғабен ақ қалпағы ғана көрініп, көл ішінде мүлде ұзақ отырады. Сонда оның ойына не түседі екен?». (Ғ.Қайырбеков. Елтіңжал. — Алматы: Өнер, 1990. — 194-б.). Әрине, «үмітпен, күреспен, сеніммен қауыпшқан» ғұмырында талай тағдырлармен кездескен, қызметтес, дәмдес болған алыпты не мазалайтынын ешкім дөп басып айта алмас. Дегенмен, топшылап көруге болады. Жазушы қоғам туралы, туған елінің болашағы туралы ойларын жүрек түкпірінде аялағаны анық. Мүмкін, ол кейін мұрағаттан табылған «Күнделігіндегі» мына жолдарды Елтіңжал әсерімен жазған болар: «Дауылда, желде орманның жайқалу, теңселуі тұтасқан бір ырғағын таппаса көп құлайды. Дұрысы — бірге бір ырғақ тапқанша көбірек құлайды. Үй ішінің дем алыс тынысы да осы қатарға жатады. Үй тіршілігінің бір ырғағы та-

былмаса, керексіз кикілжің көбейе беріп, аяғында апатқа дейін апарады. Әр түрлі ызыңдар да, қозғалыстар да солай, ырғағы, үндестігі, бояулары келіспеген істің бәрі де берекесіз болады». Неткен көрегендік десеңізші! Ғабен қоғамда бір өзгерістің боларын сезгендей, сол сын сағатта ынтымақ, бірлік қана жақсылыққа бастайтынын кейінгі ұрпағына аманат етіп тұрған жоқ па?!

Оған бүкіл шығармаларына алтын арқау болып өрілген отандастарының тағдыры, адами қасиеттер, мәңгі өшпес құндылықтар жайлы ойлар да серік болғаны сөзсіз. Тағы да «Күнделікке» зер салалық: «Біреуге біреу ешбір жақсылықты көпсінбес күн қашан келер екен?»; «Өткеннен безінсеңдер, бүгінгіні жек көресіңдер, ертеңгі күнге енжар қарайсыңдар»; «Дүниеде ең қорлық та, зорлық та аяққа басылып келе жатқан нағыз қымбаттымыз — ар-ұят, әділет, шындық, сұлулық»; «Ойлап отырғаны басқа, айтқаны одан басқа, сөзі бір басқа, ісі бір басқа адам болады»; «Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр»; «Қазақ деген ел — бостандық, азаттықты сүйетін, даланы, таза ауаны сүйетін, таза суды, таза көгалды сүйетін халық... Сонша кең дүниеде жүріп, сонша тазалық дүниесінде жүріп ол елдің жан-жүрегі таза болмаса, тандануға болар еді. Жоқ, ол асқан ақкөңіл, мырза, сенгіш ел». Міне, «Күнделікке» түскен Ғабен ойлары осылай тізбектеліп кете береді.

Оймен оңаша қалғанда Ғабеннің көз алдына Елтіңжалдың баурайында өткен балалық шағы, жалшылықтың тауқыметін бірге көтерген бауырлары, құрбы-құрдастары оралуы да ғажап емес қой. Өнерге құштарлығын оятқан жақын туысы Ботпай мен оның қызы Бәтима-

ны да еске алған шығар. Бәтима туралы: «Сұлу емес, сүйкімді, елжіреген балажан, ерке жүректі адам еді. Ескі ауылда сирек кездесетін, ерекше тұратын, не ойлай қалғаны жүзіне шыға келетін нәзік сезімнің адамы еді. Сол бір жылы бейне балалық шақтың ұмытылмас сағынышы сияқты менің ойымда әлі бар, әлі сыны жоғалған жоқ», — деп жазуы тегін емес.

Сөз жоқ, ол алғашқы ұстазы Бекет Өтетілеуовтің есімі мен бейнесін де жүрек түкпірінде сақтап өтті. Бекет Өтетілеуов белгілі адам болған. «Қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы ақындарының бірі, 1913 жылы «Жиған-терген» атпен өлеңдер жинағы шыққан, демократтық бағытта болған, ауыл мектебінде үздіксіз еңбек атқарып, кеудесіне Ленин орденін қадаған, Коммунистер партиясының мүшесі, Ұлы Отан соғысынан кейін, қартаң жасында қайтыс болған». (С. Мұқанов. Біздің даму жолдарымыз. — Алматы, 1960. — 574-б.).

Міне, Ғабеннің әдебиетші болуына бірден-бір ықпал еткен адам осы Бекет Өтетілеуов екені даусыз. «Ондай жақсы оқытушыны мен кейін де сирек кездестірдім. Ол үлкен мағынада ағартушы болатын тілегі бар адам еді. Кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды... Бекет менің қисаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады» (Ғ. Мүсірепов. Таңдамалы әңгімелер. — Алматы: Мектеп, 1979).

Жазушы тағы нені ойлауы, кімді еске алуы мүмкін? Сөз жоқ, Абайды еске алады, ұлы ұста-

зымен ой бөліседі, сырласады. Осы арада сөзіміз дәлелді болуы үшін Ғабеннің белгілі сыншы, марқұм Сағат Әшімбаевқа берген бір сұхбатында ортаға салған сөздерін келтіре кетсек артық болмас. «Мен Абайды алпыс жыл бойы оқып келемін. Әрбір оқыған сайын жаңа ой тауып келемін, сол үшін де өмір бойы табынып келемін. Өзінді өзің түсінгің келсе, өзгені тереңірек танығың келсе, өмірдің терең-терең сырларына бойлағың келсе, Сұлтанмахмұт айтқандай, «Абайды оқы, ерінбе». Абай бой – түзмей, ой түзеймін дейтін адам үшін адамдық қасиеттің бірден-бір белгісі; ойланудың, ой өсірудің құралы. Абайға табынбайтын адам – ақылға табынбайтын адам», – деген-ді ол сонда.

Абай... Ғабеннің жүрегіне шок салған, от салған тағы кім бар? Ол, әрине, Мағжан. Мағжан Жұмабаев туралы оның «Күнделігінде» мынадай жолдар бар: «Заман алдында ақын тұр, ақын алдында заманы тұр. Ақынын түсінбесе заманға сын, заманын түсінбесе ақынға сын. Трагедиялық кризис тұсына кездессе, қоғамдық белгілі жағдайда қалыптасқан санасезімнің ақыны көпке дейін көндіге алмауы, қарсылық білдіруі мүмкін».

Белгілі әдебиетші, филология ғылымының докторы Бақыт Кәрібаева «Қазақ әдебиеті» газетінің 2002 жылғы 8 қарашадағы санында жазғандай, «Нәзік жанды, поэзия тәңірісі Мағжан о баста-ақ жазушы жанын жаулап, іңкәр көңілін суаттай суарып тастағандай. Әлем әдебиетінің сыр-сиқырын үздіксіз зерттеп, көркем таным тасын өрге домалата беруі де Мағжан ықпалы болуы әбден мүмкін». Иә, осы ұлы екі тұлғаның қос өрім болып тарих бәйгесіне қосылғанын айғақтайтын мысалдар жетерлік.

Ол үшін Ғабеннің Мағжан шығармашылығына ол ақталмаған кездің өзінде-ақ ден қойғанын айтсақ та жеткілікті. Ақын шығармаларын ауызға алуға болмайтын сол бір үрейлі кездің өзінде Ғ. Мүсірепов Мағжан жырларын қойын дәптеріне жазып отырған. № 337 дәптерінде Мағжан Жұмабаевтың атақты «Шолпы» өлеңінің мәтінін толық жазып, аяғына 1975 жыл деген уақытты көрсетіпті. Сол дәптерде Мағжанның «Толқын» аты өлеңінің, № 338 дәптерінде «Гүлсім ханымға» атты өлеңінің мәтіндерін жазып қойған. Мағжанға тыйым салынған қатал дәуірдің өзінде-ақ Ғабит Мүсірепов ақын шығармасының күдірет-күшіне сүйсіне, табына отырып, оны қадірлей, құрметтей білген. Сол бір аса қиын-қыстау кезеңде ешкімнен қаймықпай, сескенбей, әдебиет туралы, оның дарынды өкілдері жайлы өз жүрегінің сеніміндей ой-толғамдарын қағазға түсіріп отыруы Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасының ірілігін, дарынының биіктігін, күдіреттілігін, тазалығын, болжампаздығын, қаһармандығын танытып, дәлелдейтін болса керек» (Ә. Нарымбетов. Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерлері// «Қазақ әдебиеті», 1993 жыл).

Алыстан қарауытып көрінетін қалың орманның бауыры мың түрлі асыл шөптерімен, қызылды-жасылды гүлдерімен қалай құлпырып тұрса, жолдың орта тұсы ойдым-ойдым алаңдарымен, қарағайдай тұзу жуан-жуан ақ қайындарымен көздің жауын алады. «Едәуір ұзын орманның күнгей жағы — қалың қара шие, жортып өтсең де ат шашасын қызылға бояп жіберетін жидек пен бүлдірген. Екі жағындағы екі өзекте де жуа өседі, аралар ұялайды. Шөбі де қалың» (Ғ.Мүсірепов).

Ғабен ауылға келген сайын осы өңірді асықпай аралап, керемет бір күй кешеді екен. Бірде Елтінжалға сұғына кірген көзі шоқ қайыңның арасында өсіп тұрған жалғыз шыршаға түседі. «Бұл араға қарағай қалай келді екен, әлде біреу отырғызды ма?» — деп сұрайды Ғабен қасындағылардан.

Жұрт ан-тан. «Айдалаға кім қарағай отырғызады? Табиғаттың тағы бір құпиясы да...» Ғабен жас шыршадан көзін ала алмай біраз тұрады да, Алматыдан өзімен бірге келген інілері Максұт Әубәкіров пен сазгер Жоламан Тұрсынбаевқа: «Сәукеле, шапай, бүрмелі көйлек киген сұлу бойжеткендей сыланып тұрған мына қыз-қарағайға бір ән жазыңдар», — дейді.

Ағаның сөзін інілері екі еткен бе, кешікпей ән жазылып, оны 1981 жылдың қазан айында қазақтың бұлбұл атанып кеткен атақты әнші Бибігүл Төлегенова республикалық радиодан орындайды.

Осы арада Ғабеннің ықыласына бөленген Максұт Әубәкіров пен Жоламан Тұрсынбаев туралы аз-маз әңгімелей кетуді жөн көріп отырмын. Бұл екеуі де Елтінжалға Ғабене еріп талай келген. Сол кездері сырттай қарап, қызығушы едік, кейін жақынырақ танысудың сәті түсті. Оның өзі — бір қызық әңгіме. Кеңес заманында Алматыда басшы қызметкерлерді даярлайтын жоғары партия мектебі болды. Сол мектептің жанындағы біліктілікті арттыру курсына жергілікті партия, кеңес қызметкерлерімен бірге журналистер де барып жүрді.

Бірде Алматыға қызмет арқылы танысып, кейін туыстай болып кеткен Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің партиялық жұмыс бөлімінің нұсқаушысы Сайын Есенғұ-

ловпен жолымыз бірге түсті. Түске дейін дәріс тыңдаймыз, бос уақытта қала аралаймыз. Жоғары оқу орнын Алматыда тәмамдаған Сайын қаланы бес саусағындай біледі. Оның үстіне кезінде бір мектепте оқып, кейін бір ұжымда бірге қызмет істеген Шашубай Малдыбаев осында оқып жатыр. Қолы босаса болды, ол да бізге қосылып кетеді. Осылай өтіп жатқан күндердің бірінде Шашубай біздің бөлмемізге өзіміз шамалас бір жігітті ертіп келіп: «Жоламан Тұрсынбаев, біздің жерлесіміз», — деп таныстырды. Сайын танымаса да мен оны сырттай жақсы білетінмін. Есіл (бұрынғы Ленин) ауданындағы Жекекөл ауылының тумасы, Петропавл педагогика училищесінің музыка бөлімін, кейін Алматыдағы музыкалық консерваторияны тәмамдаған, КСРО Композиторлар одағының мүшесі.

Сайын да, мен де бірден ашыла қоймайтын тұйық жандармыз. Ал Жоламан ашық екен, ашық болғанда да, кәдімгідей төбеден түскендей қойып қалады. Ол қоштасарда: «Жерлес болып шықтындар ғой, алдағы бейсенбі күні біздікіне қонаққа келіндер», — деді. Сайын екеуіміз аң-таң болған күйі қала бердік.

— Өзі қызық жігіт екен, — дейді Сайын. — Айшай жоқ, қонаққа шақырып кетті ғой.

— Рас, алдымен үйдегі кісімен ақылдасып алмай ма?

— Соған қарағанда, жай айта салған сөз болуы да мүмкін...

Бейсенбі де келді. Таңертең сабаққа бармақшы болып жиналып жатыр едік, телефон шылдыр ете қалды. Ар жақтан дауыс саңкылдап естіліп тұр: «Жоламанмын», — дейді. Сайын, сірә, Жоламанмен танысқанын ұмытып қалған

ба, «кім, кім?» деп қайта-қайта сұрайды. Трубканы орнына қойған соң:

— Әнеугі жігіт, сағат жетіден кешікпендер деп жатыр, — деді.

— Үйінің адресін айтты ма?

— Шашубай біледі, сол алып келеді деді.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді ғой, Сайын сияқты мен де қонаққа кешігуді білмеймін. Айтылған уақытта Жоламан үйінің табалдырығынан аттадық. Құшағын жайып, алдымыздан шықты, зайыбымен таныстырды. Ол кісі: «Жаңа пәтерге жуырда ғана көшіп едік, әлі жинап та үлгере алмай жатырмыз», — деп ақтала сөйледі.

Қонақ бөлмеге оздық. Столды есіктен төрге дейін жасап тастапты. Сайын: «Бізден басқа да қонақтар бар сияқты ғой», — деп жатыр. Кешікпей тағы екі кісі келді. Дастарханның басына отырғаннан кейін үй иесі оларды бізге, бізді оларға таныстырды. Ұзын бойлы, ақсары кісі Максұт Әубәкіров екен, ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сектор меңгерушісі болуы керек, аты-жөнін айтқаннан кейін Сайынды бірден тани кетті. Қасындағы орта бойлы, жұқалтаң келген, қара торы жігіт ағасы, ол да біздің жерлесіміз, ақын Жарасбай Нұрқанов болып шықты.

— Жөке, дастарханды кең жайыпсың ғой, тағы да біреулер келуші ме еді? — деді Мәкен.

— Жок, жерлестер кең отырайық дегенім ғой.

Расында да, сол кеште Жөкең үйінде кең де ұзақ отырдық. Қазақ «Аузын ашса, көмекейі көрінеді» дейтіндей, ақкөңіл жан екен, барын аузымызға тосып, кеткенше бәйек болды. Жайшылықта біреуге баға беруге келгенде асыға қоймайтын Сәкең таксиге отырып жатып: «Өзі бір ер жігіт екен», — деді.

Жоламан Тұрсынов, шынында да, ер жігіт екен. Оған кейін көзім талай рет жетті. Астана Алматыдан Ақмолаға ауысқанна кейін біздің қарым-қатынасымыз тіпті жиілей түсті. Мәдениет және ақпарат министрлігінде жауапты қызмет істейтін Жөкең елге келген сайын хабарласпай кетпейтін.

Жоламан Тұрсынбаев — күрделі дүниелер жазған, еліміздің музыка әлеміндегі белгілі тұлға. Оны алматылықтар, астаналықтар жақсы біледі. Бір қызығы, оның есімі өзінің жерлестеріне жақсы таныс емес. Маған осы бір жай үлкен олқылық сияқты көрінуші еді. Соның орнына толтырсам деген ниетпен Жөкеңнің алпыс жылдығы қарсаңында (2005 ж.) облыс әкіміне хат жазып, елімізге белгілі композитордың шығармашылық кешін өткізу туралы ұсыныс жасаған едім. Алайда, неге екенін білмеймін, қолдау болмады. Өзгелерге келгенде шашылып-төгілуге даяр тұратын мәдениеттің тізгінін ұстап отығандардың дәл сол жолы тарылып, өз ұлын өзекке тепкеніне әлі күнге өкінемін.

«Қыз-қарағайдың» сөзін жазған Мақсұт Әубәкіров те өте білімді, сан-қырлы талант иесі еді. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстан телерадиокорпорациясының төрағасы болып тағайындалған марқұм Сағат Әшімбаев оны өзіне бірінші орынбасар етіп алды. Мен Мәкеңмен нақ осы кезде жиі араласа бастадым. Оған себеп болған — төрағамыз Сағат Әшімбаевтың өзі. Ол кісі біздің облыста іссапарда болған кезде үш күн қасына еріп жүріп, біраз жайға қаныққан едім. Сәкең Алматыға қайтарында, Қызылжар әуежайының басында: «Қызметке шақырсам, Алматыға келесің бе?» — деп маған

күтпеген сауал тастады. Капелімде не дерімді білмей жауаптан тосылып қалдым. Кейін осы мәселе бойынша Мәкеңе тапсырма беріп, маған хабарласуын сұрапты. Мен Мәкеңе үйреніп қалған ортамды тастап, Алматыға баруға жүрексінетінімді жеткіздім. Ол кісі де: «Ойлан, бір шешімге келіп жатсаң хабарлас, кештік етпейді», — деп мені асықтырған жоқ.

Ақыры не керек, сол кісілердің қолдауымен Қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалдым. Қазақ радиосының 60 жылдығына орай Алматыда өткізілген салтанатта Абай атындағы театрдың фойесінде кездесіп қалған Сәкеннің бұрылып келіп: «Алматыға келмесең де біздің ұжымға мүше болдың, таяуда Петропавлға келемін, сонда ақылдасамыз», — дегені әлі күнге есімде. Осы бір жылы сөздерге төбем көкке жеткендей қатты қуандым. Алайда, тағдыр бізге қайта кездесуді жазбапты. Кешікпей сұм ажал қазақтың тағы бір аяулы ұлын арамыздан алып кетті.

Өкінішке орай Мақсұт Әубәкіровтің өмірі де қысқа болды. Бірақ есімі ұмытылып жатқан жоқ, «Қыз-қарағайы» қазақтың кең даласын шарлап жүр.

*Ауылында бар ағаның қыз-қарағай,
Тал бойында бір мін жоқ қыз баладай.
Ақ балтырлы аққайың арасында,
Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.
Қыз-қарағай, қыз-қарағай...
Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.*

...Қыс өтіп, көктем келді. Жер-дүние жасырып, жайнайтын, табиғат түлейтін кез. Елтің-

жалдың да бүгінгі рені өзгеше. Ол ертең тіпті құлпырады. Жапырағы жайқалған қайың-терек сыбдыр қағып, наурызда туған науан ұлға сағынышын жеткізеді.

МАЗМҰНЫ

ГҮЛТӨБЕ	3
СЫРЫМБЕТ	20
АЮТАС	53
САСЫҚКӨЛ	69
ЖАЛҒЫЗТАУ	87
ЖАМАНШҰБАР	113
ЕЛТІНЖАЛ	137

Жарасбай Сүлейменов

ДАЛА-БЕСІК

Редакторы Қуат Құрмансейіт

Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова

Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқаров

Корректоры Сәуле Қанапина

Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек

Басуға 10.05.09. қол қойылды.
Пішімі 84x100 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 10.
Тапсырыс №0113. Таралымы 2000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 9965-35-707-2



9 789965 357077

«Фолиант» баспасының баспаханасында
басылды



Жарасбай Қабдоллаұлы Сүлейменов

1949 жылдың 9 шілдесінде Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданына қарасты Балуан ауылында дүниеге келді.

Еңбек жолын өзінің туған ауылында шопан, тракторшы болып бастаған Ж.Қ. Сүлейменов әскери міндетін өтегеннен кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне кіші әдеби қызметкер болып орналасты. Кейін осы газетте әдеби қызметкер, тілші, бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарды.

1987-2003 жылдар аралығында «Қазақстан теледидары мен радиосы корпорациясы» жүйесінде қызмет істеді. Солтүстік Қазақстан облыстық радиосы бас редакторының орынбасары, бас редакторы, Қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясының ақпараттар бағдарламасының жетекшісі, бас редакторы, директордың орынбасары болды.

2003 жылдың мамыр айында «Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының» директоры-бас редакторы болып тағайындалды.

2007 жылғы 18 тамызда «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының тізімі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

Ж.Қ. Сүлейменов – «Мағжан» деп аталатын әдеби-көркем көпшілік журналының бас редакторы.

Шығармалары республикалық мерзімді басылым беттерінде жарияланып жүр. «Көмескі із», «Еменнің иір бұтағы», «Сөнбейтін шырақ» әңгімелер мен повестер, эсселер кітаптарының авторы.

Екінші дәрежелі «Достық» орденімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» медальдарымен марапатталған, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.